Английские экономические термины, характеризующиеся метафоричностью, отличаются не только своей яркостью, выразительностью и образностью, но и простотой передачи информации в более доступной для адресата форме, можно объяснить сложные экономические явления посредством более простых явлений. Роль метафоры в возникновении новых экономических терминов огромна, так как при метафоризации из естественного языка берется слово, значение которого в некотором отношении аналогично определяемому понятию; затем оно «нагружается» новым значением, зафиксированным в определении термина.

В данной статье мы рассмотрим специфику английских экономических терминов с метафорической основой и способы их перевода на русский язык. Материалом для нашего исследования послужили 1200 терминов, извлеченных из специальных (экономических) словарей

методом сплошной выборки.

Английская терминология из сферы экономики отражает специфику и особенности менталитета и мировоззрения при номинации отдельных феноменов и фактов. Среди наиболее ярких примеров особо следует отметить такие национально-маркированные термины, как **samurai bond – облигация "самурай"**, **самурайская облигация** (выраженная в иенах облигация, выпущенная в Японии иностран-ным заемщиком), **yankee bond – облигация янки** (выраженная в долларах США облигация, эмитированная в США иностранным заемщиком). В приведенных примерах вполне очевиден оттенок пренебрежи-тельности, противопоставления чужому, так как использованы стилистически и оценочно маркированные прилагательные – samurai, yankee – вместо нейтральных – Japanese и American.

К числу подобных терминов также относятся термины, образность которых имеет сложную основу, представляющую собой комбинацию метафорического и метонимического переноса, ср.: **geisha bond – облигация "гейша"** (облигация, размещенная на территории Японии, но выраженная не в иенах, а в другой валюте; обычно речь идет о размещенных в Японии долларовых облигациях иностранных заемщи-ков); **harakiri bond – очень рискованная облигация**; **kamikaze bond – рискованная акция**; **рискован-ная облигация**; **kangaroo bond – облигация "кенгуру"** (облигация, номинированная в австралийских долларах, выпущенная на австралийском рынке иностранным заемщиком); **sushi bond – облигация "суши"** ("суши") (еврооблигация, выпущенная японскими заемщиками и предназначенная для размещения главным образом среди японских инвесторов); **dragon bond – облигация "дракон"** (евро-долларовая облигация, выпущенная на рынок одной из быстро развивающихся азиатских стран и имеющая листинг на какой-л. азиатской бирже, обычно в Сингапуре или Гонконге); **bulldog bond – "бульдожья" облига-ция** (облигация в фунтах стерлингов, эмитированная в Великобритании иностранным заемщиком); **matilda bond – облигация "матильда"** (облигация, выпущенная иностранным заемщиком в Австралии в австралийских долларах; впоследствии может также обращаться и за пределами Австралии); **taiga bonds – облигации "тайга"** (облигации Минфина России в долларах США, выпущенные в 1993 г. для урегулирования валютного долга Внешэкономбанка СССР перед российскими физическими и юридически-ми лицами); **kamikaze pricing – самоубийственное ценообразование** (стратегия установления цен на уровне, близком к убыточному, для вытеснения конкурентов с рынка); **tiger economy – экономика динамично развивающихся государств, экономика стран -"тигров"** (таких, как Сингапур, Тайвань или Южная Корея); **Chinese wall – китайская стена, принцип китайских стен** (разделение функций и информации между собственно брокерским отделом брокерской компании и отделом маркет-мейкеров во избежание злоупотреблений брокерами внутренней информацией маркет-мейкеров). Данные термины несут в себе яркую национально-культурную окраску, что обуславливает необходимость фоновых знаний в данной сфере для получения адекватного результата перевода.

При переводе также необходимо знание историко-культурного фона, в частности, при переводе таких словосочетаний, как **Lady Macbeth strategy – стратегия леди Макбет** (стратегия поглощения, при которой третье лицо делает компании-цели более выгодное предложение, чем первоначальный (враждебный) претендент на покупку компании, а затем объединяется с враждебным претендентом на покупку компании); **Goldilocks economy – экономика "золотой середины"** (экономика стран с устойчивым ростом и естественным уровнем инфляции; дословно "экономика Златовласки" – по мотивам сказки о Златовласке и трех медведях, в которой героиня пробует кашу самого маленького медвежонка и она оказывается не слишком горячей и не слишком холодной); **gentleman's agreement – джентльменское соглашение** (неформальное соглашение, основанное на доверии партнеров и не оформленное документально); **Sleeping Beauty – "спящая красавица"** (привлекательная для поглоще-ния компания, которой пока еще не делалось предложений о поглощении). Существует также целый ряд образных экономических терминов, первоначальная основа образности которых затемнена и практически не поддается истолкованию: **teddy bear hug – "объятия плюшевого медведя"** (ситуация, когда компа-ния-цель в целом соглашается на предложение о поглощении, но настаивает на повышении цены). Отсутствие фоновых знаний у переводчика в данной сфере может затруднить процесс перевода термина и ставит под сомнение адекватность перевода.

При переводе метафоричной терминологии могут использоваться следующие способы и приемы:

1) поиск лексического эквивалента: **fair price** (дословно: справедливая цена)– **разумная цена, подхо-дящая цена** (цена, обеспечивающая достаточную прибыль); **sweetheart deal – любовная сделка** (предложение слияния на очень выгодных условиях; тем не менее, не всегда поддерживается акционера-ми компании-цели, так как в случае слияния менеджерам могут быть предложены различные выплаты, в то время как акционеры могут понести убытки; если сделка оформляется несмотря на протесты акционеров, спор может быть решен в судебном порядке); **cram-down deal – навязанная [вынужден-ная] сделка** (сделка по приобретению или поглощению компании, проводимая

на неблагоприятных условиях, которые существующие акционеры вынуждены принять за отсутствием лучших альтернатив (напр., может иметься в виду оплата акций мусорными облигациями, а не наличными); **captive fund** (дословно: плененный фонд) – дочерний фонд (инвестиционный фонд, входящий в финансово-промышленную группу либо контролируемый крупным финансовым учреждением или страховой компанией); **cash poor** – испытывающий дефицит наличности; **stale check** (дословно: несвежий чек) – просроченный чек (чек, не предъявленный к оплате в течение 6 месяцев); **traveller's check** (дословно: чек путешественника) – дорожный чек; **credit recovery** (дословно: выздоровление/восстановление кредита) – возвратность кредита; **frontier price** (дословно: пограничная цена) – предельная цена (при определении цены продукта: самая низкая цена на продукт конкурентов, имеющий такую же функциональность); **windfall profit** (дословно: прибыль, сбитая ветром) – внезапная прибыль; **split-fee option** – опцион с двухуровневой премией (опцион на опцион; при покупке опциона покупатель уплачивает первоначальную премию, причем в контракте заранее оговаривается определенный период, в конце которого (но до истечения срока опциона) покупатель может уплатить вторую часть премии и тем самым продлить опцион на заранее оговоренный срок).

2) калькирование: **sister company** – сестринская компания (одна дочерняя компания по отношению к другой дочерней компании одной и той же материнской компании); **asset stripper** – обдиратель [отдели-тель] активов (физическое или юридическое лицо, приобретающее недооцененную на рынке компанию с намерением впоследствии распродать часть ее активов); **naked position** – "голая" [непокрытая] позиция (рыночная позиция, которая не защищена от ценового риска; например, позиция продавца опциона "колл", не имеющего лежащего в основе опциона актива); **umbrella fund** – зонтичный фонд (инвестиционный фонд, состоящий из нескольких субфондов, имеющих одного и того же учредителя и обычно отличающихся друг от друга направлениями инвестирования в те или иные секторы рынка или различными типами инвестиций); **money overhang** – денежный навес (деньги, накопленные населением вследствие отсутствия в экономике достаточного количества товаров, на которые можно было бы эти деньги потратить, и отсутствия соответствующего роста цен; данное явление является признаком скрытой инфляции и, как правило, возникает в условиях административного ценообразования); **price flexibility** – гибкость [эластичность] цен (способность цен меняться при изменении спроса, предложение либо других экономических факторов); **debt trap** – долговая ловушка (ситуация, когда должник, формально оставаясь платежеспособным, с трудом осуществляет платежи в счет обслуживания долга и вынужден прибегать к дополнительным займам, чтобы поддерживать свое существование); **debt burden** – долговое бремя, бремя долгов [долга, задолженности] (общая сумма процентных платежей и платежей в счет погашения основной суммы долга данного физического или юридического лица; может выражаться в процентах к стоимости активов данного лица или величине его доходов); **bond washing** – стирка облигаций (покупка облигаций после выплаты процентов по ним и продажа незадолго перед выплатой очередных процентов с целью избежания уплаты налога на процентный доход и получения необлагаемого налогом дохода от прироста капитала); **credit reins** – кредитные вожжи (ограничительные инструменты денежно-кредитной политики, т. е. инструменты государственного регулирования, направленные на ограничение объемов кредитования и тем самым уменьшение предложения денег); **bailout bond** – облигация спасения (облигация, выпущенная Финансовой корпорацией по урегулированию для финансирования операции по поддержке ссудно-сберегательных учреждений, испытывающих финансовые трудности; такие облигации выпускались с 1989.); **asset freezing** – замораживание активов (замораживание активов (элемент налогового планирования, направленный на отделение прироста актива от собственности данного налогоплательщика; напр., доходы от полученной и инвестированной ссуды являются приростом активов для заемщика, но не для кредитора); **exotic currency** – экзотическая валюта (валюта, с которой редко совершаются сделки); **viral marketing** – "вирусный маркетинг" (использующий в своей практике принципы, аналогичные тем, на которых основана работа компьютерных вирусов); **tax shelter** – "налоговое убежище" (законный способ уменьшить суммы выплачиваемых налогов); **speculative bubble** – спекулятивный пузырь (отклонение (обычно превышение) цены актива от ее уровня, определяемого фундаментальными экономическими факторами, как правило, в результате спекулятивной игры).

3) лексические замены (конкретизация, генерализация): **easy price** (дословно: легкая цена) – льготная цена; **near-money** (дословно: почти деньги) – субститут денег (финансовые активы, которые, не являясь средством обогащения, могут быть легко превращены в деньги); **ready money** (дословно: готовые деньги – наличные деньги); **inactive money** (дословно: неактивные деньги) – неходовая валюта; **backdoor financing** (дословно: финансирование через черный ход) – закулисное финансирование, финансирование в обход бюджета (способ получения государственных



агентствами дополнительных средств помимо бюджетных для осуществления своей деятельности; напр., финансирование государственных программ, не утвержденных конгрессом; как правило, подразумевает заимствование средств напрямую у Министерства финансов США); **bullet strategy** (дословно: залповая стратегия) – **точечная стратегия** (стратегия составления портфеля ценных бумаг, при которой портфель состоит только из долгосрочных или только из краткосрочных бумаг); **dead account** (дословно: мертвый счет) – **заблокированный счет; недействующий счет**).

4) описательный перевод: **bridge financing** (дословно: финансирование, перекинутое через мост) – **промежуточное [предварительное, временное, переходное] финансирование** (краткосрочное финансирование, предназначенное для покрытия денежных потребностей до тех пор, пока не будет осуществлено привлечение дополнительных денежных средств на долгосрочной основе, напр., пока не будет заключен долгосрочный кредитный договор и т.д.); **street price** (дословно: уличная цена) – **цена акций вне фондовой биржи; debt ceiling** (дословно: долговой потолок) – **предельная сумма задолженности; price-nursing** (дословно: ценовая забота) – **поддержание стабильности курса ценной бумаги путём рыночных операций; dead wood patent** (дословно: сухостойный патент) – **неэксплуатируемый патент; company bull** (дословно: бык компании) – **детектив или охранник, работающий на частную фирму; dishonoured check** (дословный перевод - обесчещенный чек) – **чек, не принятый к оплате** (например, в связи с тем, что на счете плательщика нет достаточного количества средств); **floating account** (дословно: плавающий счет) – **счет по инкассо внегородских чеков; go-go fund** (дословно: энергичный фонд) – **инвестиционный фонд, используемый для рискованных спекуляций на фондовой бирже; curb security** (дословно: акция на обочине) – **акция, не зарегистрированная на фондовой бирже; digested securities** (дословно: переваренные ценные бумаги) – **ценные бумаги, купленные окончательным инвестором с целью получения регулярного дохода;**

**house account** (дословно: домашний счет) – **счет, ведущийся в штаб-квартире брокерской компании; matured debt** (дословно: созревший долг) – **долг, подлежащий оплате.**

Проанализировав ряд метафоричных экономических терминов относительно использования различных переводческих способов и приемов, можно определенно утверждать, что все английские метафоричные экономические термины можно переводить на русский язык всеми вышеперечисленными переводческими приемами. Однако выбор этих приемов и способов будет зависеть от различных факторов, в большинстве случаев, знания этнических стереотипов и историко-культурологического фона и языковой картины мира исходного языка.

Применительно к исследованному нами массиву терминов можно утверждать, что прием калькирования занимает доминирующее положение по отношению к остальным видам (подсчеты показали, что из 1200 терминов около 40% переведено с помощью данного приема). Выбор между лексической заменой и поиском лексического эквивалента бывает не всегда оправданным и точным, так как граница между ними прозрачна и тонка. Что касается описательного приема, то он, в целом, используется в случае отсутствия таких реалий в переводимом языке. Однако практика показывает, что калькирование и описание используются одновременно для полного раскрытия значения метафоричных экономических терминов исходного языка.

1. Тер-Минасова С.Г. *Язык и межкультурная коммуникация*. - Слово/SLOVO – М., 2000 – 239 с.

2. Булычева В.П. *Образные экономические термины (на материале тематической группы «животный мир»)*. // Вестник ВГУ, серия: лингвистика и межкультурная коммуникация, 2008 - №3 – С. 56-59.

3. Бородулина Н.Ю. и Гуляева Е.А. *Метафора как средство смыслопостроения в экономическом тексте*. // Вестник Челябинского государственного университета. 2009. 13(151). Филология. Искусствоведение. Вып. 31. – С. 25-29.

4. Фёдоров Б. Г. *Англо-русский толковый словарь валютно-кредитных терминов*. – М.: Финансы и статистика, 1992 – 240 с.

5. Фёдоров Б. Г. *Англо-русский банковский энциклопедический словарь*. – СПб.: Лимбус Пресс, 1995 – 496 с.

### Түйін

Терминдерге қойылатын эмоциалық және бейнелілік бейтараптық атты талапқа қарамастан, метафора экономикалық терминологияда кеңінен қолданылады.

Бұл мақала ағылшын метафоралық экономикалық терминдерін жан-жақты зерттеуге және осы терминдерді орыс тіліне аудару кезіндегі қолданылатын әр түрлі аудару тәсілдерін қарастыруға арналған. Осындай терминдерді аудару ісі үрдісінде туындайтын қиыншылықтар ағылшын халқының тарихына, мәдениетіне және ұлттық ерекшеліктеріне байланысты екендігі мақалада ашып көрсетіледі.

### Summary

Metaphors are widely used in economic terminology despite such a requirement as emotional and figurativeness neutrality.

This article is devoted to the thorough analysis of metaphorical economic terms and study of various translation methods used in the process of translation of these terms into the Russian language. The article explains the difficulties arising in the process of translation with regard to historical, cultural and national specifics of the English nation.

## ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІН ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ АУДАРУ МӘСЕЛЕСІ

А.М. Сихимова – магистрант

Қай кезде болмасын халық аузында байырдан қалыптасып, жазушы шығармаларында үлгі, өнеге беру үшін қолданылатын мақал-мәтелдерді аудару қиын да күрделі мәселелердің бірі.

Әдеби шығарманың, қазақ фольклорының құрылым жүйесі, образдылығы, мазмұны, стилі, тілі секілді көркемдік құбылыстармен бірге мақал-мәтелдерді аудару біліктілікті, білімділікті, шешенділікті талап ететін дүние. Оларды аударуда қатаң талап қойылады. Бір қарағанда мақал-мәтел аударуға көнбіс. Сол көнбістік бұлжытпай орындалуға тиісті көптеген талап тілектерді алға тартқан. Осы талаптарды қазақ аударма ғылымының қалыптасып дамуына едәуір ықпалын тигізген Қ.Сағындықов түрлі тұрақты тіркес-терді, оның ішінде мақал-мәтелдерді қазақ тіліне аудару мәселесін зерттей отырып алға қояды. Олар мыналар-мағыналық дәлдік, образдылық, ауыспалы мағыналы, әсерлі, әлі ұйқасты болу т.б.

Сонымен, аталмыш автор принциптері мен еңбектерін талдай келе мақал-мәтелдерді қазақ тілінде берудің тәсілдерін жалпы үш топқа бөліп қараймыз.

**Бірінші тәсіл.** Бұл тәсіл бойынша мақал-мәтелдер құрамындағы сөздердің заттық және бейнелі мағынасына қоса олардың құрылыс пішінін, астарлы мәнін де толық сақтап аудару мүмкін екенін көреміз. Қазақ тілінде білімге қатысты айтылған мақал-мәтелге назар аударсақ:

*Білім – қуат.*

*Знание – сила.*

*Knowledge is power*

Мұнда қысқа әрі нұсқа түсіндірілген. Әрбір сөз тіпті өз орналасуын өзгертпестен сол қалпында берілген. Қазақ және орыс тілдерінде негізгі сөздердің екеуі де зат есім болып белгіленсе, ағылшын нұсқасын да to be (is) етістігі арқылы көрсетіліп тұр. Яғни бұл мақал-мәтел сәтті әрі сапалы берілген.

Мақал-мәтелдер сонымен қатар тек мақал-мәтелдер кітабында жинақ ретінде берілмей, кез-келген даналық ойды білдіретін көркем шығармаларда да автор тарапынан қолданылып жатады. Мысалы атақты жазушы М.Жұмабаевтың “Шолпанның күнәсі” атты шығармасында балаға қатысты халық аузында ең көп қолданылатын мақал-мәтелдердің бірі берілген: “*Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар*”. Шығарма негізінен орыс және ағылшын тілдеріне аударылған. Сондықтан да мақалдың аудармасын салыстыруға әбден мүмкін. Мысалы Ә.Қодар дәл осы мақалдың аудармасын былай береді: “*Дом с детьми – ярмарка, а дом без детей – могила*”. Осы мақал Хасенов аудармасында: “*Дом с детьми – базар, дом без детей – мазар*” деп аударған. Бұл мақал-мәтел қазақ халқына тән, осы халықтың төл макалы десек те болады. Себебі бәрімізге белгілі қазақ халқы бұрыннан баланы ең асыл жаратылыс, ұрпақ жалғасы деп біледі. Қодар аудармасында мақал толығымен аударылған. Аудармашының түсінуінше ондағы “*базар*” сөзі “*ярмарка*”, “*мазар*” сөзі “*могила*” деп аударылады. Егер бұларды жай сөз ретінде алып қарайтын болсақ, аудармашы орысша аудармасын дұрыс берген. Бірақ, ол жерде жай ғана сөздер емес, үлкен астарылы, терең мағынаны беретін мақалдың тұрғанын естен шығармауымыз қажет. Бұл жағдайда “*базар*”, “*мазар*” сөздері мақалдың төркінін ашатын, негізгі ұйтқы сөздер болып тұрғанын ескереміз. Сонымен қатар айтылуы әрі естілуі жағынан да мұнда М.Әлімбаевтың зерттеуіне жүгіне отырып, сөз ұйқасының, яғни негізгі ұйқас, ішкі ұйқас бар екендігін байқаймыз. Осы орайда сөз мағынасы мен ұйқасын сақтай отырып аударған Хасенов нұсқасы түпнұсқаға жақын келетіндігін көреміз. Хасенов мақалдың ұлттық бояуы мен сипатын сақтап қалған. Әрине, себебі бұл шығарма төл тілімізде жазылып, қазақ халқының тұрмыс тіршілігін көрсетіп отырған жайы бар. Сондықтан да аудармасында да осы колорит сақталуы тиіс деп санаймыз. Бұл мақал-мәтел Н.Богословскаяның ағылшын тіліндегі нұсқасында “*Home with children is a bazaar, and without is a grave*” деп аударылған. Қарап отырсақ аудармашы “*базар*” сөзін реалий ретінде сақтап тек транслиттерация бойынша беріп отыр. Ағылшын халқында саудамен айналысатын жерді “*shop*” немесе “*store*” деп атайды. Алайда сол халық ұғымында бұл сөздермен қалыптасқан ой қазақ халқында қалыптасқан “*базар*” сөзінің ұғымынан әлдеқайда алшақ жатыр. Сондықтан да бұл мақалда “*базар*”

сөзін алмастыру мақалдың толықтай мазмұнын өзгертіп, түсініксіз етіп жіберетін еді. Мұның өзі қазақ мақалындағы осы сөздердің ерекше орын алатындығын, әрі рөлі зор екендігін байқатады. Түпнұсқадағы “мазар” сөзін аудармашы ағылшын тіліндегі “grave” сөзімен аударып берген. Яғни ағылшын халқында “мазар” сөзіне қатысты ұғым қалыптасқан.

**Екінші тәсіл.** Мұнда мақал-мәтелдің мағынасы сай келгенмен, бейнелеу тәсілі сай келмейді. Яғни мақалда айтылатын ой, мазмұн бір бейнелі сөздермен беріледі. Былайша айтқанда, бұл жағдайда мақал-мәтелдердің мазмұны сақталады да формасына өзгеріс енгізіледі. Өйткені олардың құрамындағы кейбір компоненттердің заттық мағынасын өзгертуге тура келеді. Мысалы салтқа қатысты айтылған мақал-мәтел:

*Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа*

*Сколько стран, столько обычаев.*

*Every country has it's customs*

Бұл мақал-мәтелде айтылып жатқан ой мен беріліп жатқан мағына бір. Мақал-мәтелдің мазмұны сақталған. Бірақ оның берілудегі формасы өзгерген. Мысалы, қазақша нұсқасындағы екінші жартысы итке қатысты, алайда негізгі ой салт пен елге қатысты айтылған. Орыс және ағылшын нұсқаларында да ой ел мен салтқа қатысты болып тұр. Тек, онда қазақша нұсқада берілген мақал-мәтелдің екінші жартысы түсіп қалып, өзгеріске ұшырап тұр.

**Үшінші тәсіл.** Орыс, ағылшын мақал-мәтелдерінің көбінің қазақ тіліндегі баламасын табуға болады. Яғни тіршілік, дүние, болмыс, табиғат жайындағы ортақ түсінікке орай және күнделікті тұрмыстық, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің ұқсастығына сай бірінен-бірін ажыратып алғысыз егіздің сыңарындай мақал-мәтел-дерді қай халықтан да көптеп кездестіруге болатыны айқын. Мысалы:

Махаббат тақырыбында айтылған мақал-мәтел:

*Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу*

*Не по хорошему мил, а по милу хорош.*

*Beauty lies in lovers eyes*

Мақал-мәтелдің құрылымына келер болсақ, байқағанымыздай қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер ұйқасқа, сөздердің үндесуіне қатысты құралады. Бұл жерде қазақ нұсқасы “с” әрпі арқылы стилистикалық жүйе бойынша аллитерацияға ұшырап тұр. Демек, мақалды айтқанда “с” әрпінен құралған сөздер арқылы мақал-мәтел ырғаққа еніп құлаққа жағымды естіледі. Мұның өзі мақал-мәтелдің тек мазмұнын ғана ашып қана қоймай, осы арқылы үндестікті, ұйқастықты жеткізеді. Осы орайда интонацияның да атқаратын рөлі зор екенін айтамыз. Орысша нұсқасында бұл ерекшелік сақталған, сонымен қатар мазмұны жағынан да сәйкес келеді. Ағылшынша нұсқасын қазақшаға қайта аударсақ “Сұлулық гашықтар көзінен байқалады” деп беріледі. Дегенмен, мұнда да сұлулықтың махаббатқа қатысты екенін байқап, мазмұны жағынан сәйкес екенін көреміз.

*Өлі арыстаннан тірі тышқан артық*

*Лучше синица в руках, чем журавль в небе.*

*A bird in the hand is worth two in the bush*

Бұл мақал-мәтел қанағатқа қатысты айтылған. Мысалы, қазақша нұсқасында өлі арыстан мен тірі тышқанды салыстыра отырып адамды қанағат етіп жүруге тәрбиелейді. Үш нұсқада да мақал-мәтелдер салыстыру, салғастыру формасында берілген. Орыс нұсқасында “тышқан” мен “арыстан” рөлінде “синица” мен “журавль” тұр. Ал ағылшын нұсқасы екі нұсқаға қарағанда формасы жағынан өзгеше. Мұнда салыстыруды сан арқылы беріп отыр. Аударатын болсақ: “Қолда тұрған бір құс шөп арасындағы екі құстан артық” деп беріледі.

Көптеген мақал-мәтелдерді дәл аударғанда ауызекі сөйлеу тіліне тән тірілігінен және афористік бояуынан, астарлы мағынасынан айырмай аудару қажет. Бұл жағдайда эквивалент болып келген мақал-мәтел-дерде осы қасиеттердің бәрі дерлік жеткізіледі. Осылай аударманың әр салада, әсіресе көркем аудармада аудай қажетті екенін көрдік. Аударма осы заманның өз мұқтажына сай туған өнер. Оның мәселелерін қарастыру деген сөз – дүние жүзі халықтарының ынтымақ, бірлігінің жаршысы болу деген сөз.

1. Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. – Алматы, 1973.

2. Тұрманжанов Ө. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы: Ана тілі, 1997.

3. Kuskovskaya S. English proverbs and sayings. – Minsk, 1987.

4. Ахметова С.Г. Словарь английских пословиц, поговорок, фразеологических единиц и способов их передачи. – Алматы: “Мектеп”, 2009.

5. Arnold I.V. “The English Word and Proverb”. – М.: Высшая школа.

6. Новый большой англо-русский словарь. Под общ. Ред. Апресяна Ю.Д. – М.: Русский язык, 2000. Т.1.

### Резюме

В данной статье рассматривается проблема перевода казахских, русских и английских пословиц по их структурно-ным особенностям.

### Summary

In the article the problem of translation of Kazakh Russian and English proverbs according to their structural peculiarities is considered.

## «КӨЗ» КОНЦЕПТІСІНІҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

**А.К. Құдайбергенова – магистрант**

Тіл білімінде концепт мәселесінің зерттелу өзектілігі тіл, ойлау мен мәдениеттің өзара қатынасы проблемасын одан әрі зерттеу, сондай-ақ, әлем бейнесінің фрагменттерін олардың тілдік репрезентациясы арқылы зерделеудің маңыздылығына байланысты. Осы тұрғыдан алғанда «көз» концептісін әлемнің тілдік бейнесінде жүйелі, көпәспектiлi түрде, әсіресе, адамның сыртқы және ішкі әлемінің бейнесімен арақатынаста ұғынудың әлеуеті жоғары болып табылады.

Біздің алдағы зерттеулерімізде қазақ және ағылшын тілдеріндегі «көз/eyes» концептісіне салыстыру-лар жасалып, теориялық мәселелер қозғалатын болады. Ал бұл мақаланың көлеміне байланысты, мұнда тілдегі «көз» концептісінің берілу жолдары қарастырылып, осы мәселе қарастырылған алдыңғы зерттеу-лерге сүйене отырып, сол зерттеушілердің ойларын негізге ала отырып, шолу түрінде жасалды.

Екі мыңжылдық кезең ішінде тіл білімінде ғылыми парадигмалар ауысып, 21 ғасыр антропоцентристік парадигманың өркендеуімен белгілі бола бастады. Антропоцентристік зерттеулердің пайда болуы В. фон Гумбольдтың есімімен тығыз байланысты, ол алғаш рет тіл мен адамның, нақтырақ айтқанда, бүкіл халықтың байланысы туралы сөз қозғап, тіл «халық рухының сыртқы көрінісі» болып табылады деп атап өтті [1: 132]. Тіл адамның когнитивтік қабілеттерін іске асыратындықтан, антропоцентризм әлемнің тілдік бейнесінің ажырамас қасиеті болып табылады. Адам қандай да бір мәдениеттің өкілі болып табылатын тіл иесі ретінде тілді зерттеушілердің назарына ілікті. Адам тұтас әлем бейнесінің субъектісі бола тұра, оның фрагментін де бейнелейді және әлемді концептуалдық жүйеде және тілде бейнелей отырып, өз-өзін де бейнелейді.

Қазіргі заманғы тіл білімі тілдегі «адами фактордың» кез келген көрінісіне деген қызығушылықпен ерекшеленеді.

Тілдің антропоцентристік қағидасын соңғы жылдарда нақты тілдердің материалында жүргізілген көптеген практикалық зерттеулер растайды және бұл қағида Арутюнова, Апресян, Булыгина, Вежбицкая, Маслова, Пименова сияқты лингвист мамандарды қандай да бір ұлттық тілде бейнеленген адамның ішкі дүниесінің концептілерін зерттеуге одан әрі ынталандыра түсті.

Тілде адамның дүниені, өз-өзін әлемнің бір бөлігі ретінде тануы, оның ішкі дүниесі, мінезі, ниеті, басқаларға көзқарасы бейнеленеді, себебі ол бір уақытта танымның субъектісі және объектісі болып табылады [2: 70]. Н.Д. Арутюнованың пікірінше, жаңа заманғы лингвистикада адамның бейнесі туралы көзқарас тілдің деректері бойынша қалыптасады, себебі адам феноменін ұғыну жаратылыстану ғылымдары емес, табиғи тілдер арқылы жүзеге асырылады [3: 324]. Антропологиялық лингвистиканың негізгі міндеті адамды тұрмыстық тұрғыдан адам туралы басқа да іргелес ғылымдармен өзара байланыста объективті түрде тілдік модельдеу болып табылады. Осылайша, тіл жалпы механизм ретінде, адамның танымдық қызметінің нәтижелерін белгілеп, бекітудің негізгі құралы ретінде қарастырылады.

Когнитивтік лингвистикадағы негізгі санаттардың бірі концепт болып саналады. Филология ғылымдарының докторы, профессор М.В. Пименованың пікірінше, концепт – бұл тіл арқылы көрсетілген ұлттық бейне, түсінік, нышан [4: 28]. Дәл осы концепт арқылы ғылыми және көркем әдебиетте адамның ішкі әлемін анықтауға болады. Ішкі әлемнің концептілері тілде метафора арқылы беріледі. Метафора осындай концептілерді сипаттауда маңызды орын алады. Адамның ішкі әлемін лингвистикалық деректердің негізінде зерттеушілер көрінбейтін нәрселер әдетте метафоралана отырып, сыртқы әлем белгілері арқылы тілде бейнеленеді деп көрсетеді.

Концепт сөздердің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке бір адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады. Бұл сөздер рухани мәдениеттің басты ұғымдарын оның элементтері ретінде таңбалай отырып, сонымен бірге олардың мән-мағынасын да қамтиды. Мәдени концептілердің лексикалық мағыналарын анықтау – жаңа үстеме мән-мағынаның ашылуына септігін тигізеді. Бұл өз кезегінде бұрынғы түсіндірмелерді жаңа қырынан бағалауға әкеледі.

Сөздің пайда болу кезеңінде, концепт оның «ішкі формасы» ретінде, яғни тілді қолданушының

санасында оған дейін бар мағыналарды жаңа сөзбен бірге пайда болған жаңа мағыналармен байланысты қаралады. Содан кейін, сөзді игеру кезеңінде, концепт-бейнеге (егер ол айтылымның тек сыртқы тұлғасы-на ғана ұмтылса), бірде ұғымға (егер оның мазмұндық жағы дамыса) түрленіп отырады. Бірақ бейне мен ұғым – бұлар концепт емес, оның сөздің мәдени-тілдік игерілу нәтижесінде пайда болған жаңа бір түрі. Бұл кезде концепт бейне мен ұғымды түсіндіре алады. Нәтижесінде, белгілі бір тілдік мазмұнмен байланысты сөздің ұғымдық жағы сол берілген сөз арқылы мәдени түсінудің кілті деп есептеуге болатын мәдени символдарға дейін дами алады. Соңында сөздің мәдени-тілдік танымның шеңбері тұйықталып, концепт сөздің ұғымдық құрылымының бөлігі ретінде және осы құрылымды түсіну кілті ретінде мәдени-ет элементтерін айқындай алады.

В.В. Колесов концепт ұғымын қазіргі зерттеулерде кездесетін мәдени концепт ұғымымен байланысты-ра келіп былай дейді: «Концепт – сөздің мағыналық толығының негізгі нүктесі, сонымен бірге дамудың ең соңғы шегі. Мәдени таңба ретіндегі сөз мағыналарының даму нәтижесіндегі алғашқы мағына соңғы нүкте, яғни қазіргі мәдениеттегі қатары молайған ұғым концепт бола алады». Бұл теориялық жақтан барлық сөздер мәдени мағыналы бола алады деген ойларды дәлелдей түседі және сөздің мәдени-тілдік табиғатын зерттеуде «концепт» терминін қолданудың қажеттілігін нақтылайды. «Тілдің логикалық анали-зі» мәселесін шешуші топтың еңбектерінде де «концепт» терминіне байланысты осылай айтылады. Концептіде сөздің мағыналық дамуының барлық мүмкіншіліктері айқындалып жиналады. В.В. Колесов «концептус» сөзіне – «барлық көмескі синкретті белгілерді бір сөздің бойында байланыстырушы ұғым» деген анықтама береді.

Концептілер – мәдениеттің бір элементі, сонымен қатар оны түсінудің де кілті. Олар мәдениетті өз ішінен ұғынуға көмектеседі. Бұл сөздердің жаңа мағыналарының пайда болу механизмдерін тану арқылы, біз сол мәдениеттің өзін тани аламыз. Концептілерді талдау арқылы ұлттық мәдениеттің даму қалпын, оның қазіргі өмірдегі жай-күйін білеміз.

Н.Д. Арутюнованың ойынша, «мәдени концепт» – философиялық, этикалық ұқсас терминдер. Бұл сөздер таңбалайтын ұғымдарды философиялық, этикалық ғылыми зерттеулер қарастырады. Сөйтсе де, ол сөздер кез келген тілдің актив сөздік қорына кіреді, яғни сол тіл өкілінің әрқайсысына түсінікті мағынада қолданылады [5: 19].

Осы мәселе төңірегінде В.А. Маслова мәдени ақпарат тілдің номинативті бірліктері арқылы төрт тәсіл-мен: «мәдени семалар», «мәдени ая», «мәдени концептілер», «мәдени коннотациямен» берілетінін айтады. Мәдени концептінің негізі тек жеке тілдік тұлға емес, сонымен қатар лингвомәдени таным тұрғы-сынан жалпы қоғамдағы экзистенционалды мағыналы әлем бейнесінің өзегі болып табылатын тілдік бірліктерді айтады және мәдениеттің негізгі концептісіне т.б. дерексіз атауларды жатқызады.

А.Я. Гуревич мәдени концептілерді: «кеңістік», мәдени универсалды деп аталатын философиялық категория (мезгіл, кеңістік, себеп, өзгеріс, қозғалыс) және «мәдени категориялар» деп аталатын әлеумет-тік категориялар (бостандық, құқ, әділеттік, еңбек, байлық, жекеменшік т.б.) деп екі топқа бөледі. В.А. Маслова бұдан үшінші бір топ «ұлттық мәдени категорияларды» бөліп шығарған дұрыс деп көрсетеді.

Концептілерге талдау жасағанда әр тілде мәдени ерекше концептілер басым болады. Мәдени сөздерді әлеумет жасайды, олардың міндеті – тілдегі кейбір түсініктерді, ұғымдарды сол әлеуметте бар концепті-лерді орнықтыру, олар рухани сананы, түсінікті қамтиды. Идеологиялық сөздерді жекелеген тұлғалар дүниеге әкеледі, әлеумет оны қабылдайды. Олардың міндеті – үгіт-насихат, тапсырма және иллюзиялық түсінікті, яғни болмысты әсерлеп түсіндіруді қамтиды. А.Н. Мороховскийдің көзқарасы бойынша, мәдени сөздердің терминдерден айырмашылығы мынада: терминдер бір тілден екінші тілге оңай ұғынылады, ал мәдени сөздерді ұғыну үлкен қиындықтар туғызады, себебі олардың әрқайсысында сол ұлт мәдениеті, менталитеті бейнеленеді.

Автор концепт ұғымын «адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері бейнеленген және атаулары бар ғаламның тілдік бейнесі» ретінде тани отырып, біздің дүниетанымымыздағы әлем туралы ақиқат болмысты бейнелейтін когнитивті бірлік ретінде қарауды ұсынады [5: 20].

Концепт өрісі, әрбір концепт халықаралық қарым-қатынастың категориясы болғандықтан, тілдік концептілерді зерттеу үлкен маңызға ие болды.

Концептілік зерттеулер таным мәселесін тіл тұрғысынан қарастыру жалпы тіл біліміне бүкіл әлемнің гуманитарлық ғылымдарында 50-60 жылдары жүріп өткен когнитивтік революцияның ықпалымен келді.

Концептінің қазіргі тіл білімінде ұғынылуы, қарастырылуы әр алуан. Концепт анықтамасы сөз етілген еңбектерде міндетті түрде концептінің ұғым, символ (нышан), бейне, таңба, жалпы мағына, т.с.с. ұғымдармен ұқсастығы және айырмашылығы туралы пікірлер кездеседі [6: 7].

М.Б. Әбдрахманова концептілік талдаулардың көптеген үлгілерімен, талдау жүргізудің әдіс-тәсілдері жөнінде айтылған ғылыми пікірлермен таныса келіп, «көз» концептіне талдау жасағанда, С.А. Аскольдов-Алексеев айтқан концепт-1 мен концепт-2 анықтаудың қажеттілігі мен маңыздылығы жөнінде қорытындыға келеді. Осы тұжырымның негізінде концептінің қалыптасу жолын концепт-1 және концепт-2 деп қарастырады.

С.А. Аскольдов-Алексеевтің түсіндіруінше, концепт – сөз бен оның мәні (ұғымы) арасындағы байла-ныстырушы. Аяқ астынан сөйлегенде біздің санамыз сөз ұғымдарын пайдалана алмайды, сондықтан жаңа мәндік элементтер ретінде ұғымдар емес, алғаш қалыптасқан ой-менталді сигналдар іске қосылады. Осылардың өзі концепт. Егер автордың ойына жүгінсек, тұжырымдалған ұғым емес, ұғымның «ұрығы», өйткені, ол оған ұғымнан бұрын беріледі және кейіннен ұғымға ұласатын семантикалық құрылым оның бойында о бастан болады. Концепт өзі уақыт пен түсініктен тыс тұрып сөздердің уақыт пен кеңістіктегі ұғымдық-тектік байланысын табуға көмектеседі. Сөздің барлық нақтылы және әлеуетті мағыналары, байланыстары, кейде тіпті алшақ жатқан ассоциациялары концептінің арқасында бір сөзге бекітіліп тұрады [6: 7].

Осылайша, С.А. Аскольдов-Алексеев концептінің ең негізгі белгілерін дәл көрсетеді. Концептінің жаңа атау беру кезінде санамызда көптеген ұғымдардың, белгілердің орнын басатыны рас. Қазақ тіл білімінде ол, әсіресе, деректі заттың немесе құбылыстың атауы абстрактілі ұғымдарға атау болуынан көрінеді.

Осы еңбекте қарастырылған «көз» концепті арқылы жасалған мысалдарды келтіре кетейік. Мәселен, зергерлік бұйымдарға дөңгелек, төртбұрыш немесе көз пішіндес етіп қойылатын асыл тастардың өзі орналасқан заттардың «көзі» деп аталуы. Жоғарыда С.А. Аскольдов-Алексеев айтқан, көз сөзі «орнын басып тұрған» белгілер мына белгілер болса керек:

1) белгілі бір негізгі нысанда (адамның, тіршілік иесінің басында; сырғада, сақинада т.б.) орналасады;

2) белгілі бір пішіні болады (үлкен, кішкене, қысық; көз тәрізді, дөңгелек, үшбұрышты т.б.);

3) орналасатын жері шұңғыл (адамның көзі орналасатын шұңғыл жер «көз шарасы», «көз ұясы» деп аталады, ал зергерлік бұйымның көзі батырылып немесе қондырылып орналастырылады);

4) көз – өте бағалы (адамның көзі иесі үшін бағалы. Ал зергерлік бұйымның көзі бағалы тастардан жасалады және қолданылған материалына қарай бұйымның құны анықталады);

5) көз жалт-жұлт етіп, «жанып» тұрады (адамның көзін жанғандай етіп тұратын көз жанары, көз нұры. Кейбір жануарлардың көзі шынымен қараңғыда жанатындығы белгілі. Ал асыл тастың өзіне түскен жарықты, сәулені түрліше құбылтып, жанып жатқандай жан-жағынан сәуле шашып тұруы – оның негізгі қасиеттерінің бірі);

6) көз бар болса, ең алдымен назар көзге түседі. Оның көзі – басты ерекшеліктерінің бірі (адамға қарағанда, онымен сөйлескенде адамның көзі басты назарда болады) [6: 8].

Тілдің басты қызметі – адамдар арасындағы қарым-қатынасты, ақпараттың тасымалдануын қамтама-сыз ету болса, концептілік зерттеулердің мақсаты – ақпараттың тілде пайда болу, сақталу, классификациялану (жіктелу), қозғалу, даму және түрлену жолдары мен сипатын табу, сол ақпараттың ұлттық сипаты мен жаратылыс сипатын жеткізу қабілеті мен тәсілдерін анықтау.

«Көз», «көру» әрбір тілдегі үлкен, мазмұнды, ұлттық бедері айқын негізгі концептілердің бірі. Оның әмбебаптық және бірегейлік сипаты ұшан теңіз. Бейвербалды коммуникациядағы көздердің рөлі туралы да соны айтуға болады. Осы тұста көз концептінің мынадай бір сипатын атап кетуге болады: «көз» концептіне өзге концептілермен салыстырғанда ақпараттылық тән. Өйткені, көз – өздігінен-ақ мол ақпараттың көзі. Сондықтан да ол әрқашан күрделі зерттеулердің нысанында тұрады. Ал тілдегі «көз» концептінің аясында қарастырылатын көптеген бірліктер, қарап отырсақ, күрделі бейвербалды белгілер мен әрекеттерге сілтеме жасап өзінің семантикалық мағынасын қалыптастырып, дамытқан.

Сондықтан бұл жерде негізінен көзқарас түрлері, көз арқылы жасалатын ым-ишара түрлері және көздің қозғалысы сияқты факторлар қарастырылады. Адамның бет әлпеті, көзі адамның өзі айтпайтын нәрселер туралы ақпарат беретіндігі белгілі. Бұлар көне заманнан адам баласының қызығушылығын туғызып, әркез бақыланып, зерттеліп отырған мәселелер. Қай халықта болса да адамның көзіне қарап, оның болмысы жөнінен түрлі қорытындылар жасау бірден ғылыми зерттеулерден басталған жоқ, ғасырлар бойғы халық тәжірибесіне сүйене отырып қалыптасты. Ол адамдар арасындағы қарым-

қатынастың маңыздылығынан, мазмұнынан туындаған қажеттілік [6: 10].

Соматикалық атаулар мәдени мазмұнға байлығымен ерекшеленеді. Олардың адамзаттың дүниетаным мазмұнында танығары сөзсіз көп. Көз – соматикалық атаулар арқылы таңбаланатын концептілер ішіндегі басты концепт. Өйткені қазақ тіліндегі басқа соматикалық атаулардан жасалған концептілерден (құлақ, ауыз т.б.) мәдени мазмұны терең. Олар даналық, ой, сана, мінез ұғымдарымен өте тығыз байланысты және адамның тұлғасын, болмысын танытудағы мәні өте зор. Мәселен, «құлақ», «ауыз» бірліктері тілде «адам» деген ұғымды таңбалайды. Көз де солар сияқты бір сезім мүшесі болғанымен, ол «адам», «тұлға» ұғымдарын таңбалайды. Көз сөзінің 6 мағынасының бірі – **бір нәрсенің өзі**. *Көзі тұр ғой айтсын деді Сәду дауысын қаттырақ шығарып (Б.Тілегенов, Аққайнар)*. **Өз көзі** – өзіндік ерекшелік. *Ол сабақты әр жазушының өз көзі болу керек дегеннен бастап еді (Ғ. Мүсірепов, Белдерде)*.

Қазақ тілінде адамның көзі деп өзін немесе керісінше өзі деп көзін атаудың негізділігі терең. Ол көзге қатысты көптеген факторларға байланысты. Олар:

1. Адамның денсаулық жағдайы туралы ақпаратты толығымен оның көзі арқылы білуге болады;
2. Адамның тұрақты және уақытша психикалық жағдайы туралы ақпарат түгелімен көз арқылы анықталады.
3. Көз – адамның көңіл-күйі, қандай да бір заттарға, жағдайларға деген көзқарастары жөнінде ең көп ақпарат беретін мүше;
4. Көз арқылы адамның мінезін, білім деңгейін, өмірлік ұстанымдарының қандай екендігін білуге болады, яғни көз адамды толығымен танытатын дене мүшесі [6: 12].

Қазақ ділінде көз бен адамды идентификациялайтын және бір ұғым бар, олар: *көз көрген, көзін көрген*. *Көзін көрген* – сол адаммен етене таныс болған, жақын араласқан, білетін адам. *Көз көрген* – бұрыннан бі-летін, етене таныс. *Мұғалімдер мен тәрбиешілердің ішінен көз көргендерінен ешбірі жоқ (С.Сарғасқабеев)*. Бұл таңбалар өзіне ыстық, өзі үшін қымбат адамдардың ортасына, құрбы-құрдасы мен аралас-құралас болған адамдарына қатысты айтылады. Ол бүкіл халыққа және жеке тұлғаларға байланысты болады [6: 13].

ҚТТС-нің «көз» мақаласында көздің 20-ға жуық сипаты мағынасымен қоса берілген.

Қай тілдегі болмасын ақын-жазушылар, ғалымдар мен халық ауыз әдебиеті өкілдері «көз» сөзін қолда-на отырып, адам өміріне қатысты түрлі құбылыстарды сипаттаған. Бұған «көз» сөзімен жасалған көптеген тіркестер, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер дәлел бола алады. «Көз/eyes» концептісі тіл білімінде когнитивтік-дискурсивтік, лингвомәдени парадигмалар шеңберінде зерттеледі.

Көз концепті бейвербалды амалдармен, яғни көзбен ым-ишара көрсету, көзді қозғалту арқылы бейне-ленеді, әлемнің тілдік бейнесінде оның белгілі бір атаулары бар.

Көз концептінің мазмұны «көз-құрал», «көру-көзбен жанасу», «көру-көз қозғалысы», «көз-менталды көру», «көз-сезім» метафораларымен бейнеленеді.

Көз дене мүшесі ретінде, адамның эмоционалдық жағдайын, көңіл-күйін білдіруші орган ретінде барлық тілдерде әр түрлі мағынаға ие. Семиотикалық мәні бар дене қозғалыстарының тілдік бейнесінде адамның көздері симптоматикалық және коммуникативтік ым-ишара қызметін атқарады. Коммуникатив-тік әрекет кезінде көз когнитивтік, экспрессивті, байланыс орнатушы, бақылаушы қызмет атқарады. Коммуникативтік мәні бар көз қозғалысының тілдік сөйлеу құралдары бар.

Көру – адам танымының тірегі. Когнитивті процестерді олардың ерекшелігін қарастыруда, қай ғылым саласы, қандай аспектен қарастырсақ та, сол зерттеу материалдарының астарында міндетті түрде көру, көзбен қабылдау, көз бен мидың байланысы т.с.с. мәселелер қоса қаралып отырады. Сондықтан қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы барлық тілдерде «көз», «көру» мазмұны терең, мәні үлкен, ұлттық сипаты ерекше концепт болып табылады.

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі «көз», «көру» концептінде бүгінде ғылыми тұрғыдан зерттелген, негізделген ұғымдардың халық танымындағы көрінісі таңбаланған. «Көз», «көру» концептісі қазақ дүние-танымының қалыптасу жолдарын көрсете алатын, өзіндік даму тарихы, күрделі құрылымы бар бірегей лингвомәдени концепт.

1. Гумбольдт В.Ф. *Избранные труды по языкознанию*. – М.: Прогресс, 1984 – с. 400.
2. Апресян Т.В. *Образ человека по данным языка*. – М., 1995 – с. 260; Серебренников Б.А. *Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира*. – М.: Наука, 1997 – с. 8-70.
3. Арутюнова Н.Д. *Язык и мир человека*. – 2-е изд., испр., М.: Языки русской культуры, 1999 – с. 896.
4. Пименова М.В. *О типовых структурных элементах концептов внутреннего мира (на примере концепта душа) // Язык. Этнос. Картина мира: сб. науч. статей*. – Кемерово: Комплекс «Графика», 2005 – с. 28-39.
5. Абитжанова Ж. «От» концептісінің лингвомәдени қырлары // «Филологиялық зерттеулердегі инновациялық технологиялар» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012 – 378 б.
6. Абдрахманова М.Б. «Көз» концепті: лингвомәдени және танымдық парадигмасы. Автореферат – Алматы: 2008.



### Резюме

В данной статье рассматриваются понятие концепта «глаз», способы передачи концепта «глаз» в языке, делается обзор исходя из предыдущих исследований по этому вопросу и на основании мнения тех исследователей.

### Summary

This article discusses the concept of «көз/eye(s)», methods of rendering the concept of “eyes” in language, the analysis is made on the basis of preceding researches concerning this issue and opinions of those researchers.

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ СӨЗДІКТЕРІНДЕ МЕДИЦИНА ТЕРМИНДЕРІНІҢ БЕРІЛУІ

К.К. Садирова – филол.ғ.д., доцент

Медицина терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуында таза қазақ тілінің лексикалық қоры ғана емес, сол ғылымның жалпы қалыптасуына негіз болған грек-латын сөздері мен орыс тілі арқылы енген өзге де кірме элементтер басымдығы байқалады. Медицина терминдерін реттеу, жүйелеу, бірізділендіру қолданысқа терминдер сөздігін енгізумен сабақтасады. Біз ұсынып отырған мақалада қазақ тілінде дайында-лып, баспадан шығарылып, қолданысқа кеңінен енгізілген сөздіктер сипатына тоқталмақшымыз. Біздің талдау нысанымызға ілінген сөздіктер мыналар:

1) М.Ахметовтің «Орысша-қазақша-ағылшынша медициналық терминдер сөздігі (40 мыңға жуық термин)» [1], бұл сөздік ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында Алматыдан, «Дайк-Пресс» баспасынан 2009 жылы шығарылған,

2) Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің ғылыми кеңесі мен терминологиялық жұмыс тобы ұсынған «Медициналық терминдердің энциклопедиялық 3 томдық сөздігі» [2] Ақтөбе қаласынан «А-Полиграфия» баспасынан 2010 жылы шығарылған.

Бұл сөздіктерде медициналық мамандықтарға қатысты және ғылым мен практиканың қазіргі жетістіктеріне сай келетін мәліметтер толық қамтылған деуге болады. Құрастырушылардың өз сөздерімен келтір-сек: «Сөздікке енгізілген медициналық терминдер төмендегідей медициналық ұғымдарды қамтиды: адам организмінің қалыпты жағдайдағы құрылысы мен онда болатын физиологиялық процестер, патологиялық жағдайларда кездесетін морфологиялық өзгерістер мен функциялық ауытқулар, аурулар, синдромдар және патологиялық күйлер, олардың түрлері мен белгілері, олардың диагнозын қою, емдеу және алдын-алу әдістері, аурулардың қоздырғыштары мен оларды тасымалдаушылар, қоршаған орта факторлары мен оларды гигиеналық нормалау және бағалау көрсеткіштері, медицинаның облыстары мен салалары, медико-биологиялық ғылым салалары, медицинаның ең маңызды ілімдері мен теориялары, дәрілердің топтары, медициналық аппараттар, құрал-саймандар және техникалық құрылғылар» [2. 42]. Сөздікке білім мен ғылымның басқа салаларына (биология, биохимия, биофизика т.б.) қатысты терминдер де енгізілген.

Әр терминге оның тегі мен мәні және оның ең басты сипатын көрсететін қысқаша ғылыми анықтама-лар берілген. Сөздікке енгізілген терминдер әліпби бойынша орналастырылған. Мағынасы жағынан бір-бірімен байланысты, тегі жағынан ортақ атауы бар термин-сөз тізбектерінің топтары бір тізбекке біріктірілген. Тізбекке кіретін бағынышты терминдер ашық шрифтермен терілген, бас әріппен жазылған. Толық анықтама тек басты терминге берілген, тізбектердегі терминдердің мәні басты термин арқылы түсіндіріліп, олардың өздеріне тән ерекшеліктерімен толтырылған. Тізбекке сілтемелер енгізілген. Сөздіктегі терминдер жеке түрде де, мағынасына қарай көпше түрде де берілген. Терминге берілген анықтамалық материалдар (белгілер, аббревиатуралар, латынша эквиваленттер, этимологиялық анықтамалар, эпоно-миялық терминдердегі эпоним туралы мәліметтер, синонимдер) жақша ішінде келтірілген. Сөздікке тарихи маңызы болғанымен, қазіргі кезде қолданылмайтын терминдер енгізілмеген. Қазақша терминдердің тұсына латын эквиваленті берілген, мысалы: *сарғыштық* (icterus).

Анатомиялық, гистологиялық және эмбриологиялық терминдердің латынша эквиваленттерінің қандай номенклатураға [Париждік (PNA), Базельдік (BNA), Иеналық (JNA) анатомиялық номенклатуралар, Ленинградтық гистологиялық (LNH) немесе Ленинградтық эмбриологиялық (LNE) номенклатуралар] сәйкес алынғаны көрсетілген, мысалы *талшық* (fibra, -ae, PNA, BNA, JNA).

Әр терминнің шығу тегі (этимологиясы) туралы ақпарат берілген: мысалы, *дактилалгия* (dactylalgia, грекше dactylos саусақ + грекше algos ауыру, ауырсыну). Термин мен оған сәйкес шет тілінің сөзі (этимон) сәйкес келген жағдайда, этимологиялық ақпарат аударусыз терминнің көзі болған тілде беріледі. Мысалы, массаж (французша, massage). Терминдер күрделі болса, олардың берілуінің түсіндірмесі мынадай болып келеді: Мысалы, *аутогемотрансфузия* (autohaemotransfusio, ауто +



*гемотрансфузия*). Егер сөздікте күрделі сөздің бір компоненті жеке термин ретінде келтірілген болса, ол сөз тік шрифтімен беріледі, мысалы, оксалурия (*oxaluria*, оксалаттар + грек *urion* несеп).

Эпонимиялық терминдерде ғалымның өмір жылдары, оның отанының және мамандығының аттары жөнінде мәліметтер берілген, мысалы, Абади симптомы (J. A. Abadie, 1873-1932, франц. невропатологі).

Сөздіктің құрылымы алғысөзден, грек-латынша терминологиялық сөздігінен, әліпби ретімен берілген медицина терминдері тізбесінен, анатомиялық терминдер сөздігінен, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Медициналық сөздікте тіркелген терминдердің ішінен біз таза қазақ тілінде жасалған терминдерді теріп алып, талдау жасадық. Нәтижесінде сөзжасамдық тәсілдердің бәрінің де медициналық терминологияда кеңінен қолданылатынына, бірақ жалпы сөздікке енген терминдер санына қатысты алғанда аз үлеске ие екендігіне көз жеткіздік. Олардың ішінде көп бөлігі синтаксистік тәсілмен жасалған, олардың ішінен мына құрылымдар жиі кездеседі:

1) толық емес матаса байланысқан анықтауыштық қатынастағы зат есім сөз тіркесі құрылымында келгендер:

*бауыр іріңдігі* (*a.hepatis*) – бауыр тінінің іріңді қабынуының нәтижесінде бауырда пайда болатын іріңдік, көбіне холангиттің салдары ретінде бой түзейді.

*Бүйрек іріңдігі* (*a.renalis*) – бүйрек паренхимасында болатын іріңдік, жедел іріңді пиелонефриттің бір түрі.

*Қызылшек іріңдігі* – (*a.subgingivalis*, син.: сублингвалдық абсцесс) – қызыл иектің патологиялық қалта-ланылуы мен жарақат салдарынан қабынуы нәтижесінде туындайтын іріңдік.

*Өкпе іріңдігі* – (*a. pulmonis*) – пневмонияның асқинуы ретінде немесе іріңдік тудыратын инфекцияның өкпе тініне гематогендік, лимфогендік жолмен немесе бөгде денемен бірге енуіне байланысты туындайтын іріңдік.

*Ми іріңдігі* (*a.cerebri*) – мидың жарақаты немесе іріңдік тудыратын инфекцияның басқа жерден миға енуіне байланысты ми тінінде дамиды іріңдік.

Осы құрылыммен келген терминдерді көптеп келтіруге болады: *сүйек іріңдігі, ұштық іріңдік, шүйде айдаршығы, айдаршық өзегі, айдаршық өсіндісі, төс аймағы, шат аймағы, бауыр айнасы, мұрын айнасы, тік ішек айнасы, толу кемістігі т.с.с.*

2) толымды матаса байланысқан үш компонентті зат есімді сөз тіркесі құрылымында келген терминдер:

*мидың жанаспа іріңдігі* (*a. cerebri contactus*) – инфекция қоздырғышының миға жақын орналасқан іріңді қабыну ошағынан (ортаңғы құлақтан, мұрын маңы қуысынан, көзден, бас сүйектерінен) таралуы нәтижесінде дамиды іріңдік.

*Құрлықтың шипалы балшығы* – құрлықтың ашы (тұзды) көлдерінде пайда болған сульфидті ем балшығы, құрамында сульфидтер және жоғары дәрежеде минералданған балшықты ерітінді болады.

Осы құрылыммен келген терминдер: *көл-бұлақтың емдік балшықтары, теңіздің шипалы балшығы, шоқының емдік балшығы, балшықтың ылғалдылық сыйымдылығы, Баранидың сұқсаусақ сынамасы, бас миының мөлдір пернесі, бассүйектің ортаңғы шұңқыры, бауырдың тынық (тұйық) дыбысы, бауырдың жалпы түтігі, қарынның меншікті безі т.б.*

3) қабыса байланысқан анықтауыштық қатынастағы зат есімді сөз тіркесі құрылымында келген терминдер:

*Қуықалды іріңдік* (*a.praev*), қысыңқы жер (*isfhnus*), торлы жарғақ (*reticular membrane*), жамылғы жарғақ (*tectorial membrane*) т.с.с.

4) меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркесі құрылымында келген терминдік тіркестер:

*Теріні алмастыру, бауырды алмастыру, бүйректі алмастыру, жүректі алмастыру, сіңірді жасау, кемікті алмастыру, т.с.с.*

5) Матаса және меңгеріле байланысқан сатылана байланысқан сөз тіркесі құрылымындағы тіркестер:

*Терінің бүкіл қабатын алмастыру, импульстердің нервіден бұлшықетке берілуі, бұтаралықтың бұлшықетін не шандырын жасау, бұтаралықтың тұтастығын қалпына келтіру т.с.с.*

6) Жанаса, меңгеріле байланысқан пысықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркесі құрылымында келген терминдер:

*Телімсіз реттелу, өздігінен қайту, кері даму, телімді реттелу, орталықтан реттелу т.с.с.*

7) біріккен сөз тұлғасындағы терминдер: *тамиуыр, сілекейбез, өтқалта, несепағар, зәрағар, көкжө-тел, ұйқыбездік, бассүйек, самайсүйек, шүйдесүйек, қасағасүйек т.с.с.*

8) күрделі тіркесті сөз тұлғасындағы терминдер: *сүйек қысқашы, бет сүйектері, аяқ сүйектері, көкірек сүйектері, табан сүйектері, алақан сүйектері, салдық маймақтық, тұрақты қылылық, қосарлас қылылық, жалтақ сүйек, т.с.с.*

9) қос сөз тұлғасындағы терминдер: *сүйек-шеміршекті, сегізкөз-құйымшақтық, сегізкөз-жатырлық, сегізкөз-мықындық, сегізкөз-белдік, ми-тамырлық, асқазан-бауыршет, асқазан-тоқішек т.с.с.*

10) мекен үстеулерімен, көмекші есімдердің қатысуымен жасалған терминдер: *ішкі бүйірлік байлам, қасағының жоғарғы байламы, кіші жіліниік басының алдыңғы байламы, кіші жіліниік басының артқы байламы т.с.с.*

11) кірме сөздермен аралас келген терминдер: *аффектілі жарыместік, апатиялы жарыместік, гебефрениялық жарыместік, олигофрениялық жарыместік, толық скотома, кәсіптік сколиоз, ойықжа-ралы сигмоидит т.с.с.*

Жоғарыдағы мысалдардан көріп отырғанымыздай, медицина терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуы-на қазақ тіліндегі сөзжасам заңдылықтары мен тәсілдерінің бәрі де тән, сондай-ақ терминге қойылатын қысқалық талабына сай келмейтін терминдердің, термин сөздердің бекітілгенін, қолданысқа түскенін көруге болады.

Ғылым тілі жалпыәдеби тілдің семантикалық сөзжасамдық тәсілінен ерекшеленеді. Жалпы әдеби тілде семантикалық жолмен сөз жасау сөздің ұзақ уақыттық даму эволюциясының нәтижесі омоним сөздердің түзілуінен көрінетін болса, терминжасамда бұл тәсіл өзге сапаға ие. Сөздің жаңа мағынада жұмсалып орнығуы ұзақ уақыттық эволюцияны қажет етпейді. Ол сөзді жаңа мағынада жұмсауға икемделеді де, нақты семантикалық қайта құруға түседі. Сонан кейін барып ол сөз жаңа грамматикалық және лексика-лық сипатты меншіктейді. Терминдердің көп бөлігі өзге ұлт тілдерінің дайын бірліктерін пайдалану негізінде жасалғаны байқалады. Ғылым тілі қалыптасуының бұрынғы тарихынан күні бүгінге дейін өзге тілдерден енген кірме сөздер бөлігінің басымдылығы айқын сезіледі. Қай тілдің терминологиялық қабатында да кірме сөздердің үлес салмағы басым болатыны байқалады, ол ғылымның зерттеу нысанының аты ретінде кіреді, демек, ғылым нысаны болған зат не құбылыстың өзі де кірмелік сипатқа ие. Өзге тілден енген терминдердің басым бөлігі медицина саласында орыс тілі арқылы енген батыс еуропа тілдерінің элементтері. Нақты атасақ, бұл тілдер – неміс, француз, ағылшын – олардың тілге енуі әр кезеңде әрқилы болғаны байқалады. Біз қаншалықты тіл тазалығы үшін жанашырлық танытқанымызбен, ғылым тілінің қалыптасуында, арнайы лексиканың тұрақталуында кірме терминдердің басым болатынын мойын-дауымыз керек. Бұл тек қазақ ғылымының тіліне ғана тән емес, жалпы ұлттық ғылым тіліндегі жалпы үрдістер.

Термин-сөз тіркестері өздерінің саны жағынан салалық терминологияда алдыңғы орындарды иеленеді. Бұл дәстүрлі сөзжасам тәсілі қазіргі қазақ тілі терминологиялық лексикасында іргелі орын алады. Термин-сөз тіркестерінің бұл басымдылығы олардың таңбалаған түсініктерін барынша толық беруге қабілеттілігі-мен байланыстыруға болады. Сондай-ақ термин-сөз тіркесінің тағы бір артықшылығы – өзі белгілеген түсінігінің жіктемесінде түрлік, тектік табиғатын бірден сездіріп тұратындығы. Мысалы: *абазия – атаксиялы абазия, қалтылдақ абазия, салдық абазия ұстамалы қалтылдақ абазия, спастикалық абазия, хорейлық абазия, абазия-астазия (тұра алмау және жүре алмау).*

С.В. Гриневтің [3] пікірінше, терминжасамның өзге де тәсілдері сияқты арнайы атауларды сөздер тіркесімен берудің ерекше стандартты үлгілері қалыптасады. Мұндай термин сөз тіркестері анықтауыш-тық қатынастағы атауыштық сөз тіркесінен келеді. Бұлар, көбіне, сын есімдердің немесе үстеулердің зат есімдермен тіркесінен немесе зат есімдер мен зат есімдердің тіркесінен жасалады. Олардың тірек компо-ненті сапасында, негізінен, зат есімдер жұмсалатыны байқалады.

Қазақ тіліндегі медицина терминдерінің қатарында жұмсалып жүрген термин-сөз тіркестерінің модельдерін былайша жіктеп көрсетуге болады:

1. Сын есім + зат есім: *көмірлі абсорбер, бронхогендік абсцесс, мүйізгек абсцесі.* Көріп отырғанымыз-дай, -лы/лі, -дық/-дік/-тық/-тік, -ғак/-гек/ -қақ/-кек жұрнақтарымен жасалған туынды сын есімдердің медицина саласындағы терминдерді қазақ тілінде жұмсауда қалыптасқан жүйелік моделінде кеңінен кездеседі.

2. Зат есім + үстеу + етістік: *түсік ерте түсу, қалқанбездің жоғарғы артериясы*

3. Матаса байланысқан зат есім + зат есім: *торқабық абиотрофиясы, су абсорбциясы, ми абсцесі, тері боғламасы, өкпе боғламасы.*

4. Ілік септігіндегі зат есім + сын есім + тәуелдік жалғаулы зат есім: *торқабықтың ақ нүктелі абиотрофиясы, торқабықтың сары теңбіл абиотрофиясы, торқабықтың бояутекті дегенерациясы, мидың көшіктік абсцесі*

5. Сын есім + етістік: *ампулалық түсік түсу, ымырттық көру, орталықтық көру, жоғары қарқынды сәулелену, уыттық сарғаю*

6. Зат есім + көмекші есім + зат есім: *ішекмаңы абсецесі, көзұяасты абсецесі*

7. Есімше + зат есім: *тазартылған ағар, индукцияланған сандырақ, компенсацияланған глаукома, туа болған агралуцитоз, оқшауланған қарынша*

8. Зат есім + етістік: *әріп жаза алмау, қанды тексеру, ми-жұлын сұйықтығын тексеру, ұшын бүйірге жалғау*

9. Предикаттық қатынастағы зат есім + етістік: *өт шығатын, өт қуатын, етеккірі тоқтаған, іші жалтпаған.*

10. Сын есім + сын есім: *кәсіптік сырқаттанғыш.*

Терминологтар, терминологиялық сөздіктер мен жинақтарды не стандарттарды құрастыруда терминологияны стандарттауда талап етілетін нақты шарттарды басшылыққа алады. Бұл талапқа терминдердің лингвистикалық тұрғыдан ресімделуі де жатады. Ең басты талаптардың бірі стандартталған терминдердің синонимдері болмауы керек және ол көпмағыналы болмауы тиісті, стандартты терминдер қысқа болуы тиісті, бірақ бұл күрделі түсініктерді таңбалайтын терминдер үшін қиындық туғызады. Бұл талаптар барлық терминологиялық стандарттарда көрсетіледі, бірақ терминнің қысқалық сипатының сақталуы онай бола алмайды. Ғылыми зерттеулерде белгілі болғанындай, сөз таптарының терминжасамға қатысы түрліше деңгейде. Олардың ішінде алдыңғы орынға ат, есім шығады. Ол термин түсінігін бірден-бір тасымалдаушы қызметін атқарады.

Термин сөздердің жасалуында басты орынды зат есімдер иеленсе, термин сөз тіркесінің құрылымында да бұл сөз табы кеңінен қолданылады. Термин сөз тіркестерінің құрамындағы компоненттер саны төр және онан көп болып та келеді. Мысалы: *қардың екібасты бұлшықетінің ұзын басы, бас бармақты жақындататын бұлшықеттің қиғаш басы.*

Терминтаным мен лексикологияның соңғы жетістіктерін ескере отырып, біз мына жайттарға ерекше көңіл аударғқымыз келеді. Мысалы, 1960-1970 жылдары отандық және шетелдік тілшілер сөзжасам мен лексикология саласында формалды-құрылымдық, семантикалық талдау жасауды арттырды. Бұл дәстүрлі тұрғыдан зерттеу арнайы бірліктердің форма мен мағынасының диалектикалық ерекшелігіне негізделеді.

Медицина терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуы қазіргі кезеңде жақсы деңгейде деп есептеуге толық болады. Оған медициналық жоғары оқу орындарының қазақ топтарын ашып, дәрігерлерді қазақ тілінде оқыту арқылы дайындауы да бірден-бір себеп болды деуге болады. Қазақ тілінде дайындалған жоғарыда аталған медицина терминдерінің энциклопедиялық сөздігінің қолданысқа енуі бұл үдерісті бекіте, нығайта, күшейте түсетіндігі сөзсіз. Сонымен қатар медицина академиясында оқытуға арналған қазақ тіліндегі оқулықтардың дайындалып, таратылуы да бұл сала терминдерінің толық орнығуына оң ықпалын тигізеді.

Жалпы медицина терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуының өзін және жетілдірілуін екі бағытта қарастыруымыз керек деп ойлаймыз. Бірінші, динамикалық тұрғыдан, екінші, статикалық тұрғыдан. Динамикалық тұрғыдан қараудың қажеттігі мына жайтпен байланысты: медицина саласындағы ғылыми жаңалықтардың ашылуы қазіргі кезеңде өте қарқынды әрі соған сай пайда болған технологиялардың медицинаға ендеп қолданылуы, соған орай жаңа атаулардың, сөздер мен сөз тіркестерінің кеңінен пайда болуы үнемі ескеріліп отыруға тиісті. Осыған байланысты бекітілген терминдердің ескіріп қолданыстан шығуы мен орнына жаңа сөздердің келуі назарда болуы қажет. Ал статикалық сипатты медицина терминдер жүйесінің өзегі болатын, үнемі тұрақтылыққа ие атаулар құрады, олар медицина ғылымының дамуы-на тәуелсіз, үнемі сол атаумен тұрады, мысалы, адам ағзаларының атауы мен осы кезге дейін тұрақты түрде, толық белгілері мен емдеу жолдары анықталған терминдер мен термин сөздер.

Медицина саласындағы жаңа сөздер (неологизмдер) дегенді шартты түрде мынадай топтарға жік-теуге болады:

1) жаңа мазмұнды бекіткен жаңа формаға ие терминдер: мысалы, *био-компьютер* – тірі ағзалардың жүйке жүйесін имитациялайтын компьютер, *гигиеналық мониторинг, ұрық мониторы, жарыштық биоло-гия, т.с.с.*

2) эпонимдік терминдер, ол терминдерге антропонимдер жатады: *Болтон-Хантер реактиві т.с.с.*

3) кірме терминдер: *бұлардың сипаты тілдердің араласуы арқылы болады: грек-латын-қазақ сөздері не қазақ-орыс сөздері тіркесі арқылы жасалады.*

4) Трансноминациялану: жаңа форма бұрыннан қолданыста бар мағынамен беріледі: *big C – cancer (обыр)*

5) Семантикалық инновация (жаңашылдық), жаңа мағына тілде бұрыннан бар формамен беріледі: *acid – LSD narcotic (ЛСД нашасы) т.с.с.*

Қазақ тіліндегі медицина терминдерін жетілдіру мәселесі қазақ терминологиясы жүйесін

калыптасты-ру ұстанымдарына сай орындалады. К.Аяпбергенованың ойынша [4], қазақ тіліндегі терминдердің дұрыс жолға қойылуына ҚҒА Тіл білімі институтының 1970-2003 жылдар аралығындағы жұмыстары айтарлықтай әсер еткен. Терминге көптеген пайдалы принциптерді ұсынған академик Ә.Қайдаров «Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқараспен қарайық» деген проблемалы мақаласында: «мемлекеттік әдеби тіліміздің бүгінгі күйі мен ертеңгі жағдайы терминологияның реттілігімен, жүйелілігімен, тұрақтылығымен және қолданыс аясының кеңдігімен өлшенеді [5, 8]», – дейді. Ғалым мақаласы лингвистерге термин туралы көрсетілген жол-жоба болып саналады.

1. Ахметов М. *Орысша-қазақша-ағылшынша медициналық терминдер сөздігі (40 мыңға жуық термин)*. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2009 – 700 б.

2. *Медициналық терминдердің энциклопедиялық 3 томдық сөздігі*. – Ақтөбе: «А-Полиграфия», 2010 – 1500 б.

3. Гринев С.В. *Методические основы медицинского терминоведения (состояние и перспективы разработки) проблемы упорядочения медицинской терминологии*. – М., 1989 – С. 81.

4. Аяпбергенова К.Қ. *Қазақ тілі сабағында медицина лексикасын мамандыққа сәйкес оқытудың ғылыми-әдісте-мелік негіздері. Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты*. – Алматы, 2009 – 49 б.

5. Қайдар Ә. *Қазақ тілінің өзекті мәселелері*. – Алматы, 2009.

### Резюме

В статье рассматриваются словообразовательные способы медицинских терминов в казахском языке.

### Summary

The article discusses ways of word-formation of medical terms in Kazakh language.

## КРЫЛАТАЯ ПОЭЗИЯ Л.ШАШКОВОЙ

М.И. Уюкбаева – проф., КазНПУ им. Абая

Недавно казахстанская литература обогатилась сразу двумя книгами поэтессы Любови Шашковой: «Два вольных крыла» и «Песни жаворонков». Само название этих поэтических сборников говорит о приоритетных образах птиц, используемых поэтессой в разных ипостасях. Автор идентифицирует людей с птицами в самых разных жизненных ситуациях. И в том числе трагических:

*И он, прощально к небу вскинув руки  
Подбитым жаворонком клюнул борозду.*

(«Песни жаворонков»).

И о себе Л. Шашкова пишет в этом же стихотворении: «И сердце бьется птахом бессонной». Окружающая природа, в частности горы, тоже напоминают автору птиц:

*Я теперь уже тоскую  
По этим крылатым горам.*

(«У Иссык-Куля, на краю земли»).

Птицы в поэзии Л.Шашковой составляют единое целое с окружающим миром, поэтому древесные почки похожи на птичьи клювы, а воробьи вместе с облаками обретаются в одной луже:

*Как у первых робких почек  
Клювик желтенький остер.  
Как весной ныряли в лужи  
Воробьи и облака.*

(«Ничего не надо больше»).

И земля, и небо здесь полны птицами и знаками, которые они оставляют:

*Только торопливый росчерк  
Ласточек над головой*

(«Больше ничего на надо»).

Даже собственного сына поэтесса воспринимает как птенца, изливая тем самым свою материнскую любовь в ее самом возвышенном проявлении:

*Вспыхнет под сердцем сыночек  
Белым птенцом.*

(«Аистов белую стаю»).

Особенно часто Л.Шашкова использует образ птиц в стихотворениях о любви: «Уж какой бы ты не был сокол» («Не умею быть одинокой»). И если возлюбленный – сокол, то возлюбленная – «лебедушка»:

*Да увел свою лебедушку  
От наветов баб досужих.*  
(«Не отвыкну от хорошего»).

Для того, чтобы подчеркнуть трогательность окружающих людей, автор тоже использует образ птицы, находя в них общее, а стало быть, положительное, беззащитное и смешное одновременно:

*Что он и есть тот аист настоящий,  
Тот длинноносый, тот гусиношей,  
С худыми, словно жердочки, ногами.*  
(«Ванька-Бусел»)

Отрицательные явления жизни Л.Шашкова сравнивает со зловещим вороньем, используя эту традиционную аналогию:

*Там воронья мгла  
Застит белый свет.*  
(«Метель»).

Негативные душевные состояния у автора имеют устойчивые ассоциации, имеющие фольклорные корни:

*Ворон ли веций, ворона ль дурная, –  
Душу пронзающий страх.*  
(«Что ты летаешь, дурная ворона»).

Защиту от напастей поэтесса ищет под спасительными крыльями белой птицы:

*Зачем не хочешь нас прикрыть крылами?  
(«Куда ты, птица белая моя?»).*

Этническая белоруска, Любовь Шашкова, опираясь на родной фольклор, написала «Девичьи потешки», проникнутые небесной радостью и многоцветьем:

*Небеса облаками оденутся,  
Радость – радугую подпоясаятся!*  
(«Девичьи потешки»).

В поэзии Л.Шашковой образовался своеобразный симбиоз белорусского и казахского фольклора, который она творчески освоила и постоянно воплощает в своих произведениях. В казахском фольклоре наиболее употребительными являются образы птиц. Многолетняя работа в качестве переводчика оказала влияние на поэзию Л.Шашковой, ведь она перевела на русский язык поэзию подлинно народных казахских поэтов: Ахмета Байтурсынова, Магжана Жумабаева, Халижана Бекхожина и многих других.

Из народной поэзии Л.Шашкова впитала и оптимизм, всепобеждающее жизнелюбие, стойкость, отсутствующие керулянтства:

*Какое счастье – вдруг заплакать,  
Приметив в талый пятачок,  
Что белка на еловых лапах  
Горит рождественской свечой.*  
(«Новогоднее»).

### Түйін

Автор адамдарды құстар арқылы әр түрлі өмір жағдайларымен салыстырады.

### Summary

The author identifies people with birds in a variety of situations.

## ЗАИМСТВОВАННАЯ ЛЕКСИКА В СОВРЕМЕННОМ РУССКОМ ЯЗЫКЕ

Ли Ин – доцент института иностранных языков Северо-Восточного университета (Китай)

Процесс заимствования слов - явление нормальное, а в определенные исторические периоды даже неизбежное. Освоение иноязычной лексики обогащает словарный запас принимающего языка, поэтому заимствованные слова присутствуют в языках всех народов. Лексика современного русского языка также неоднородна с точки зрения её происхождения. Русскому народу на протяжении истории приходилось вступать в политические, экономические, торговые, научно-культурные и прочие связи с другими народами. В результате подобных разносторонних контактов русская лексика пополнялась иноязычными заимствованиями. Иноязычные слова в лексике современного русского литературного языка, хотя и представляют довольно многочисленный пласт лексики, но не превышают 10% всего его словарного состава. В общей лексической системе языка лишь небольшая их часть выступает в качестве общеупотребительной лексики; подавляющее большинство из них имеет стилистически закреплённое употребление в книжной речи и характеризуется в связи с этим узкой сферой применения (выступая как термины, профессионализмы, варваризмы, специфические книжные слова и т.д.).

Под заимствованным словом в языкознании понимается всякое слово, пришедшее в русский язык извне, даже если оно по составляющим его морфемам ничем не отличается от исконно русских слов. Такое явление наблюдается, когда слово приходит из какого-либо близкородственного славянского языка. В истории русского языка сменялись периоды преимущественного заимствования: из германских языков и латыни (праславянский период); из греческого, а затем и старославянского языка (эпоха христианизации, дальнейшее книжное влияние); из тюркских языков (особенно XVI-XVII век благодаря влиянию Османской империи); из польского языка (XVI-XVIII века); из нидерландского (XVIII), немецкого и французского (XVIII-XIX века) языков; из английского языка (рубеж XX -XXI веков). Основные причины заимствования, как считают исследователи этой проблемы, следующие: исторические контакты народов; необходимость номинации новых предметов и понятий; новаторство нации в какой-либо отдельной сфере деятельности; языковой снобизм, мода; экономия языковых средств; авторитетность языка-источника (это иногда приводит к заимствованию многими языками из одного и того же языка, чем объясняется существование так называемых *интернационализмов*); исторически обусловленное увеличение определенных социальных слоев, принимающих новое слово. Все это экстра-лингвистические причины. К внутренним лингвистическим причинам можно отнести: 1) отсутствие в родном языке эквивалентного слова для нового предмета или понятия (основная причина заимствования иностранных слов); 2) тенденцию к использованию одного заимствованного слова вместо описательного оборота, н-р: гостиница для автотуристов – мотель, короткая пресс-конференция для журналистов - брифинг, фигурное катание на лыжах - фристайл и т.д.; 3) потребность в детализации соответствующего значения, обозначение с помощью иноязычного слова некоторого специального вида предметов или понятий, которые до тех пор назывались одним русским (или заимствованным) словом. Например, для обозначения слуги в гостинице в русском языке укрепилось французское слово *портье*, для обозначения особого сорта варенья (в виде густой однородной массы) – английское *джем*. Потребность в специализации предметов и понятий ведет к заимствованию многих научных и технических терминов, например: *релевантный* наряду с русским *существенный*, *локальный* наряду с русским *местный*, *компрессия* наряду с русским *сжатие*, *пилотировать* наряду с русским *управлять* и др. 4) тенденция пополнять экспрессивные средства, ведущая к появлению иноязычных стилистических синонимов: *обслуживание – сервис*, *ограничение – лимит*.

В современной лингвистике исследования в области иноязычной лексики не утратили актуальности. Лишь при поверхностном взгляде на явления заимствования проблема представляется простой и решенной. Между тем на многие вопросы исчерпывающие ответы еще не получены. Нуждается в более подробном изучении статус заимствованных элементов, процессы и результаты словообразования на базе иноязычных формантов. Оказывается, далеко не всегда просто установить разницу между понятиями «свое» (исконное) и «чужое» (заимствованное) в языке. Во-первых, этимология некоторых очень старых слов не выяснена до сих пор. Во-вторых, часто встает вопрос, русским или заимствованным следует считать слово, в котором все морфемы иноязычные, но заимствованы из разных языков, или в которых есть иноязычные и русские морфемы. Так, в слове *лифтер* корень – английского происхождения (англ. lift), суффикс -ёр – французский (-eur), входящий в состав таких слов французского происхождения, как *минёр*, *тапёр*, *режиссёр* и др. Слово как будто явно не русское. Но дело в том, что слова *лифтер* нет ни в английском, ни во французском языках. Это

слово (несмотря на свой иностранный облик) возникло в русском языке из английского корня и французского суффикса. Есть в русской лексике и слова, содержащие заимствованный корень и русский суффикс: марин-овать, монтаж-ник или русский корень и иноязычный суффикс: связ-ист, ухаж-ёр. К каким группам относятся названные слова – к исконно русским или заимствованным? Большинство ученых считают их принадлежащими к исконно русской лексике. "Конечно, странно слышать, что дирижер, радиопьеса, кинопрограмма - русские слова. Но если это странно слышать, то считать их заимствованными было бы неверно с научной точки зрения", – утверждал А.В. Калинин [1, 64]. Дело в том, что эти слова как лексемы с определенным значением возникли именно в русском языке по использующей иноязычный элемент продуктивной словообразовательной модели с регулярным деривационным значением, свойственным русскому словообразованию.

Говоря о заимствованных словах, нельзя не упомянуть о так называемых кальках. *Калька* (франц. calque) – слово или выражение, созданное из исконных языковых элементов, но по образцу иноязычных слов и выражений. Слова водород, кислород – кальки латинских слов hydrogenium и oxugenium (в латинском корень -gen- – род, а и hydro и oху- значит соответственно вод- и кисл-). Существует специальный лингвистический термин *калькировать*, т.е. переводить по частям. Слово полуостров калькировано с немецкого Halbinsel, слово дневник с французского journal, слово небоскреб – с английского skyscraper. Подобные материально исконные слова, которые возникли в результате перевода иноязычных слов по составляющим эти слова морфемам, в результате усвоения словообразовательной структуры чужих слов, называются словообразовательными. Они, как правило, являются продуктами книжного творчества, так как появились при переводах как новообразования переводчиков. Лишь потом некоторые из них стали достоянием устной литературной речи. В качестве словообразовательных образцов соответствующих ка-лек выступают почти исключительно слова из греческого, латинского, французского и немецкого языков.

Кроме полных калек в лексике русского языка наблюдаются *полукальки* – слова, состоящие частью из русского материала, а частью из материала иноязычного слова, которое по словообразовательной структуре так же точно соответствует аналогичным словам языка-источника, из которого идет заимствование. Например, слово гуманность возникло путем заимствования корневой части немецкого слова Humanität (human, ср. – гуманный) в виде основы прилагательного гуманн- и перевода немецкого суффикса -ität-, образующего отвлеченные имена, с соответствующим русским суффиксом -ость-. По мнению Н.М. Шанского и М.И. Фоминой [6, 7], подобного рода слова, возникая как передача чужого слова с его структурой, не являются тем не менее заимствованными в прямом смысле этого слова. Это создание русского языка, с использованием русского лексико-словообразовательного материала. Словообразовательные кальки, обязанные появлением в русском языке чужому языку, все же представляют собой новые слова русского языка, неизвестные в данном конкретном виде в других языках.

Несмотря на достаточно длительную историю российско-китайских отношений китайских слов, в отличие от французских или английских, в русском языке немного. Известный лексикограф Макс Фасмер в своем фундаментальном труде «Этимологический словарь русского языка» насчитывает только восемь китайских заимствований [5]. К числу полностью освоенных русским языком *китаизмов* исследователь относил *чай* и *женьшень*. *Чай* – самое первое слово китайского происхождения, было заимствовано еще в XVIII веке через тюркские языки. *Чесуча, даба, фанза* и *женьшень* пришли в русскую лексику в конце XIX века. Большинство слов китайского происхождения были связаны с торговлей и использовались ограниченным числом лиц на ограниченной территории. Китайские слова входили в язык русских жителей в основном в районах Забайкалья, Дальнего Востока и Северо-востока Китая (Маньчжурии), где наиболее плотно соприкасались две культуры. Поэтому, китайские слова первоначально вошли в регио-нальный обиход, затем частично получили распространение на всей территории России. По причине того, что базовым языком в российско-китайской торговле являлся русский, количество используемых китайских слов было незначительно и обозначало название китайских товаров, не имевших русских аналогов. Многие столетия на первом месте в торговле и китайском ввозе в Россию через Забайкалье, Одессу и Дальний Восток стоял чай, а на втором – китайские ткани (даба, фанза, чесуча). Соответственно, и слова, обозначавшие эти предметы, прочно вошли в обиход.

Наличие, появление или исчезновение тех ли иных китайских слов в русском языке определялось состоянием и изменением условий жизни обоих народов, изменением в политической и экономической жизни, в торговле. Так, в «Кратком словаре иностранных слов» (1952) еще можно найти слово «хунху-зы», которое обозначало вооруженные отряды бандитов, грабителей в Маньчжурии и Северном Китае. А так же многозначное слово «фанза», переводимое как 1) небольшой китайский дом; 2) легкая китайская шелковая материя. В «Словаре русского языка» С.И. Ожегова (1973) слово «хунхузы» уже отсутствует, а «фанза» имеет только одно значение – крестьянский дом в

Китае и Корее. В «Словаре иностранных слов» (1985) появляется слово «хунвэйбины» – название молодежных отрядов, сформированных в Китае в начале так называемой «культурной революции» для расправы с негодными ей лицами [2, 3, 4]. Объясняется это лингвистическое явление сугубо политическими или экономическими причинами. Хунхузы (от китайского – hong huzi – красная борода) до 1930-х годов терроризировали население Дальнего Востока. Но со временем хунхузов удалось нейтрализовать; с их исчезновением ушло из словарей и само слово, обозначавшее специфическое социальное явление определенного периода. С прекращением ввоза материи, как основного продукта китайской промышленности, исчезло из словарей и второе значение слова «фанза». В связи с изменением политической обстановки как в КНР, так и в России, слово *хунвей-бин* так же исчезло из российского лексикона и словарей.

После активизации политических, культурных и экономических связей между Россией и Китаем в конце XX века процесс заимствований получил новое развитие. В несколько раз выросло количество китайских слов, употребляемых носителями русского языка в профессиональной деятельности и в быту. Конечно, следует признать, что пока абсолютное большинство этих терминов относится к так называемым *экзотизмам*, отличительной особенностью которых является отсутствие русских синонимов, и обращение к ним при описании жизни другого народа продиктовано необходимостью. Часть из них можно отнести к *заменяемым* экзотизмам, то есть таким, которые можно перевести на русский язык без ущерба для смысла, например: вок – сковорода; дацзыбао – рукописная газета; фанза – хижина, хунхуз – разбойник, хутун – улица и т.д. Употребление таких экзотизмов обусловлено только потребностью создания местного колорита. Большую же часть китайских слов следует пока относить к *незаменимым* (непереводимым) экзотизмам: нельзя слово *юань* перевести как рубль, словом *баоцзы* назвать жареные пирожки, а словом *хуацяо* – любого китайца. В заключении мы приводим список наиболее часто употребляемых *китаизмов* (более 40), уже зафиксированных в электронной версии словаря Современного русского литературного языка (Распределение по группам наше. – Л.И.).

*Научные, политические и экономические термины*

Инь	- отрицательное (женское) начало мироздания в китайской философии
Ян	- солнце; положительное (мужское) начало мироздания в китайской философии
Дао	- путь, правило, принцип; термин китайской философии
Фэншуй	- ветер+вода; геомантия
Коутоу	- обряд коленопреклонения с прикосновением пола головой
Жэньминьби	- валюта КНР (юань – единица этой валюты)
Дацзыбао	- рукописная газета, написанная крупными иероглифами
Пиньинь	- стандартная транслитерация китайского языка
Пипа	- китайская лютня
Эрху	- старинный китайский струнный смычковый инструмент
Путунхуа	- литературный китайский язык
Ханьцзы	- китайские иероглифы
Чэньюй	- устойчивый оборот из четырех иероглифов
Хуацяо	- китайцы, проживающие за рубежом
Хунвэйбин	- красный караульный; участник молодежных отрядов в годы «культурной революции»
Хунхуз	- бандит, вооруженный грабитель
Тайфун	- региональное название циклона
Шамора	- старое название песчаного пляжа (от китайского shamuo – песчаная пустыня, пески) на берегу Уссурийского залива, носящего официальное название бухта Лазурная

*Спортивные термины*

Бацзицюань	- одно из боевых искусств Китая
Кунфу	- работа, труд, мастер; вид боевых искусств (гунфу)
Ушу – вид боевых искусств	- вид боевых искусств
Тайцзицюань	- оздоровительная гимнастика, вид борьбы (тайцзи, тайчи)
Цигун	- дыхательная гимнастика

*Бытовая лексика*

Фанза – небольшой дом, хижина	- небольшой дом, хижина
Хутун	- старая, небольшая улочка
Вок	- кастрюля, котелок, сковорода; китайская сковорода



Ципао	- традиционное шанхайское женское платье
Женьшень	- лекарственное растение
Байховый чай – сорт чая	- сорт чая
Улун	- красный чай
Лунцзин	- разновидность зелёного чая
Баоцзы	- китайские пирожки, приготовляемые на пару
Манты	- китайская булочка (маньтоу)
Цзяоцзы	- китайские пельмени
Рамэн	- пшеничная лапша
Тофу	- пищевой продукт из соевых бобов
Байцзю	- вид китайской водки
Маотай	- крепкая китайская водка из города Маотай
<i>Породы собак</i>	
Чау-чау	- порода комнатных декоративных собак
Шарпей	- порода сторожевых, охотничьих и бойцовых собак
Ши-тцу	- одна из древнейших пород собак

Улучшение и развитие всесторонних отношений между Россией и Китаем на самых разных уровнях будет неизбежно способствовать взаимному развитию и обогащению обоих языков.

1. Калинин А.В. *Лексика русского языка*. – М., 1978.
2. Ожегов С.И. *Словарь русского языка*. – М.: Советская энциклопедия, 1973.
3. *Словарь иностранных слов*. – М.: Русский язык, 1985.
4. *Толковый словарь русского языка конца XX века. Языковые изменения / Под ред. Склярёвской Г.Н. Российская академия наук, Институт лингвистических исследований*. – СПб.: Фолио-Пресс, 1998.
5. Фасмер М. *Этимологический словарь русского языка Т.1-4*. – М.: Прогресс, 1986-1987.
6. Фомина М.И. *Современный русский язык: Лексикология*. – М., 1990.
7. Шанский Н.М. *Лексикология современного русского языка*. – М., 1972.

#### Түйін

Бұл мақалада қазіргі орыс тіліндегі шетелден кірген сөздер қарастырылады.

#### Summary

This article is about the foreign words in the modern Russian language.

### ПАРСЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІН ҮЙРЕТУ АРҚЫЛЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Д.Танаева – ҚазҰПУ Магистратура және PhD Докторантура институтының филология кафедрасының парсы-ағылшын бөлімінің магистранты*

Әлемдік ғылым мен білім жоғары интеграциялық деңгейде тұрған жаңа ғасырда тек қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті емес, сонымен бірге бүкіл әлемдік өркениет пен мәдениеттің қазіргі кезде түбегейлі өзгеруін көріп отырмыз. Әлем халықтарының мәдени мұрасы – адамзатқа ортақ рухани құндылықтар қа-зынасы. Әр халықтың ұлттық мәдени ерекшеліктері оның ғасырлар бойы жасаған тілінен көрініс табады.

Қазақстанның әлемдік өркениеттегі мемлекет тұлғасы танымал болған жаңа кезеңде ұлттық және жалпыадамзаттық мәдени құндылықтарды тоғыстыра, будандастыра қарастырудың маңыздылығы зор. Оның үстіне еліміз өз егемендігін алып, тәуелсіздігі тұғырлы, еңселі ел болып қалыптасқаннан кейін қазіргі кезде шет елдермен мәдени және ғылыми байланыстарымыз ұлғайып, әр түрлі шет ел тілдерін меңгеруге, сол тілде сөйлесіп, қарым-қатынас жасауға қол жеткізіп отырамыз. Соның айғағы ретінде парсы тілін әдеби, тарихи, қарым-қатынас тілі ретінде статусы жоғары тілдің бірі деп танымыз.

Қай халықтың болсын әдет-ғұрып, дәстүрі, танымдары, аңыз-ертегілері, өлең-жырлары, ұлттық ойындары т.б. ерекше тәрбиелік мәні бар баға жетпес асыл қазынасы. Түрлі салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ойындар, халықтың рухани сезімін, адамгершілік қасиетін, мінез-құлығын ғана қалыптастырып қана қоймай, дүниетанымын кеңейтіп, түрлі білімдер негізінен мағлұмат береді.

Парсы әдебиетінің бір бөлігі мақал-мәтел арқылы студенттің тілін дамыту – сол елдің әдеби мұрасы-мен толық танысу, Иран елінің мәдениетін, дүниетанымын кеңінен тануға мүмкіндік береді. Парсы әдеби-еті өте бай, тарихқа толы болып келеді. Ақын, жазушылардың әр кезеңде жазған мақал-мәтелдері, сол заманда болған әділетсіздікті қысқа мағынада жеткізіп, әділеттілікке, тәртіпке, адамдық қасиеттің болуы-на терең ой салып отырған. Мысалы:

هرچه زود براید دیر نیاید

(Оңай түскен нәрсе көпке жетпейді) (Саади).

به سختی مردن به كه بار منت دونان كشيدين

(Тексіздік күнін кешкеннен қиналып өлген артық).

Міне, осы мақал-мәтелде әділетсіздік пен қатаң заман суреттелген. Тексіздіктің болмауын мақал-мәтел арқылы жеткізіп, тексіз болсаң күйіңнің нашар болатынын суреттеп қысқаша жеткізіп, тәртіпке шақырып тұр.

Парсы тілі тобында оқитын студент тіл мен қатар сол елдің әдебиеті мен мәдениетін де меңгереді. Мақал-мәтелдерді жаттап, үйрену, талқылау, аудару, баламасын табу барысында өз тілін дамытады және оны ғылыми жұмыс, конференцияда, белгілі бір тақырыпта шығарма жазу кезінде қолданатын болады. Әңгіме барысында, екі адамның немесе топтың арасында мақал-мәтелдерді қоса сөйлеу оның сол тілді терең меңгеріп, шешен екенін көрсетеді. Жоғарыда берілген мақалда студенттің қарапайым сөзден, әдеби тілде сөйлеуге итермелейді. Қазақ тіліндегі баламасы «Оңай түскен нәрсе көпке жетпейді», – деген мақал-дың өзі күнделікті сөзбен алғанда «Оңай келген ақша тез кетеді» дегенді білдіреді. Әр сабақ барысында кем дегенде бір немесе екі мақал-мәтелді қолданып, мағынасын талдап, өз тіліндегі мақалмен баламасын салыстыра қарастырған баланың тілін жылдам дамытады.

Мақал-мәтелдердің басқа тілдік бірліктермен салыстыра алғанда өзіндік ерекшеліктерін, күрделілігін, мән-мазмұнының тереңдігін айқын көрсететін тұстардың бірі – аударма жұмысы. Бір тілден екінші тілге тәржімелеу барысында мағынасы мен тіркес құрамындағы мүшелері дәлме-дәл келетін теңбе-тең балама-сы немесе контекстік мағынасы сәйкес эквиваленті қолданылуы мүмкін.

Адам баласын табиғатпен біртұтас, үндес жаратылыс десек, оның тілі – адамзат жаратылысының басты қасиеті, ерекшелігі.

Ұлт тілі ұлттың тууымен бірге қалыптасып, оның пайда болуы мен өмір сүруінің алғы шарты болып табылады. Халықтық эпостарда, аңыз-жырларда, өткен ғасырлардағы ақын-жыраулардың шығармала-рында және басқа да бірқатар тілдік бірліктерде де ұлттық мәдениеттен ақпарат беретін нышан болады. Бұндай нышан тілдік бірліктердің бірінде имплицитті түрде (жасырын, байқалмайтын); екіншісінде эксплицитті (ашық) түрде тілдегі кейбір тұлғалардың сыртқы нысанының өзі «ұлттық бітімді» ұлтқа, мәдениетке тән белгісі қолданысқа түскенде ғана анықталады [4, 35 б.]

Ал, мәдениет – сан ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың рухани құндылығын қамтитын, ұлттық дүниетанымынан хабардар ететін сананың жиынтығы.

Тіл мен мәдениет тығыз байланысты, себебі тіл, біріншіден ата-тегімізден мұра болып табылатын мәдениет бөлігі, екіншіден, мәдениетті меңгеруші маңызды құрал, үшіншіден, мәдени құбылыстар тек тіл арқылы ғана жүзеге асады деген пікірде.

Тіл мен мәдениет байланысының тарихы тым ерте кезден, яғни, В.Гумбольдт, А.А. Потебня және т.б. ғалымдардың зерттеулерінен бастау алады. Мұны В.Гумбольдтың: «Тіл – халықтардың рухының көрінісі және әр тілдің өз дүниетанымдық көзқарасы болады», – деген қағидасы дәлел.

Сонымен, лингвомәдениеттану тіл мен мәдениеттің, тіл мен этностың, тіл мен ұлттық менталитеттің арақатынасын сипаттап, зерттеп, зерделейді. Лингвомәдениеттану нысаны – тіл мен мәдениеттің өзара әсері мен арақатынасы, тілдегі рухани және материалдық құндылықтардың көрінісі, яғни адам еңбегінің нәтижесінде пайда болған құндылықтар.

«Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» үшінші бағыты «Дамыған тіл мәдениеті – зиялы ұлттың әлеуеті» деп аталады. Мемлекеттік бағдарламада тіл мәдениетіне ерекше мән беріліп отырғаны жайдан-жай емес. Адам мен адам, жеке адам мен қалың жұртшылық арасындағы тілдік қарым-қатынас екі түрлі жолмен – ауызша және жазбаша түрде жүзеге асады. Біз айтпақ болған ойымызды, біреуге немесе көпшілікке арналған хабарымызды бір-бірімізге не сөйлеу арқылы, не жазу арқылы жеткіземіз. Ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып, жетілген тілдің жазу, айту нормалары қалыптасады. Өркениетті қоғамда сол қоғамның орта, жоғары білім алған мүшелері сауатты жазумен қатар айту нормаларын да бұзбай дұрыс сөйлей білуі тиіс. Тілдік тұлғаның тілді қанша-лықты меңгергендігі оның жазғанынан ғана емес, сөйлегенінен де көрініп тұрады.

Кез-келген тілдік құбылыстың табиғатын оның тек тілдік заңдылықтарына сүйеніп қана қоймай, сонымен қатар халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына назар сала қарау лингвомәдениеттану пәнінің үлесіне тимек. В.Гумбольдт еңбектерінен басталған тіл біліміндегі тіл мен мәдениет-тің қарым-қатынасы мәселесінің тұжырымдарын төмендегідей анықтауға болады: 1) материалдық және рухани мәдениет тілде көрінеді; 2) кез келген мәдениет ұлттық, оның ұлттық сипаты тілде көрінеді; 3) ұлттық рухтың көрінуі оның мәдениетінде; 4) тіл – адам мен оны қоршаған әлемді жалғастырушы аралық [1, 203 б.]

Тіл дамытудың басқа түрлері сияқты оқу-тәрбие жұмысының барлық салаларында оқушылардың сөйлеуін, ой-өрісін дамытуда, көзқарасын, тәлім-тәрбиесін қалыптастыруда халық ауыз әдебиетінің бір түрі – **мақал-мәтелдердің** алатын орны ерекше. Мақал-мәтелдер балаларға терең ой салып, көркем-образды сөйлеуге жаттықтырып, сөздік қорын дамытады.

Бала тәрбиесіндегі халқымыз асыл сөзін, даналық ойларын мақал-мәтелдер арқылы үлгі-өнеге ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Тек қазақ халқы емес, әр ұлттың, әр халықтың мәдениеті мен әдебиетінде, өркениетінде ұлттық өзіндік ерекше нақыш болады. Иран Ислам Республикасының әдебиет саласы діни тақырыптарға көп тоқталған. Діни және де басқа да әр түрлі тақырыпта жазылған мақал-мәтелдері арқылы баланы терең ойлы етіп тәрбиелеген. Бала тәрбиесіндегі мақал-мәтелдерді тақырыптық жүйемен топтап ұсынған. Мысалы: «Оқу білім бұлағы» ( ز دانش پیر بنا ) «توانا بود هر که دانا بود / مرا در روز مهنت یار باید / و گرنه روز شادی یار بسیار» ( «Еңбек» (کار نکرده رامزد نباشد), «Достық-жолдастық» (مرا در روز مهنت یار / خود بود ) «Жаман аттан аяғым артық, жаман жолдастан таяғым артық» (در کامرانی صد هزار / اگر کار کنی. مژدی ستانی / چو بیکاری. یقین بی مزد مانی) «еңбек түбі зейнет» т.б. студент мақал-мәтел арқылы сөздік қорын байытады және бойына қуат алып, жақсылыққа ұмтылады. Сонымен қатар шет ел тілін үйрене отырып, мәдениеті мен әдебиетімен танысады. Сол елді толық танып, қарым-қатынас жасауда достыққа шақырып, түсініспеуші-ліктің алдын алады. Бала тәрбиесіндегі басты мәселенің бірі – еңбек ете білуді, үлкендер еңбегін бағалау-ды үйрету десек, мақал-мәтелдерде бұл назардан тыс қалмаған.

Студенттің сөйлеу тілін дамыту үшін мақал-мәтелдерді төмендегідей түрлерде қолдануға болады:

- Мақал-мәтелдің құрамындағы белгілі бір сөзерді қалдыру арқылы: мысалы, «...отбасынан басталады», «Оқу инемен құдық...» және т.б. Осы жерде мақал-мәтелді толықтыруға тырысқанда ойланып, әр түрлі баламаларды қарастырып, өз ойын, тілін терең дамытады. Қандай мақалды алсақ та, оның шығуына үлкен уақиға, мәнді әңгіме себеп болған. Мақал соларға берілген баға, жасалған қорытынды, яғни «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» есебінде жүреді. Халық аз сөзге көп мағына сыйдыра отырып, өзінің өмірін-де көргендерін, бастан кешірген кезеңдерін, алған тәжірибелерін мақал арқылы айтып береді. Бұл жағынан алғанда, көптеген мақалдар ақыл-өсиет, нақыл сөз есебінде қызмет атқарады.

Сол сияқты бастауыш сөзді жасырып, оның орнына сурет қойсақ, парсы тілінде сол суреттегі бейненің атын тауып мақалды толықтырады. Мысалы:



жапырағымен көрікті

[1, 42 б.].

- Осындай тапсырма-жаттығуларды қолдану студентті жалықтырмайды, керісінше олардың қызығу-шылығын арттырып, жаңа сөзді табу арқылы сөздік қоры баиыды. Сонымен қатар, тек қана сөйлеуін дамытып қоймай, олардың таным үрдістерінің дамуына да ықпалын тигізеді. Парсы мақал-мәтелдерін зерттеуші ғалым Халық Көроғлы: «Мақал-мәтелдер қоры әрбір халықтың әлеуметтік хал-күйінің айнасы екендігін көрсетеді» [2, 38 б.]. Өлең, әңгіме, мысал, мақал-мәтелдер т.б білу арқылы студенттің тілі дамиды.

Адамның жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ететін факторлардың бірі – тіл. Тіл арқылы әрбір адам өз ойын, пікірін, сезімін жеткізеді. Сондай-ақ, тіл – адамдарды қауымдастыратын, біріктіретін құрал. Адамдар арасында қарым-қатынас қызметін атқаратындықтан, тіл арқылы адамдар бір-бірімен тілдік қатынасқа түсіп, пікірлесіп, түсінесе алады. Тіл «адамдық белгісі» болғандықтан, ол арқылы қарым-қатынасқа түсу тек адамдардың меншігі. Сонымен қатар, тіл – халық мәдениетінің негізі. Қандай халық болмасын, өз мәдениетін өз ана тілінде қалап, дамытады. Өз ана тілінде жазылған түрлі өнер туындыла-ры, әдебиет мұралары сол халық мәдениетінің жетістігі.

Сондықтан мектеп, колледж, жоғары оқу орындарында тілді оқыту жұмыстарына ерекше көңіл бөліне-ді. Тіл арқылы балаға барлық ғылымның негіздері үйретіледі. Оқушылардың білімді болуының басты айтушының сөзін тындай білуден, дұрыс сөйлей алудан басталады.

Қай халықтың мәдениеті болмасын ежелгі заманнан бері өмір сүріп, ұлыстар мен тайпалардың матери-алдық мәдениеті мен рухани мәдениетінің заңды жалғасы және жаңа заманға сай дамып қалыптасқан түрі болды.

Белгілі бір халық жөніндегі мәдени құндылықтары жеткізушіні тіл десек, оның ішінде демек, фразео-логизмдер адамдардың, халықтың тарихи қалыптасу, даму кезеңдеріндегі күллі тіршілік-

тынысын танытушы саналады. Халық санасының, салт-дәстүрлерінің, әдет-ғұрыптарының бәрін бойында сақтаған дербес мағыналы лексикалық бірлік. Онда халықтың болмыс-тіршілігі, мәдениеттің тылсым сырлары толық, кеңінен көрініс табады. Сондықтан да фразеологизмдерді өткен тарихтың, салт сананың, ұлттық болмыс бейнесінің, аңыздар мен ертегілердің және т.б. жиынтығы деп қарауға болады. Кез-келген тілдегі фразеологиялық қорды сан жағынан әрі мазмұны жағынан байытып тұратын фактор – сол тілде сөйлеуші халықтың рухани және материалдық мәдениеті.

Қорыта келгенде, ұлттың мәдени өмірінің көрінісі мақал-мәтелдерде және фразеологиялық қорда ерекше. Онда ұлт менталитеті көрінісі тұтастай қамтылады десек асыра айтпағанымыз болар. Әр ұлттың тілдік ерекшеліктерінде, ұлт мәдениетінде әрбір халықтың ұлттық сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады.

1. Ермагамбет Ә. «Психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы» Дефектология, -2008.

2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» – (журнал) 1997 жыл.

3. Ғаломреззо Озрели. «Иранның атақты мақал-мәтелдері» – Тегеран.

4. Жүсіпова Р. Б. «Ағылшын және қазақ мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық сипаты». – Алматы, 2004.

### Резюме

В статье рассматриваются персидские пословицы и поговорки.

### Summary

In the article the Persian proverbs and sayings.

## ЭТНОЛИНГВИСТИКАНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

**П.Болат** – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың магистранты

Этнолингвистиканың негізін салған ғалым В.Гумбольт (1767-1835) «Ява аралдарындағы киви тілдері» атты еңбегінің алғашқысында этнолингвистикалық ұстанымдардың тиянақты концепциясын баяндап берді. Л.Вайсгербер оның идеясын жалғастырып (1950), «Неміс тілінің күші туралы» атты төрт томдық еңбегін-де неміс мәдениетінің ұлттық сипатын зерттеді. Тіл бірліктерінің астарында этностың қасиеттері мен мәдени асыл қазыналарының мол қабаты көрініс беретіндіктен, бұл мәселенің шешімін ізденуші этнограф, философ, әлеуметтанушы, психолог ғалымдар да әр дәуірде сан алуан ой-пікірлер айтты. Бұл бағытта зерттеудің алғашқы нысандарын XVIII-XIX-ғы неміс ғалымы Иоган Гердердің еңбектерінен бастау алатынын атауымызға болады. Ол ұлттың, этностың рухани құндылығы – миф, таным – түсінік, тіл, моральдық нормалар, әдет-ғұрып, салт-дәстүр қағидаларын уақыт пен кеңістік аясында қарастыруға ерекше назар аударса, тіл білімінің аса көрнекті ғұламасы В.Ф. Гумбольт – тілдің жарыққа шығу адамзат-тың ішкі қажеттілігімен байланысты, ол тек адамдар арасында ғана емес, адамда жаратылысынан бар рухани күш пен дүниетанымдық білімді дамыту үшін керек, яғни әр халық өз тілін – адам іс-әрекетінің қарауы ретінде жасайды, – деп тұжырымдайды [1]. Ғалымдар пікірлерінен, адамның қоршаған әлемді танып білу көзі – оның басқа рухани құндылықтарымен өзара тығыз байланыста екенін аңғарамыз. Бұл идеяның заңды жалғасын көптеген ғалымдар өз зерттеулеріне арқау етті. В.Гумбольт ізбасарлары Г.Штейнталь мен М.Лацаурс этностар психологиясының тілге әсерін зерттеп, индивитті психикалық тұрғыдан этностық тілді қалыптастырудағы рөлін талдау жасаса, тіл білімінің ірі майталманы Фердинанд де Соссюр тіл мен мәдениеттің, ұлттық таным мен ойлаудың іліктес екенін бағыт-бағдар сілтейді [2]. Яғни қоғамның даму заңдылықтарындағы күрт өзгерістер мен ерешеліктерге қарамастан әлемдегі әрбір ру, тайпа, этностың өзіндік болмыс-бітімін сақтап қалуы этнография, психология, тіл білімі үшін аса маңызды жетістік екені бұдан кейінгі зерттеулерге арқау болды.

Этнолингвистикалық зерттеулер XIX-XX ғасырлар аралығында Э.Сепир, Б.Уорф, Ф.Баостың т.б. Солтүстік және Орталық Американдық үндістердің тіл ерекшеліктерін қарастыру негізінде пайда болды. Бастапқыда этнолингвистика алғашқы қауымдық құрылыс деңгейінде өмір сүретін халықтардың қоғам-дық-әлеуметтік қарым-қатынастарының тарихы туралы деректерді тілдің оған сәйкес құбылыстардың зерттеу мәселесімен айналысты. Бұл зерттеулерге үлес қосқан Ф.Баос, А.Л. Кребер сияқты ғалымдар болды. Американдық үндістерінің тілдік ерекшеліктеріне зерттеу жүргізген Б.Уорф алғашында мұны «тілдік ықтималдық пен детерменизм» гипотезасы деп атады. Кейінінен бұл тіл білімінде «Уорф гипотезасы» деген атауға ие болды. Яғни этнолингвистик терминінің тіл білімінде қалыптасуы Уорф есімімен тығыз байланысты. Ол жергілікті үндістердің бірнеше тайпаларының тілдерін зерттеп, ондағы тілдік элементтерді оның мәдениетін, антропологиясымен, этностық

сипатымен байланыстыра қарайды. Этнолингвистика-ның қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан ғалымның бірі – Эдуард Сепир де этнос тілі мен мәдениетіне қатысты өзіндік ой-тұжырымын білдірді [3]. Оның пікірінше: «Тіл – әлеуметтік шындықты түсінудің негізгі құралы, күнделікті өмір мен дүние тану амалдары субъектілердің қай тілде ойлауына байланысты; Тіл – мінез-құлық нормасын көрсетуші құрал; Халықтың мәдени дәрежесін оның тілін зерттемей тұрып түсіну мүмкін емес» – деген сияқты этнолингвистиканың өзіне тән басты белгілері этностың дүниетаны-мына тіл арқылы керектігін баса көрсетті [4]. XX ғасырда этнолингвистика мәселелерін Н.И. Толстой, С.М. Толстая, В.В. Иванов, А.Ф. Журавлев, В.Н. Топоров, Ә.Қайдар, М.М. Копыленко, Е.Жанпейсов т.б. қарастырады. Орыс және славян тілдерінде жалпы этнолингвистика мәселелеріне ғылыми зерттеу жүргізген, тіл табиғатының нәзіктігі мен сыршылдығын ашуда этностың рөлі мен маңызының зор екенін жан-жақты теориялық тұрғыдан сипаттай отырып, осы ғылым саласына арнап үлкен монографиялық еңбек жазған ғалым Н.И. Толстой болды. Ол этнолингвистиканы тіл білімінің үлкен бір саласы, тіл мен ұлттың менталитеті, тіл мен халық шаруашылығы арасындағы корреспонденция түрлерінің қарым-қатынасына, байланысына жол көрсететін тіл біліміндегі жаңа бағыт деп көрсетеді [6].

Қазақ этнолингвистиканың зерттеу нысаны мен өзіндік ерекшелігі. Енді қазақ этнолингвистиканың қадау-қадау мәселелеріне ой жүгіртіп, өз пайымдауларымызда ортаға салып көрейік. Жоғарыда этнолингвистика о бастан-ақ екі ұдай объектінің – этнос және оның тілінің – ортасынан туындаған ғылым саласы дедік. Демек, бұл этнос пен оның тілі арасындағы табиғи тұтастықты саналы түрде сарапқа салып мойын-дау, «этнос жоқ жерде тіл болмайды, тілсіз этнос болмайды» деген қағиданы нақтылы зерттеуге өзек ету деген сөз.

«Әдетте, осы екі объектіні – «этнос» пен «тілді» біз тым еркін, кең мағынада да қолдана береміз. Осы-ған байланысты біз өз тарапымыздан ұсынып отырған концепциямызда «этностың» орнына «этнос бол-мысы», «тілдің» орнына «тіл әлемі» деген ұғымдарды қолдануды жөн көрдік», – дейді академик Ә.Қайдар өзінің «Қазақ тілінің кейбір мәселелері» атты еңбегінде. Оның екі-үш түрлі себебі бар: біріншісі – «этнос» деген ұғымының ауқымы тым кең және барша жұртқа бірдей түсінікті еместігі; екіншісі – «этносты» тар мағынада сыйғызып, жоғарыда көрсетілгендей «мәдениет», «этнография», «мифология» т.б. осы сияқты ұғымдардың баламасына айналдыруға келмейтіндігі; үшіншісі – этнолингвистиканың этностың шығуы тегін, қауым ретінде қалыптасу процесін ғана емес, сонымен қатар оның тілінде қалыптасқан деректер арқылы болмысын паш етуге мүдделі екендігі. Сонда «этнос» және «этнос болмысы» деген ұғымдарды этнолингвистика тұрғысынан қалай түсіну керек? «Этнос» – ғылым жүзінде: «өткен бір дәуірлерде дүние-ге келіп, белгілі бір географиялық ортада қалыптасқан, шұғылданған тіршілігі біріңғай, мінез-құлық ұқсас, діні де, тілі де бір, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпы ортақ, өзінің ортақ тегін, туыстығын, тұтастығын сезіне білетін, сатылып даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы» болып танылады. Мұндай этностар жер жүзінде өте көп және олар сан жағынан да, даму сатысына бойынша да әр түрлі: көбісі халық, ұлт дәрежесіне көтерілсе, ру-тайпа деңгейінде қалып қойғандары да аз емес. Қазақ этносы болса, бүгінде өзінің шарықтау шегі – ұлт дәрежесіне көтеріліп отыр. Зерттеу мақсатына байланысты қазақты «этнос» деп қараудағы мақсат – оны төмендету емес, қайта оның басып өткен ұзақ та сатылы даму жолын саралай түсудің, тарихи этностұлға ретінде танудың бірден-бір дұрыс жолы, кепілдігі деген сөз. Енді осы «этнос» деген тарихи күрделі ұғымды сол қалпында ала салмай, этнолингвистика мақсатына орай «этнос болмысы» деген ұғыммен алмастырудың себебіне келсек, ол да ойға қонарлық уәж сияқты. Біріншіден, этностың жеке мәселерін емес, оның тұтас бейнесін, барша болмысын анықтау қажет; екіншіден, этнос туралы толық мағлұмат тек оның тіл қазынасында ғана сақталады. Этностың шынайы болмысы басқа ғылымдар дәл этнолингвистикадай айқындай алмайды. Сонда «этнос болмысы» деп нені түсінеміз? Оны Ә.Қайдар былай түсіндіреді: «этнос болмысы» – этностық бейнесі, тарихи тұлғасы және ол туралы реальды шындық. Басқаша айтқанда: «этнос болмысы» дегеніміз – этностың сонау балаң кезеңінен бүгінгі есейген шағына дейінгі кешкен өмірінің айнасы, оның тілі арқылы қалыптасып, жадын-да сақталып, ұрпақтан нәсілге мирас болып ауысып келе жатқан бай рухани-мәдени қазынасы.

Этнос туралы кейбір деректер бүгінгі ұрпаққа археологиялық қазбалар мен сәулет кесенелері, тас мүсіндер мен қашалып жазылған тас ескерткіштер арқылы да жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі – этнос басып өткен өмірдің мың да бір елесі ғана. Этностың шынайы бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тілі арқылы ұрпақ жадында сақталады екен. Этнос тілінде оның өзі туралы ғана емес, өзі жасап келе жатқан табиғи ортасы мен қоғамдық қарым-қатынастары туралы да, жан дүниесі, жүрек сыры, қуануы мен сүйінуі, ренжуі мен күлуі, түс көруі, ұққаны мен түйгені, танымы мен талғамы, барлықтағы құбылысты өзінше бағалап-бағамдауы бәрі-бәрі, біле білсек, өз тілінде өрнегін тауып, өзіне-өзін көрсететін айна іспеттес. Этнос туралы осыншама мол деректер мен мағлұматтар тек тіл ғана өз бойына сыйғызып, сары майдай сақтап, шашпай-төкпей ұрпағына жалғастыра алады. Осы қасиетіне байланысты тіл феноменін – «тіл әлемін» этностың өзін танып-білудің қайнар көзі, біліктіліктің кәусар

бұлағы десек, артық айтқандық емес. Бұл ұғымның ауқымына тілдің барлық қасиеті түгел сыйып тұрғандай: этностың дүниеге келгеніне ұйытқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып-білудің өлшемі де – сол тіл т.т. осының бәрі «тіл әлемінен» табылады. «Адамтану», «қоғамтану», «табиғаттану» деп аталатын ғылым салаларының қалыптасуына негіз болатын да, біле білсек, тек осы тіл білімі. Сонымен тіл әлемі дегеніміз – этнос болмысына қатысты мыңдаған, тіпті миллиондаған бірліктердің жиынтығы, синтезі. Міне, осынау бай тіл қазынасы этнос болмысы тұрғысынан толық меңгеру, оның бейне бір тұңғық теңіздей терең мағына-мазмұнына бойлап еніп, оны игеріп, таны-білу, жүйелей түсіп, жан-жақты зерттеу – этнолингвистиканың ең басты міндет-мақсаты болмақшы. Этнолингвистиканы зерттеуші ғалымдар тілді кейде көп бұлақтан бастау алып, арнасына сыймай, асып-тасып жатқан шалқар дарияға теңейді, шынында да, оның мәңгілікті қалайтын, жасай бергісі келетін, жасаған сайын жасара беретін ғажайып құбылыс екеніне байланысты болса, этнолингвистиканың дүниеге келіп, өзін болашағы зор ғылым саласы екенін көрсете бастауы, оның ана тіліміздің, міне, осы бір қасиеті мен құдіретіне байланысты. Этнолингвистиканың негізгі зерттеу нысаны мен мақсатын анықтауда академик Ә.Қайдардың тұжырымы мынандай:

Этнолингвистиканың зерттеу объектісі – барлық жағдайда да этнос тілі екендігі айтылады. Алайда ғылым-білім саласында тілге тікелей қатысты, оны әр тұрғыдан зерттеуші, оған арқа сүйеуші пәндер көп-ақ. Олардың біразы этнос тіліне байланысты этнолингвистикамен де сыбайлас, тілдік деректерді өз мүддесіне қарай зерттеп, білуге бағышталған ғылым, білім, мәдениет т.б. салалар.

Қазақ этнолингвистикасының өзіндік ерекшеліктері. Сонымен, қазақ этнолингвистикасының қалыпта-су, даму үрдісінен кейбір өзіндік ерекшеліктер де байқалады. Ол жалпы этнолингвистикалық идея аясын-да туындап, қазақ этносын оның тілі арқылы танып-білу мақсатымен бұдан жиырма бес жыл бұрын басталған ізденіс барысында іргетасы қаланып, өзінің бағыт-бағдарын, мақсат-мүддесін айқындай түскен, зерттеу объектілерін саралап, тәсіл-әдістерін күн санап ширата түскен ғылым саласына жатады. Алайда бұл айтқанымыздан қазақ этнолингвистикасы өзінің шарықтау шегіне жетті деген ұғым тумаса керек. Бірақ ол – ғалымдар тарапынан қолдау тауып жатса, өзінің даму барысында әлі де шындала түсері кәміл өміршең ғылым. Қалай болған жағдайда да: қазақ этнолингвистиканың бүгінде өзінше түйген ой-тұжырымы, өзінше бағамдап, бағдарлауы, өзіме тән деп айта алатын ерекшеліктері жоқ емес. Солардың біразын санамалап өтейік:

1. Қазақ этнолингвистикасының өзі үшін біржолата басын ашып, айқындап алған мәселе – қазақ этносының ұлттық бейнесін, өзіндік болмысын толық та түбегейлі түрде тек оның тіл байлығы – тіл әлемі арқылы ғана жан-жақты танып-білуге болатындығы.

2. Қазақ этнолингвистикасы алдына қойған мақсаттың мүддесінен шығу үшін этнос тіліне қатысты көптеген қоғамдық пәндермен де, лингвистика салалармен де бірлесе отырып, өзара сыбайлас, іліктесе әрекет ететін, бірақ олардың бірде-біреуінің шылауында жүрмейтін, пәнаралық қызмет атқарып, қолбала да болмайтын, өзіндік үрдісі мен принципін сақтаушы әмбебап ғылым.

3. Қазақ этнолингвистикасы қазақ тілінің лексикалық байлығын мүмкін болғанша түгел қамтып, іңдет-те зерттеуде мақсат етеді. Тіл әлеміндегі этнос бейнесін тек лексика қорының жиі қолданылатын үстіңгі қабатындағы мағыналық бірліктер негізінде ғана емес, сонымен қатар оның төменгі қабаттарына, қойнау-ында тұнып жатқан сөз маржандары арқылы да жаңартуға тырысады. Этнолингвистикалық зерттеулердің өзіндік ерекшелігі – әдеттегі сөздіктерге ене бермейтін құнарлы да сапалы, бейнелі де, көркем, көне де ба-йырғы сөз өрнектерін, тіпті айтуға тыйым салынған ұят сөз деректері де, әзіл-қалжындарды да қамтуында.

4. Қазақ этнолингвистиканың тағы бір принципі- лексикалық байлықтың мазмұны мен мән-мағынасын этностық таным тұрғысынан толық ашу, этнос болмысына қатысты бағалы мағлұматтар мен құнды деректерді түгел сөйлету, тілдің өзіне тән бояу- нақышымен бейнелі де көркем түрде суреттеу.

Бұл принциптер мыңдаған бірлікте екі түрлі деңгейде – алғашқы номинативтік мағынасы мен этнос-тық танымынан туындаған этнолингвистикалық мағынасы деңгейінде – түсіндіруді, анықтауды, топшы-лауды, сипаттауды талап етеді. Бірінші деңгейдегі түсініктеме, анықтамаларды біз әр түрлі лексикогра-фиялық еңбектерден кездестірсек, екінші деңгейдегі терең де жан-жақты түсініктемелер тек этнолингвистикалық зерттеулерде ғана білуге тиіс. Бұл туралы төменде жеке тоқталамыз. Этнос болмысындағы сан алуан заттар мен құбылыстар бір қарағанда бас-аяғы араласып, қобырап жатқан дүние болып көрінуі мүмкін. Ал, шын мәнісінде, олар табиғи болмысынан-ақ бірінен-бірі туындап, бірі мен бірі мағына-мазмұн жағынан, логикалық, тақырыптық қатыстығына қарай жүйе-жүйесімен тұрған, объективті заңды-лық бойынша реттелген дүние. Алайда бұл заттар мен құбылыстардың табиғи реттілігі мен жүйелілігін тіліміздегі мыңдаған атаулар арқылы анықтау мүмкін емес. Оны алфавит тәртібімен де көрсете аламыз. Міне, осы орайда, этнолингвистикалық зерттеудің жүйелілікке байланысты тағы бір ерекшелігі, ұстана-тын принципі байқалады. Қазақ этнолингвистикасы зерттеу объектілерін өзара іштей топтастыра зерттеу принципін қатал сақтауды талап етеді. Бұл жүйелілік

принципі талабынан туындайтын әдіс-тәсілдердің біріне жатады. Жоғарыда көрсетілгендей, объективті болмыстағы заттар мен құбылыстардың табиғатын, тылсым сырын танып-білудің екі түрлі жолы бар: оның бірі-тілдегі барша атауларды хатқа түсіріп, алфавит тәртібімен қарастыру да, екіншісі – олардың мән-мағынасына, қолданылатын тақырып сәйкесті-гіне, өзара байланыс – қатыстылығына қарай топтастыра зерттеу. Кез келген этностың мәдениеті шеңбе-рінде көзі ашылмаған мол қазынаның бастау бұлағын іздеп, оларды сала-сала бойынша жинап-теріп, мән-мазмұны күңгірттенген ұғымдар мен түсініктерді, сөздер мен тіркесімдерді шығу себебімен қалыптасуын, даму дәстүрін байланыстыра қарастыруда этнолингвистиканың маңызы зор.

1. Аронов Ф.К. *Этнолингвистическая природа народных космоимов в казахском языке. Автореферат канди-татской диссертаций филологических наук.* – Алматы, 1992.
2. Шойбеков Р.Н. *Лексика ювелирного искусства в казахском языке. Автореферат кандидатской диссертаций филологических наук.* – Алматы, 1987.
3. Копыленко М.М. *Основы этнолингвистики.* – Алматы: Евразия, 1995.
4. Толстой Н.И. *О предмете этнолингвистики, ее роли в изучении языка и этноса//Ареальные исследования в языкознании и этнографии. Язык и этнос.* – Л.: Наука, 1983.
5. Қайдар Ә. *Қазақ тілінің кейбір мәселелері.* – Алматы, 1998.
6. Атаханова Райхан Кенжетәева. *Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты (қазақ және неміс тілдері негізінде). Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссер-тация.* – Алматы, 2005.
7. Жанпейісов Е. *Этнокультурная лексика казахского языка. Ғылым, 1989.*

#### Резюме

Этнолингвистика – этнос, духовная ценность, язык менталитетации, одно большая отрасль языкознания.

#### Summary

Ethno-linguist – ethnos spiritual value, language mentality of nation, large one the industry linguistics.

### ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СӨЗЖАСАМЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

#### К.С. Шералиева – магистрант

Түркі тілдерінің ішіндегі ең бай да таза, табиғаты бұзылмай сақталған тіл – қазақ тілі. Бұл сөзімізді татар ғалымы А.Саадидың пікірі дәлелдей түседі: «Қазіргі ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай бұрынғы қалпында сақталып қалған бір тіл болса, ол қазақ тілі және қазақ әдебиеті, шын ғылым үшін біз мұны ашық айтуымыз керек» [1, 18]. Тіл ғылымында осындай жоғары дәрежеге ие болған қазіргі қазақ тілінің даму барысындағы сөзжасамдық өзгерістер мен құбылыстарды тек оның түпкі тарихын зерттеу арқылы ғана анықтай аламыз. Себебі, қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесінің түп негізі көне заманнан бастау алатыны мәлім. Ал тіліміздегі сөзжасам жүйесі орта қыпшақ дәуіріндегі қалпын сақтап отырмағаны түсінікті нәрсе, себебі үздіксіз даму нәтижесінде болған кез келген тіл айтарлықтай өзгерістерге ұшы-рап отырады. Сондықтан да тіліміздің сөзжасам жүйесінің бастау көзі ең көне жазба ескерткіштер тілінен басталып, содан бері дамып, толығып, сұрапталып, екшеле келіп қазіргі жүйелі дәрежеге жеткені зерттеу-шілер тарапынан үнемі айтылып келеді. Әрине бұдан көретініміз қай тілдің болмасын сөзжасам жүйесі аз уақытта ғана қалыптаса қоятын құбылыс емес, керісінше ұзақ дәуірлер ішінде дамып тұрақталады.

Жалпы тіл білімінде сөзжасам жүйесіне мынадай анықтама берілген: «Сөзжасам – жаңа сөз жасаушы морфемаларды зерттейді. Сөзжасам да, морфология да сөз құрамын зерттейді. Екеуінде де сөздің құрамы негізгі морфема мен көмекші морфемадан тұрады. Айырмашылық көмекші морфеманың мағынасы мен қызметіне қатысты. Сөзжасамдық жұрнақ сөз мағынасын өзгертіп, жаңа мағына береді, не сөз мағынасы-на өзгеріс қосады. ... Сөзжасам негіз сөзден туынды сөздердің, яғни туынды түбірлердің жасалу жүйесін зерттейді» [2, 194]. Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан алар болсақ сөзжасам жүйесі әбден қалыптасып, жүйеге түскені белгілі. Тіліміздің сөзжасам жүйесінің бастау көзі ең көне жазба ескерткіштер тілінен басталып, содан бері дамып, толығып, сұрыпталып, екшеле келіп қазіргі жүйелі дәрежеге жеткені зерттеушілер тарапынан үнемі айтылып келеді. Әрине бұдан көретініміз қай тілдің болмасын сөзжасам жүйесі аз уақытта ғана қалыптаса қоятын құбылыс емес, керісінше ұзақ дәуірлер ішінде дамып тұрақталады.

Қазіргі қазақ тілінің түп бастауы болып табылатын жазба ескерткіштерде түбір сөздермен қатар туынды сөздердің де болғандығы белгілі. Яғни жаңа мағынада қолданылуы арқылы жүзеге асқан. Бұдан сонау көне түркі тілінің өзінде сөзжасам жүйесі морфологиялық, синтаксистік, семантикалық тәсілдер арқылы берілгендігін байқаймыз. Осыған орай зерттеуші ғалымдар қазақ тілінің сөзжасам

жүйесінде көне замандардан бері қарай әбден орныққан сөзжасамның негізгі үш тәсілі бар екенін көрсетеді:

1. Синтетикалық тәсіл
2. Аналитикалық тәсіл
3. Лексика-семантикалық тәсіл [2, 199].

Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасалады. Туынды сөз деген теминнің өзі қазақ тіл білімінде тұрақты бір мағынада қалыптаспаған, сондықтан туынды сөз деп сөзжасамның барлық тәсілдері арқылы жасалған сөздерді айтуға болады.

Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасау үшін түбір сөзге сөзжасамдық жұрнақ жалғануы керек. Бұл тәсілді сөз еткенде түбір сөзге тоқтала кету керек тәрізді. Өйткені лексикалық мағынасы бар сөзге ғана сөзжасамдық жұрнақ жалғанып барып қана туынды сөз пайда болады. Қопармалы (флективті) тіл болсын, жалғамалы (аглютинативті) тіл болсын, яғни барлық тіл атаулының бәрінің өзегі, негізгі көзі – түбір болып табылатыны белгілі. Зерттеушілердің пайымдауынша түркі тілдеріндегі түбірлердің зертте-луіне қатысты алғашқы еңбектер Н.И. Золотницкийдің «Түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігі» мен «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі».

Түбірдің тарихы сандаған ғасырлармен есептеледі. Сондықтан осындай ұзақ процесс кезінде кей түбірлер қолданыстан шығады, мағыналары көмескіленіп кетеді немесе жаңа түбірлер пайда болып отырады. Мұндай алғашқы түбірдің көмескіленуі арқылы пайда болған жаңа түбір тұлғаларды тек тарихи салыстырмалы әдіспен ғана анықтауға болады. Бұл туралы М.Сабыров: «Егер қазақ тіліндегі сөздерді синхрондық сөзжасам тұрғысынан талдасақ, тілдің ең соңғы бөлінбейтін бөлшегі дербес мағыналы түбір-лерді оңай анықтаймыз, ал диахрондық тұрғыдан түсініксіз, дербес мағынасы жоқ, бірақ тарихи тұрғыдан үңілсек, белгілі бір дәуірде дербес түбір болғанына көз жеткізуге болатын лексикалық қалдықтарды кездестіруге болады», – дей отырып: «Тілдегі толыққанды сөзжасамға негіз болып тұрған дербес мағына-лы түбірмен бірге сөз құрамынан бөлінетін, бірақ қазіргі тіл тұрғысынан мағынасы жоқ өлі түбір болса да, тарихи тұрғыдан алғанда мағынасы анықталып, қазіргі тілдегі жаңа сөздің өзегі болып тұрған түбірлер бар. Яғни өлі түбірлер қазіргі тірі тілдердің бойында өмір сүретіні айдан анық», – деп орынды пікір айтқан [3, 11].

Ал ғалым Б.Сағындықұлы қазақ тіліндегі түбірлердің сөзжасамдық даму жүйесін басқа түркі тілдері-мен салыстыру арқылы жан-жақты зерттеп, түбір мен қосымшалар арасындағы байланысқа қатысты: «...біздің байқауымызша, алғашқы түбірлер үш түрлі бағытта дамыған, әрі фонетикалық, әрі семантика-лық, әрі грамматикалық жағынан өзгерген. Осының нәтижесінде олардың варианттары басқа басқа сөз сияқты ұғынылады. Сыртқы тұлғасын сақтап, іштей мағыналық өзгерістерге ұшыраған түбірлер де кезде-седі. Бұл сірә, кейінгі дәуірлердің жемісі болса керек. Керісінше, лексикалық мағынасы сақталып, дыбыс-тық молфологиялық құрылымы бойынша оң алған сөздер де бар. Бұлардың қай-қайсысы да жеке-жеке талдағанда өзінің сыр сипатын ашады. Бүкіл жұрнақтар мен жалғаулар толығынан дерлік түбір сөздерден пайда болған» деп ой түйіндейді [4, 136].

Сонымен сөзжасамның синтетикалық тәсілі арқылы туынды сөз жасау үшін бірінші түбір, екінші жұрнақ қатысады. Ал туынды түбірлердің мағына байланыстылығы тіл білімінде сөзжасамдық ұя арқылы анықталады. Мысалы қазақ тіліндегі *бас* сөзінен 137 туынды түбірдің жасалғандығы көрсетіліп жүр [2, 204].

Бұл мақалада Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат ат тауарих» пен Әбілғазының «Түркі шежіресі» шығармасындағы сөзжасамдық жүйе қазіргі қазақ тілімен салыстырыла қарастырылады. Қазіргі кезеңде жеке тілдер ретінде саналатын қазақ, қарақалпақ, құмық, ноғай, балқар, башқұрт, татар, қарайым, қарачай тілдері – қыпшақ тобына жатады. Зерттеуші ғалымдар қыпшақ тілдерінің негізгі көне түркі тілінен бастау алып орта дәуірінде қалыптаса бастаған деген пікірде.

Мысалы, қазіргі тіліміздегі *жең* сөзін түбір деп ала отырып, оны тарихи сөзжасам тұрғысынан талдасақ былай болып шығады:

Иең (жең), иең++мек (жеңіс), иең+ул (жеңіл), иеңіл – (жеңілу). Сонда қазіргі қазақ тілінде қолданыла-тын зат есім *жеңіс* пен етістік *жеңіл* сөздерінің түбірі бір болып шығады. Қазіргі қазақ тілінде *жең* – етістік пен *жең* – зат есім ғана түбір сөз ретінде ұғынылады.

Сондай-ақ қазіргі қазақ тілінде *жаңыл* және *жаңсақ* сөздерін екі түрлі мағынадағы сөз ретінде қабыл-даймыз. Егер *жаң* – ды түбір ретінде бөліп алар болсақ ешқандай да мағыналық ұғымды білдірмейді. Ал көне түркі тілінде *иан* түбірінің мөлшер, дәреже, қалып мағынасындағы дербес сөз ретінде қолданылған-нын ескерсек *жаңыл* және *жаңсақ* сөздері қыпшақ тілді ескерткіштерде әрі қарай мағыналық жақтан кеңінен тарамдалып қолданыла бастаған. Бұл талдаулардан мынадай қорытынды шығаруға болады, өлі немесе мағынасы көмескіленген түбірлер қазіргі тілімізде қолданылып, сөзжасам жүйесі арқылы жаңа мағыналы сөз туғызады екен. Яғни олар тарихи тұрғыдан қарағанда, бұрын жеке қолданылған, жеке мағынасы бар сөздер болған. Сондықтан бірбуынды (моносиллабикалы) тілдер қатарына жататын қазақ тілі үшін түбірдің құрылымын анықтау, яғни *түпкі түбір мәселесі шешілмеген*



түйіні көп, өзекті пробле-маның бірі.

Сөзжасамның келесі бір тәсілі – аналитикалық тәсіл. Аналитикалық тәсілде екі немесе одан да көп сөздердің бірігуінен жаңа мағыналы сөз пайда болады. Яғни бұл тәсіл арқылы пайда болған сөз күрделі сөз деп аталатыны мәлім. Күрделі сөз болу үшін кем дегенде екі лексема қатысуы керек.

Зерттеушілердің көрсетуінше қазіргі қазақ тіл білімінде аналитикалық тәсілдің төрт түрі бар: 1) сөзко-сым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту [2, 205].

**1) Сөзқосым.** Аналитикалық тәсілдің сөзқосым түрінде екі не одан да көп сөз біртұтас дыбыстық құрамға кіргізіп, бір ұғымды білдіретін бір лексемаға айналады. Сөзқосым тәсілі арқылы жасалған сөздер біріккен және кіріккен сөздер деп аталады. Біріккен және кіріккен сөздердің ережелері тіл білімінде былайша көрсетілген: «Біріккен сөздердің ішкі сыңарларының әрқайсысы өздерінің жеке тұрғандағы дыбыстық құрамын толық сақтайды: *қолбасы, таусағыз, бойтұмар*. Бірақ біртұтас лексикалық мағынаға көшеді. Кіріккен сөздердің құрамындағы сыңарлардың дербес дыбыстық құрамы толық сақталмай, олар біртұтас жымдасқан дыбыстық құрамға көшеді: *білезік – білек + жүзік, анар-алып + бар* [2, 205].

Ескерткіштер мәтінінде кеңінен қолданыста болған, ал қазіргі тілімізде фонетикалық өзгерістерге ұшыраған мына сөздерді тарихи сөзжасам тұрғысынан қарағанда аналитикалық тәсіл арқылы жасалған деп айтуға болады: *бозқұш* (боз + құс) – түсі ақшыл құс, *деуеқұш* (түйе + құс) – ірі құстың бір түрі, *күнтуғмыш* (күн + туу) – күн шығыс, *қарақұс* (қара + құс) – бүркіт, қарақұс, көбкөк (көп + көк) – көгі көп, көкпенбек, *атегері* (ат + ер) – аттың ер тоқымы т.б.

**2) Қосарлау.** Бұл тәсіл арқылы қос сөздер жасалады. Жалпы ескерткіштерде қос сөздер өте аз қолданыста болған: *келу келу* – келе келе, *чоп чөвре* – дөп-дөңгелек, *ғазабьга уа азабыга* – қиын-қиын, *түрлүк түрлүк* – түрлі-түрлі.

**3) Тіркестіру.** Аналитикалық тәсілдің тіркестіру түрі арқылы жасалған күрделі сөздер екі дербес сөзден жасалады. Бірақ сыңарлары мағына дербестігін жоғалтып, біртұтас мағынаны білдіреді. Мысалы: *су жылан* – суда жүзетін жылан, *суық торғай* – торғайдың бір түрі [2, 206].

Ал аналитикалық тәсілдің қысқарту түрімен жасалған қысқарған сөздер ескерткіштер мәтінінде кездеспейді.

Сөзжасамның үшінші тәсілі лексика-семантикалық тәсіл туралы сөз еткенде, оның басты объектісі негізінен, жекелеген сөздер болады. Кез-келген ұлттың сөздік қорындағы лексикалардың негізгі көне замандардан бастау алып, сабақтаса дамитыны белгілі нәрсе. Сондықтан да әр сөз өзіндік даму тарихында семантикалық және фонетикалық жақтан өзгерістерге ұшырап отырады.

Тіл білімінде лексика-семантикалық тәсілге мынадай анықтама берілген: «Лексика-семантикалық тәсілде сөздің құрамы, тұлғасы ешбір өзгеріске түспейді, өзгеріс тек сөздің мағынасында ғана болады. Сөз дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, тілдегі бұрынғы қолданылып жүрген мағынасының үстіне жаңа мағына қосып алады, тілде жаңа мағынасында да қолданыла бастайды. Сөздің тек мағына-сында өзгеріс болғандықтан, бұл тәсіл лексика-семантикалық тәсіл аталған» [2, 207].

Тіл білімінде сөз мағынасының өзгеріп, жаңа мағына ие болуының немесе кеңеюінің екі түрлі себебі басым көрсетіледі:

1. Сөз мағынасының өзгеруінің тілден тыс немесе сыртқы себептері.

2. Тілдік немесе лингвистикалық себептер. Академик І.Кеңесбаев сөз мағынасының өзгеруі бірнеше ғасырлардың жемісі болғандықтан, ұзақ уақытты талап ететін үздіксіз процесс екенін атап көрсетеді: «Сөз мағынасы өзгереді, дамиды, мағына аясы бірде кеңейе түсіп, бірде тарылады, түрлі бейнелі мағыналар үстемелеп, бірде сөз қолдану тәсілі толығып, бірде соны мағына туады, заман ағымына қарай, қай реттер-де, сөз де сөз мағынасы да мүлде жаңарады. Сөйтіп сөздің семантикасы үздіксіз екшеліп отырады» [5, 2].

Жоғарыда аталған ескерткіштерде кездесетін төмендегі сөздер қазіргі тілімізде мынадай сөзжасамдық өзгерістерге ұшыраған:

*Сіңлі* – сіңілі. Ескерткіштерде *сіңілі* сөзі қарындас деген мағынада жұмсалған. Қазіргі қазақ тілінде *сіңілі* тек қана әйел адамның өзінен кіші туысына қатысты ғана қолданылады.

*Ұлғ* – ұлы, үлкен. *Ұлғ* сөзі жазба ескерткіштердің барлығына жуығында негізінен ұлы (ұлық, мәрте-белі) мағынасында қолданылып (*ұлғ адам, ұлғ патша т.б.*) көбінесе адамға қатысты айтылады. Ал қазір тілімізде бұл сөздің

1. Орасан зор, үлкен ірі (дүрмек, оқиға, той);

2. Асқан кемеңгер, данышпан, озық ойлы деген мағыналары бар.

Ұрұқ – ұрпақ. Бұл сөз ескерткіштерде ұрпақ мағынасында жұмсалса, қазіргі тілде сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі арқылы мынадай мағыналық өзгерістерге ұшыраған

1. Анық организмнің құрсағында өсіп-жетілетін ұрпақ;
2. Ұрықтанған өсімдік гүлінен өсіп шығатын бөлік, жеміс;
3. Тұқым, дән.

Ескерткіштерде сөздердің тіркесуі арқылы да белгілі бір мағынаны білдіретін сөздер тобы бар, бірақ оларды қазіргі тілімізбен салыстырғанда семантикалық айымашылықтары айтарлықтай деуге болады:

*Дем ұрмады* – үндемеді (ештеңе айтпады). Ол кіші менің бұл сөзүм раст келгенден соң неч дем ұрмады – ол кісі менің бұл сөзім шын болған соң ештеңе айтпады.

*Құлақ ұрұб* – тыңдау. *Құлақ ұрұб тұрдұм* – тыңдап тұрдым.

*Иүзіне бақдым* – жүзіне қарадым. *Аларның иүзіне бақдым* – Олардың беттеріне (жүздеріне) қарадым.

Қорыта айтқанда, сөз мағынасының лексика- семантикалық тәсіл арқылы тарылуы, кеңеюі, өзгеруі халық өмірімен, яғни тарихи, қоғамдық, әлеуметтік т.б. жағдайлармен тікелей байланысты. Мақаламыз-дың түйінін академик І.Кеңесбаевтың мына сөзімен аяқтағымыз келеді: «...өмір шындығы тілдің лексика-сы саласынан айқын сезіледі. Өйткені қоғам өміріндегі түрлі құбылыстар, тарихи кезеңдер белгілі бір лексикалық ұғыммен ұласып жатады... Халықтың белгілі бір дәуірдегі саяси, шаруашылық, мәдени тірші-лігі де, адамның ішкі рухани дүниесі де, салты да тілдің дыбыс жүйесінен, сөз тұлғасынан, сөйлем құрылысынан гөрі, сөз мағынасынан айқынырақ білініп тұрады» [5, 1].

1. Саади А. *Тіл, әдебиет, язу Іәм олардың өсулері.* – Қазан, 1926.

2. *Қазақ грамматикасы.* – Астана, 2002 ж. – 784 б.

3. Сабыров М. *Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» поэмасының тіліндегі реликт тұлғалар.* Филология ғылым. Канд. Ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. Диссертация, 10.02.06 / ҚРБҒМ, Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану ин-ты. – Алматы, 1995 – 197 б.

4. Сағындықұлы Б. *Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері.* – Алматы, 1994 ж. – 166 б.

5. Кеңесбаев І. *Қазақ тілі түсіндірме сөздігі.* – Алматы: Ғылым, I т., 1959 ж.

#### Резюме

В статье дается общее понятие о системе словообразования в казахском языке. Рассматриваются методы слово-образования, говорится о трудах ученых исследователей, которые исследовали словообразование, дается понятие о словообразовании и примеры, объясняется приобретение новых слов с помощью суффиксов, которые имеют новые смысловые значения. Объясняется какое значение имеет слова древних слов в древних письменных памятниках в современном казахском языке.

#### Summary

In article the general concept about system word formation in the Kazakh language is given. It is considered word formation methods word formation methods. It is spoken about works of scientific researchers which investigated word formation, the concept about word formation and examples is given, acquisition of new words by means of suffixes which have new semantic value speaks. What value speaks pledges in modern Kazakh language words of ancient words in ancient song monuments.

### АКТЕР ТІЛІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПРАГМАТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

**М.К. Несипбекова** – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің магистранты

Бүгінде жиі қолданылатын «тілдік тұлға» термині ХХ ғасырдың 80-жылдары пайда болды. Гумбольдт тілді ұлттың мінезі мен рухын бейнелейтін «адам тұрмысындағы ішкі қозғаушы күш» деп сипаттаса, И.А. Бодуэн де Куртэнэ «сөйлеу тілі адамның миында, жадында, ал оның қалған қызметі дүниені тануда-ғы түрлі ассоциацияларда көрінеді» дейді. Ал М.М. Бахтин болса, «тілдік қарым-қатынас барлық салада да – даралыққа ие, сондықтан да ол сөйлеушінің дара қасиетін танытады» дейді.

Тілдік тұлға туралы идея алғаш В.В. Виноградовтың еңбегінде көтерілгенмен, бұл терминді енгізген Г.И. Богин деп саналады.

Нақты тілдік портреттер туралы айтсақ, бұл ұлттық мінез-құлықты танудың жолы, әлемнің ұлттың тілдік бейнесіне тереңдеудің тәсілі болып табылады. Тілдік портреттер – күнделікті қолданатын тілден өзгеше, өтіп бара жатқан ғасырдың бірегей куәсі деп көрсетіліп жүр.

Актер – тілдің эстетикалық жүгін арқалаған шығармашылық тілдік тұлға. Актердің тілдік тұлғасының ерекшелігі – көптеген образдар жүйесін құрайтын тілдік тұлғаларды арттыруында. Т.Г. Винокурдың мына бір пікірі дәл осы актер қауымына арналғандай: «Творческая личность, обладающая

согласно современным характеристикам, высшим уровнем языковой компетенции, может стремиться к тому, чтобы, с одной стороны, пронести постоянство, целостность и независимость своего стилового облика через различных коммуникативных сфер, а с другой стороны, именно благодаря этому сформировать его многомерность, готовность варьировать речевое поведение как личное, регулярно осуществляемое умение выполнять разные речевые роли, составляемые из присвоенного разностильного репертуара языковых средств в приметительно к обстоятельствам общения [1, 128]. Бұған қоса оның сыртында, актер қауымы тілді түрлендіріп жеткізуге, түрлі рөлдерді әр түрлі ойнауға міндетті.

Зат, құбылыс, табиғат жүйесінің, қоғам жүйесінің, адамның іс-әрекеті түрлерінің белгілі бір межесі мен шегі болады. Тілдік қарым-қатынастың да белгілі бір ортақ әлеуметтік межесі болатыны белгілі. Актер тіліндегі тілдік қарым-қатынаста осы бір ортақ межеден шығып, шектен асып кеткен ауытқуға бірден жұрт назары ауады. Әдетте, сөйлеуші өзінің тыңдаушысының әлеуметтік мәртебесін ескермей сөз саптаса, әдеп, моральдық, этикалық, діни нормаларды ескермесе, әлеуметтік нормаларды бұзу болып табылады. Алайда белгілі бір нормадан ауытқудың бәрі бірдей теріс әрекет бола бермейді, керісінше оның коммуникативтік әсер-ықпалы ерекше болады. Белгілі бір коммуникативтік мақсатқа, диттемеге байланысты жөн біле отырып ауытқу прагматикалық мақсатқа тән уәжді ауытқуға жатады. Сахна тілінде қарым-қатынас кезінде «іріктелген», «тұрақталған», «уақыт сынынан өткен» қолданыстағы жүйелер белгілі бір себептен, «бұзылып» жатады. Сөз субъектісі реципиентке әсер, ықпал етудің тілдік риторика-лық, стильдік тәсілі мен амалы ретінде сөзді тіркеспейтін сөздермен тіркестіруі, сөзді әдеттегі, үйреншікті мағынасынан өзгеше мәнде жұмсайды, фразеологизм, паремиологизмдердің тұрақты құрылымын «бұзып» қолданады, сөзді түрленбейтін қосымшалармен түрлендіреді, орфографиялық, орфоэпиялық тәртіптен ауытқиды. Сөйтіп, автор реципиенттің мәңгіді қабылдау үрдісіндегі автоматизмді әлсіретуге тырысады. Белгілі бір мақсатты көздеп, нормадан ауытқуды прагматикалық ауытқу деп атаймыз.

Тілдік норма дегеніміз – қоғамдық коммуникация кезінде әбден іріктелген, уақыт сынынан өтіп тұрақ-талған тілдік жүйенің бөлігі, жиынтығы. Жоғарыдағы мәселелерді ескере келе, актердің тілдік тұлғасын айқындайтын екі бағытты көрсетуге болады. 1) актерді «сөйлеуші тұлға»; 2) «шығармашылық тұлға» ретінде қарастыру. Біз актерді екінші бағыт бойынша эстетикалық бағдарға бағынған, тілдік стратегиясы күрделі шығармашылық тілдік тұлға ретінде қарастырамыз.

Тілдегі бардың бәрі – егер адам тұлға ретінде танылса, ол мәдениетке үлес қоса алатын болса, индивидтің игілігіне жарайды. Бұл түрлі рөлдегі актерге де қатысты. Актер – элитарлы тілдік тұлға. Бізді қызықтырып отырған аспект – коммуникативтік құралдарды талғап қолдану. Тілдік бірліктердің фонети-калық-сегментты және супер сегменті құралдары дыбыстық тілдегі ең алғаш назар аудартқан мәселелер болды.

Сонымен, тіл әрқашан дербес қолданылады. Көп жағдайда ол тілдің көтеретін экспрессивті және эстетикалық жүгіне байланысты қолданылады. М.М. Бахтин «тілдік қарым-қатынастың түрлі саласында-ғы экспрессивті сәт түрлі мағына мен күшке ие, ол барлық жерде кездеседі», – дейді [2, 57].

Жазба мәтіндерді стилистиканың басым қарастыратындығы белгілі. Функционалды стилистикамен қатар, тілдік бірліктердің және мәтін стилистикасы бұл ғылым саласының негізгі құрылымдық бөліктерін қамти отырып, эстетикалық мәнге ие тұтас көркем шығармалар тілдік бірліктерді қамту мәселелерімен де айналысады. Стилистиканың бұл бөлімі «автор образын», персонаждар тілін, диалогтарды, тілдік элементтерді іріктеу, сондай-ақ жазушының тілі мен жеке-авторлық стилін қарастырады.

В.В. Виноградов көркем әдеби тілдің бастапқы деңгейі деп дара тілдік құрылымды, персонификация-лы тілді есептейді. В.В. Виноградовтың бұл идеясының астарында «әдеби-тілдік түйсінудің», идиолектер-дің, жазушылардың тілдік қолданысының бірқатар мәселелері жатыр. Дара-авторлық идиолектерде нақты дәуірдің жалпы поэтикалық тілі қамтылады дейді Ревзин. Структураның идиолектісі оның эстетикалық ұстанымдарымен, яғни көркем образ жасаудағы оның стратегиясы мен тактикасына байланысты болады.

«Образдылық», «образды» терминдері стилистикада түрлі мағынада қарастырылады. «Кең түрде образдылық термині өнердің барлық түрінің ажырағысыз белгісі, эстетикалық идеалды шынайы түйсінудің формасы болып табылады. Көркем контексте сөз шығарманың күрделі образды жүйесін құрап, эстетика-лық қызмет атқарады. Классикалық стилистиканың негізгі бірлігінде сөз номинативті деңгейдің бірлігі ретінде танылады», – дейді А.О. Тымболова [3, 182].

Көркем шығармалар тілі ауызша және жазбаша тілдің аралас қолдануынан құралатындығы белгілі. Демек, жазушы шығармаларында ауызекі сөйлеудің құрылымдарын аяқ астынан тудырып, «суреттік» қана көрінісін бермейді, тілдік материалдарды мақсатты түрде сұрыптап қолданады. Жанды сөйлеудегі кейіпкерлер тілі өзгерістерге ұшырап, автордың көркемдік шешіміне орай түрлендірулерге ұшырайды. Диалогтардың түрлерін қолдану жазушының жағдаяттық және идеялық көзқарасына сәйкес, образды

жан-жақты ашуда іске асырылады.

Бүгінгі таңда, сөйлеуші мен тыңдаушының арақатынасындағы қалыптасатын тілдік құралдарды айтқанда, көркем шығармалардағы диалогтарда синтаксистік бірліктер ғана емес, коммуникативтік құрал-дар жүйесінің барлығы (әрбір интонация, әрбір одағай, қалыптасқан, эстетикалық мәні бар әрбір құрылым) да маңызды. Сонымен, жазбаша және сахналық диалогтарды ажырату мәселесінде мынадай мәселені бөліп көрсетуге болады, драматург-жазушылардың бір шығармасының әдеби редакциясы мен сахналық нұсқасының арасындағы айырмашылық.

Жазбаша диалогтың барлық ауызша көрініс табуы, егер ол табиғи шықсын десе, қағаз жүзіндегі нұсқа-сынан өзгертілуі тиіс.

Әдеби шығармалар «орындалатын» қасиетке ие. Яғни, мұндай орындалушылық Винокурдың пікірін-ше «сахналық (актерлық және режиссерлық) драмалық диалогтың коррекциялары» болып табылады. Біздіңше, мұндай «орындаушылық» негізге жазбаша драмалық мәтіннің тіліндегі коммуникативті деңгейін атауға болады.

Сахнадағы актер диалогтың екі компонентінде – бақыланатын және естілетін жүзеге асырылады.

Тілдің коммуникативтік деңгейін семантикалық талдау теориясы тұрғысынан жазба мәтін мен оның сахнадағы орындалуы номинативті емес, сөйлеушінің, тыңдаушының және жағдаяттың қатынасы комму-никативтік тұрғыдан маркерленген мазмұнға қатысты болуы керек деп есептейміз. Дәл осы коммуника-тивтік деңгей өзіндік табиғатына сай түрлендірудің үш түрін (мақсаттылық, конструкция, құрал) қамтиды.

Сөйлеу тілі, ережеге сай, әдеби тіл нормасының деңгейінде болады, алайда сөйлеу тілінің жекелік сипатына, оның дамуы мен өсу қарқындылығына байланысты импровизациялау, нормативтік емес лексиканы қолдану және тағы басқа тілдік норманың бұзылуының арқасында, нақты бір қатынас жағдайларын-да кері кетіп те жатады. Бұған тілдегі әдеби, кодталған түрлерімен қатар жаргон, арго, профессионализм, диалектілік және жекелік ерекшеліктердің болуына әкеліп соғады және сөйлеу тіліне тән орталық тенден-циялардың болуы дәлел болады.

Драмалық мәтіндердің негізіне тілдің коммуникативті деңгейінің табиғи қалпына жататын диалогтар жатады. Біз кешенді түрде көркем шығармадағы репликадағы барлық коммуникативті құралдардың эстетикалық рөлін зерттеуді мақсат еткен едік. Актер тілі тек интонацияны жетік меңгерумен ғана шектелмейді, мықты актер мәтіннің табиғатын «ішкі түйсік», актердің орындауындағы мәтіннің номина-тивті деңгейі сол қалпында сақталуы тиіс, ал коммуникативтік деңгейі сөйлеушінің тарапынан түрленуі мүмкін.

Сонымен, драмалық сөйлеу шығармасындағы тіл мен сөйлеу түсініктеріне дифференциациялау жүргі-зе отырып, олардың бірлігі мен бір-бірімен ажырамайтын қабілетін танып білеміз. Актер тілін жанр ерекшелігіне байланысты, өз кезегінде кейіпкерлердің сөйлеу тіліне құрылатын сөйлеу шығармасы ретін-де зерттеу міндетін қоя отырып, қарастырытын объекті ретінде сөйлеуді алып, сөйлеуге ғана тән маңызды сөйлеу қабілеттерін көрсетеміз. Оларға мыналар жатады:

1. Сөйлеу шығармасы (мәтін) автор мен оқырман арасындағы көркем коммуникацияны көрсететіндік-тен, драмалық сөйлеу шығармасына қатысты оны жасайтын сөйлеуді жіберуші – драматургтың анықтау-шылық мәні болады. Онсыз сөйлеу шығармасы болып саналатын драма мәтіні мүмкін болмайды. Бұл сөйлеудің қасиеті дербестелгендік (эгоцентрикалық) деп аталады.

2. Сөйлеу, ережеге сай, тыңдаушыға арналған сөйлеушінің нені ойлайтынын, нені сезінетінін беру мақсатында жасалады. «Сөйлеудің екінші маңызды ерекшелігі сол, оның тікелей сөйлеу актісімен байла-ныстылығы, яғни – сөйлеудің адрестілігі» – деп жазады Г.Я. Солганик.

3. Сөйлеудің жалпы психотүрмен, темпераментімен, сол сияқты сөйлеушінің эмоциялық жағдайымен, оның сөйлеу пәні мен адресатына қатынастарымен өтетін жағдаятпен тығыз байланысы экспрессивтілік деп аталатын сапасын құрайды. Оның тілдік құралдары эмоциялық айшықталған және образдық лексика, эмфатиялық және одағайлық сипат лексикасы, күшейтілген грамматикалық конструкциялар, лепті сөйлемдер және қайталамалар болып табылады. Егер сөйлеудің аталмыш сапалары көркем драматургия-лық коммуникацияның екі – 1) жіберуші/автор және оқырман/адресат арасындағы; 2) пьеса кейіпкерлері арасындағы деңгейін сипаттаса, байланыстылық пен кесіп айту, біздің ойымызша, коммуникацияның екінші деңгейіне тән болады және кейіпкерлердің сөйлеу сипаттамасында маңызы зор.

Драмадағы сахна тілінің кейіпкерлерінің болып жатқан оқиғаға өзінің қатынасын, эмоциялық жағдай-ын, өзінің мүддесін, сол сияқты өзін тұлға ретінде көрсетуін білдіретін диалог, монолог пен репликалар арқылы білдіретін формалары бар. Сондықтан да драмадағы сөйлеу тілі сол арқылы автордың қандай да бір образ жасайтын және драматургиялық шығармаға, оның әрекет етуші тілдік тұлғаларға талдау жасай-тын, оның идеялары олардың сөйлеу тілін қарастырмай мүмкін болмайтын, қол жетпейтін құрал болып табылады. Драмалық сөйлеу шығармасының адресаты оқырман/көрермен

болып табылады. Мұнда сөйлеушінің тілдік құзыреті айқындалады. Сөйлеудің байланыстылық пен кесіп айту сияқты сапалары сөйлеушінің тілдік құзыретінен басқа, оның интенциясы мен дискурстың гендерлік аспектісін бейнелейді. Драмалық сөйлеу тілін талдау барысында лингвистикалық, психолінгвистикалық, әлеуметтік лингвисти-калық, коммуникативтік, когнитивтік, прагмалінгвистикалық, гендерлік тәсілдерді қолдану негізге алынады.

Тілдік әрекеттің жоғарғы нәтижесіне қол жеткізу сөйлеушінің бағыты мен әдіс тәсіліне байланысты.

Коммуникативтік стратегия туралы бірқатар зерттеушілер жазды. «Коммуникативтивная стратегия говорящего состоит в выборе коммуникативных намерений, распределении квантов информации по коммуникативным составляющим и выборе порядка следования коммуникативных составляющих в предложении» (4, 38). Яғни, Т.Е. Янко коммуникативтік стратегияны сөйлеу актілері мен лингвистикалық прагматика теориясы тұрғысынан қарастырды. Коммуникативтік ауқымды тілдік пайымдауларды (констатация, сұрау немесе өтініш), тема және ремадағы ақпараттың көлемі, стиль (эпикалық, ауызекі) және жанр (өлең, драма т.б.) т.б. қамтиды.

Драмалық шығарманың тілін талдау дегеніміз – әрекет етуші пьеса кейіпкерлерінің тілін талдау болып табылады. Көркем әдебиеттің ерекше түрі ретінде драма өзінің ерекшелігіне сай, кейіпкерлерінің сөйлеу тіліне құрылады. Кейіпкерлер, олардың мінездері мен көзқарастары, сол сияқты өзара қарым-қатынастары, қарсылықтары мен қақтығыстары сөйлеу арқылы көрінетін әдебиет жанры – драма – сөйлеу әдебінің нысаны ретінде прагматикалық көзқарас тұрғысынан талдауға тиімді де. Драмада сөздің прагматикалық қызметі – сөйлеу әсері, интеракция – оның жанрлық ерекшеліктеріне сай өседі: мұнда әрбір сөз көп қабат-ты және көп қызметті болып келеді. Мұнда сөйлесімдік және сөйлесімдік емес – әлеуметтік-коммуни-канттардың өзара әсері сияқты коммуникативтік актілерге және соған сәйкес – тілдік, тілді қолданудың әлеуметтік ережесіне көңіл аударылады. Ауқымды әлеуметтік контекстегі сөйлесімдік қатынас мәселесін зерттейтін лингвистикалық прагматика дәстүрлі тілдік құбылысты талдаудың жүйелік-құрылымдық тәсіліне қарама-қарсы «әрекеттегі тіл», «жағдаяттағы тіл» зерттеу арнасынан өткен ғасырдың соңғы ширегінде тіл білімінің саласы ретінде қалыптасты. Ч.Моррис айтып өткендей, прагматика қатынас кезінде коммуниканттарға әсер ету үшін тілдің қолдануын қарастырады. Прагматиканың пайда болуы сөйлеу әрекетін зерттеумен, сөйлеу механизмін талдаумен, сөйлеудің әлеуметтік актісімен байланысты.

Прагматика мен оның құраушы бөлігі – Дж.Остин мен Р.Серльдің еңбегінде айтылған сөйлеу актісінің теориясы – алдымен «қарапайым тілге» және жанды сөйлеу тілінің процесіндегі сөйлесімге қатысты пайда болған болатын, соңғы жылдардағы зерттеулер көркем шығармадағы прагматикалық тәсілдің жемістілігін нақты көрсетіп отыр. Бұл лингвистикалық зерттеу материалы болып қызмет ететін тілдік тұлғаның үлгісі ретінде бейнеленетін кейіпкері бар драмаға қатысты қолданылады. Драма саласындағы сөйлеу қатынасының контекстіндегі лингвистикалық прагматика саласының бірі – көркем сөздің прагма-тикасын түсінуге негіз болатын Л.В. Щербаның мына пікіріне назар аударайық: «Сөйлеу процесінде біз осы сөздің ешқашанда естімеген формаларын қолданамыз, ешқандай сөздік қарастырмаған сөздерді жасаймыз, ең бастысы, белгілі бір тіркеу заңдары бойынша сөздерді тіркесек те, үнемі жаңа тұлға жасай-мыз; барлық сөз формалары мен барлық сөз тіркестерін де осы кезеңнің нақты жағдайындағы сөйлеу механизмінің күрделі ойындары нәтижесіндегі сөйлеу кезінде жасаймыз». Осы айтылғандар көркем сөз прагматикасын зерттеудің нысанын анықтайды.

Осылайша, біз лингвопрагматикалық көзқарас, яғни адам – адресант және сөйлеу адресаты тұрғысынан драма кейіпкерлерінің сөйлеу қатынастарын қарастырамыз, өйткені прагматика адамдар арасындағы қатынастар мен қарым-қатынас жағдаятындағы олар қолданатын тілдік белгілерді қарастырады, сөйлесім мақсаты мен оның прагматикалық тиімділігін талдайды. Прагматикалық ақпарат тілдік материядан, оның мазмұндық интерпретациясы – тілден тыс факторлардан – нақты айтсақ, әлеуметтік-мәдени контекстен алынады.

Прагматикалық тиімділікке жетудің шарттары қандай? Олар:

- Адресант пен адресаттың фондық білімі, жалпы преупозициясының саны;
- Сөйлеуді жіберушінің қатынас кезінде көпшілік қағидатын сақтауы, интерпретатордың ойына сәйкестігі мен соны алға қоюы;
- Сөйлеу адресатының өзі нақты коммуникативтік-прагматикалық жағдаятта, прагматикалық контексте-те туғызатын прагматикалық ақпаратын анықтау.

Тілдік құралдар – семантикалық және синтаксистік, сол сияқты авторлық ремаркалар көмегі

арқылы пьесада бейнелетін қимыл, ишара т.б. вербальды емес құралдар арқылы прагматикалық мазмұн жүзеге асады.

Қорыта келе айтарымыз, драмалық шығармалардың табиғаты күрделі. Қазақ мәдениетінің тұғыры – тіл десек, оның бірден бір көрініс табатын жері – сахна. Осындай үлкен ерекшелікке ие болғандықтан да драма тілінің өзіне тән сөз мәнері, жазылу стилі өзгеше. Сондықтан да, драмалық шығармалар тілін зерттеу әлі де жан-жақты қарастыруды талап етеді.

1. Винокур Т.Г. *О языке современной драматургии // Языковые процессы современной русской художественной литературы.* – М., 1977 – 157 с.

2. Бахтин М. *Эстетика словесного творчества.* – М.: Искусство, 1979 – 424 с.

3. Тымболова А.О. *Драмалық шығармалардың лингвопоэтикасы. Докт. диссерт.* – Алматы, 2010 – 250 б.

4. Янко Т.Е. *Коммуникативные стратегии русской речи.* – М., 2001 – 384 б.

#### Резюме

В статье рассматриваются социо-прагматические проблемы актерского языка.

#### Summary

The article examines the socio-pragmatic language problems actor.

### ПАРСЫ ТІЛІНІҢ ҮНДІ ЕВРОПАЛЫҚ ТІЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ

М.Т. Белдібаева – ҚазҰПУ-нің магистранты

Шығыс – адамзаттың ұлы өркениет бесігі. Соның ішінде Иран өркениеті мен мәдениеті ерте заманнан осы кезеңге дейін өзінің құндылығын жоғалтпады. Иранның ұлы тұлғалары мен данышпандарының шығармалары ежелден жұрт назарын өзіне аударғаны және аударып келе жатқаны баршаға аян. Ислам дінінің пайда болуы мен ирандықтардың исламды қабылдауының нәтижесінде ежелгі иран мәдениеті мен өркениеті қасиеті ислам құндылықтарымен ұштасып жаңа Иран Ислам мәдениеті дүниеге келді. Жаңа парсы тілінің өзінің морфологиялық синтаксистігімен көне Иран тілдерінен алшақ кетті. Ол аналитика-лық типтік тілдерінің бірі болып табылады. Кейде фарси деп те аталатын қазіргі парсы тілі Иран Ислам Республикасының мемлекеттік тілі болып келеді. Ол үнді-европа тілдер отбасына кіретін славян, герман, роман және тағы басқа тілдермен қатар Иран тілдер тобына жатады. Иран тілдер тобына сонымен қатар Иран, Ирак, Ауғанстан, Пәкістан, Орта Азия, Ресей аймақтарында таралған тілдер жатады. Олар: тәжік, дари, пашто, курт, тат және басқа да тілдер жатады. Б.э VII ғасырларда исламның таралуынан кейін Иран аумағында араб тілі болды және жазу түрінде да араб тілі қолданылды. Дегенмен араб тілі, үлкен тұрақ-тылықпен дамуын жалғастырған ирандықтардың ана тілін баса алмады. Б.э бірінші мыңжылдықтарының соңына қарай қаланған тіл жаңа парсы немесе классикалық парсы тілі деп аталды. Кейін парсы тіліне түркі-монғол, батыс-европалық және біраз орыс кірме сөздері енеді. XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап иранда кірме сөздерді жоюға бағытталған мақсатта жұмыс жүреді. Басында ол барлық кірме сөздерге қатысты болады. Соңғы кездері («қ.ұ жылы ислам Революциясынан кейін») тазалаудың негізі тек ислам-дық емес кірме сөздер, яғни, негізінен ағылшын және француз тілдерінен енген сөздер болды. Парсы тілі лексикасының қалыптасуына араб тілі үлкен әсер етті. Мамандардың айтуы бойынша, қазіргі парсы тілінің жартыдан астам лексикалық құрамы араб сөздерінен шыққан [14, 2 б.]. Осыған қатысты олардың көбісі функциялды, активті кең қолданыстағы сөз құрамына және фразеологиямен қоса ежелгі Иран сөздерімен қолданыста жүр. Лексикамен бірге, кейбір грамматикалық формалар және дыбыстар, өзіндік араб тіліне, грамматикалық және парсы тілінің фонетикалық жүйесі толықтай үлкен табандылықты анықтайды және Иран лексикасының барлық түбірінің барлық лексикасын көбінесе белгілі өзгерістерге ұшырайды. Оның құрамы біртіндеп өзгеріп отырды, тілге жаңа сөздер кірді. Жаңа фразеологиялық бірліктер жасалды, басқа сөздер керісінше, қолданыстан мүлдем шығып кетті немесе архаизм сөздер қатарына ауысты. Осы үрдіспен семантикалық және фонетикалық өзгерістер кірме және ежелгі лексикада осылайша қаралды. Назарларыңызға төменде құрылған парсы тіліне енген кірме сөздердің шағын тарихи мағынасы ұсынылып отыр.

XX-ғасырдың басында еуропа тілдері парсы тіліне қатты әсерін тиіуімен, соның ішінде француз тілінен кірме сөздері бірінші орында тұрды. Осыдан француз кірме сөздері парсы тілінде мәдениет, экономика, ғылым, өнер, техника саласында және де тұрмыс-тіршілікте қолданыла бастады. Сондай қарқынмен ғылым, техника, экономика және тағы да басқа салада француз кірме сөздерімен толықсып көбейе түсті. Сонымен қатар, сонау Қаджр заманында Иран елінің Батыспен байланысының байланыстырушысы Француз елі болатын. Сол кезеңнің ел арасында тараған саудаластық кәсіптің

өршуі ел аралық сауда-саттық өршіп тұрды. Солай келе Иран халқы сауда-саттық қарым қатынасы арқасында француз елінің сөздік қорымен ел арасына ене бастаған болатын. Сол сөздік қорына назар аударса келе мына сөздерге көңіл аударса отырып, ел арасында осы кезеңде де кең қолданыста қалғанын байқай аламыз:

ادکلن (eau de cologne) – одеколон-иіс су;  
اپیدمی (épidémie) – эпидемия-жұқпалы ауру түрі;  
اتیقکت (étiquette) – этикет-тауардың сауда белгісі;  
اکران (écran) – экран;  
املت (omelette) – амлет-тағам түрі;  
الرژى (allergie) – аллергия-сезімтал дерті;  
أمپول (ampoule) – ампула;  
آناناس (ananas) – ананас жеміс-жидек түрі;  
آوانس (avance) – аванс;  
باکتری (bactérie) – бактерия;

XIX ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты қазақ әдебиетінің сөздік құрамына орыс сөздері де көптеп ене бастады. Ресей мен Иран арасындағы экономикалық қарым-қатынастары XVI-ғасырдың екінші жартысынан басталды. Осы орайда Поволжье, Астрахань, Каспий теңізі жағалауының ең шарықтаған кезеңі болып табылады. Мысалы: Отряд-آتریدادردل, کامفت, قامپت, فانفت, , اتریاداردل, Komfet – конфет, Kvādrāt – گوادرات – квадрат, قارمان, قارمون, گارمان, گارمون(گارمن), гармон, گارمون, زاماسکه, زامبوسکه, – замаска, ترمز – тормоз, سوخاری – сухари – қатқан нан, كوپه – купе және тағы басқалар.

Парсы тілі Индия елінде жергілікті халқының үнді тілі бола тұра Ұлы Монғолдарының басқарма істерінің тілі де болып үлгерген. Бір сөзбен айтқанда парсы тілі еуропа тіліне жолын таба білді. Өз тілге өзге тілден жаңа сөздің енуі жаңа техниканың пайда болуының бір септігінің арқасы, олар: телефон, сайт, чат, факс және тағы басқа немесе ғылым саласынан микроб, молекула, кислород және өзге де сөздердің ашылу жолы осы салаларының тіршілікте қолданыста жүруі болып есептеледі. Өзг е де кірме сөздерге назар аударатын болсақ:

گلف- رگبی-сэндвич, كوی-سوخاری – түрі қойы сауы, اسپرت – спорт, استادیوم – стадион, استارت – старт, گالف- رگبی-сэндвич және тағы басқа.

Ал, түркі тілдерінен ауысқан бірқатар сөздер қазіргі парсы тілінің сөздік құрамынан мықтап орын тепкен, әрі мұндай элементтер парсы тілінің ішкі заңдылықтарына толық бағынады. «ил» ел, халық, тайпа, «илхани» көшпелі тайпаның басшысы, «иейлак» жайлау, дача, «бәк» бек, ақ сүйек және де: اتراق: (توقف چند روزه در سفر (معین)

Иранның 200 жылға жуық тікелей араб халифасының құрамында болды. Міне осы екі ғасырға жақын уақыттың ішінде Иран және араб халифасының ықпалындағы елдердің жергілікті тұрғындары өздерінің дінін, фәлсәфи, әдеби, дәрігерлік т.б. салалардағы шығармаларын араб тілінде жазды, басқа тілдердегі ғылыми және әдеби кітаптар араб тіліне аударылды, медреселерде сабақ тек араб тілінде жүргізілді, ресми үкімет орындарында, хат жазып, хат алуда араб тілі пайдаланылды, өздерінің төл жазуы бар елдер түгел дерлік араб жазу жүйесіне ауысты.Парсы тіліндегі кірме сөздердің көбісі араб тілінен енген лексикалық элементтер болып табылады. XI-ғасырдың екінші жартысында діни, саяси, мәдени, экономика, ғылыми, әдеби, әскери салада парсы сөздері араб сөздерімен ауысты.Мысалы: mosallem мұсылман, masjid мешіт, mellat ұлт, ketab кітап, loqat сөздік және т.б.

Парсы тілі ғылым мен техниканың, әдебиет пен мәдениеттің дамуы, саяси әлеуметтік және экономика-лық байланыстың арқасында сөздік құрамы толығы түсті. 1935 жылы ұйымдастырылған тіл және әдебиет академиясы (Фархәнгестан) «Парсы тілін шетел сөздерінен тазарту үшін» қаулы қабылдады. Бұл күрес әлі күнге дейін жалғасын тауып отыр.Сол уақыттан бастап қаншама араб, түркі сөздерінің орнына парсы төл және жасанды сөздері енгізілді. Қазіргі кезде бұл мәселеге кең көлемде көңіл бөлініп отыр.

Ол кездегі прозамыздың үйрену, қалыптасу сатысында екенін еске алсақ, олардың ортақ жетістігі роман жанрының алғашқы қарлығаштары болуымен бірге замана шындығын ашып көрсетіп, кейінгі өскелең прозамыздың дамуына игі әсерін тигізуінде [2, 16.]. Сол себептен ХХ ғасырдың басында қазақ әдебиетін алғашқы зерттеуші ғалым С.Мұқанов “ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті” деп аталатын еңбегін-де: “Бұл роман бірінші жақтан әйел бостандығын жырласа, екіншіден ескі әдетке қарсы шыққан роман. [3, 120.].

Романда қазақтың салт-санасы, әдет-ғұрпы кеңінен көрініс табады. Бақытсыз жамал романында Жамал дүниеге келгенде бір жігіттің атпен шауып келіп, Жамалдың әкесінен сүйінші сұрауы, қыз дүниеге келгенде шілдехана тойын жасады. Құда түскенде: Бір айдан соң батасы қырық жетінің малы, екі жүз ақшаға келісіп Байжан келіп құда түсті. Қыз ұзату тойы, мәжіліс-шілдехана жайы суреттеледі.

Бір күні сол елде бір байдың баласы болмай жүріп, жамағаты ұл тапқанға, қыз-бозбала үшін үлкен мәжіліс-шілдехана болды. Ағаш үйдің кең бір бөлмесінде төрінен есігіне шейін халық толған еді. Бұл елде ойын-сауық әлі қалмаған болғанға бір қыз, бір жігіттен қатар отырғызатын әдет бар еді. Әр түрлі ойын болып, ақырында «Бұғыбай», «Мыршалай-мырыш» деген ойындар тамам болған соң, бір жігіт бір белбеуді есіп алып:

– Енді, әлеумет, өлең айтасындар, айтпасаңдар, айтпағандарыңа мінекей, – деп, қолындағы белбеуді қорқытып, аралап жүре бастады. Жамал мен Ғали арасындағы өлеңдер айтыс үлгісінде өрбиді.

Романда күйеу ұрын келіп, қалыңдық ойнау сияқты салт-дәстүрі көрініс береді. Шығармаға ХХ ғасыр басындағы қазақ даласында өткен жайттар мен әркімге таныс оқиғалар, жалпылық жайттар арқау болған.

«Бақытсыз Жамалға» еліктеп “Мұңлы Мариям” (Сәлім Кәшімұлынікі) сияқты романдар шықты. “Бақытсыз Жамал” соңғы кезге дейін көп жазушының темасына үлгі болды. Романда Жамалдың шешендігі, ақылдылығы, тебіренісі, көзқарасы мен толғанысы терең баяндалған.

Р.Нұрғали роман жайында: «Автор өз тұсындағы әлеуметтік-қоғамдық өмірдің маңызды арналарын адам тағдыры, нақты әрекет, тартыс арқылы көрсетуді мақсат етіп, ой, идеяны ашық публицистикалық түрде емес, бейнелер, образдар арқылы, көркемдік тәсілдермен береді. Бір сөзбен айтқанда, жазушы таза прозалық шығарма, жанр шарттарын толық қанағаттандыратын туынды жасау талабын ерекше ескерген» – деп пікір танытады. М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы махаббат бостандығын жыр ете отырып, елдің әлеуметтік-қоғамдық мәселесін көтерген роман ретінде танылды.

1. Дулатұлы М. Шығармалары. Бес томдық шығармалар жинағы. 1 том. – Алматы: «Мектеп», 2002 -366 б.
2. Әбдиманұлы Ө. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңі (1900-1940) оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2010 – 156 б.
3. Мұқанов С. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2008. – 384 б.
4. Нұрғали Р.

#### Резюме

М.Дулатовтың прозалық туындысы «Бақытсыз Жамал» романындағы әдет-ғұрыптар қарастырылған.

#### Resume

In a prose work «Unhappy Zhamal» by M.Dulatov examined the customs and traditions.

## Ә.БӨКЕЙХАНОВ ЖӘНЕ ӘДЕБИ СЫН ЖАНРЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ

А.Д. Ибраева – аға оқытушы, филол.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ

Ә.Бөкейханов ұлттық әдебиетіміздің сын саласының қалыптасуына елеулі үлес қосты. Әлиханның әдеби сын, зерттеу саласында қалдырған еңбектері әдебиет пен сынның жалпы мәселелеріне арнап жазылған мақалалар, жеке шығармаларды талдауға арналған рецензиялар, фольклорлық туындыларды зерттеу еңбектері мен естеліктер, жинақтарға жазған алғысөздер, хабарландырулар түрінде келеді.

Әлихан Бөкейхановтың сыни еңбектері Т.Кәкішевтің классификациясындағы үш кезеңнің екі кезеңін қамтиды. Бірінші кезеңі Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1908); Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі (1913); Қалқаман-Мамыр (Шәкәрім) сын (1915); Қара қыпшақ Қобыланды (сын) (1915); Роман бәйгесі (1915); Роман не нәрсе? (1914); Жаңа кітаптар (1914); «Женщина по киргизской былине «Кобыланды» сын – критика (1915); Батыр Бекет (1915); Мырза Едіге (1915); Ән, өлең һәм оның құралы (1914); Аңқау елге-арамза молла (1900) мақалалары қамтылса; екінші кезеңіне кітап сыны (Қартқожа); Психология (1926); И.Ағұл «Адам мен мақұлықтың тегі» (1927) атты аннотациялары және С.Н. Незлин «Құрт ауруы», 1927 жылы жазылған кітаптарға берген рецензияларын жатқызамыз.

Қарастырылып отырған сыни еңбектердің көбісі «Қазақ» газетінде жарияланып отырды. «Қазақ» газетінің бетінде жарияланған материалдардың елу үш пайызға жуығын жазғандар – А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханұлы және М.Дулатұлы. Ал осы газетте Ә.Бөкейхановтың 250-ден аса мақалалар, ғылыми зерттеулері, аудармалары жарық көрген [1, 251]. Міне, осындай өнегенің өрнегі Әлиханның «Қазақ, түрік, һәм хандар шежіресі» сынында көрініс тапқан. Қазақ тарихында кездеспеген мұндай үлкен істің жүзеге асып, Шәкәрім шежіресінің жарық көруін автор қуана қарсы алады. Шәкәрімнің бұл ісін аса жоғары бағалап, «Шәкәрімнің бұл кітабы қазақ шежіресінің тұңғышы... Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі Шәкәрім кітабын әбден білмей қадам баспасын», – деп, оны үлгі тұтады.

Әлихан Шәкәрім шежіресінен екі түрлі мін тапқан. Бірі – қазақ руларының таңбалары хақында, оның ішінде Керей таңбасы туралы. Екіншісі – «Алаш» деген сөздің шығу жайы. Керей руларында «креш» таңбасының сақталуын Әлихан олардың бағзы замандарда христиан дінінде болғандығынан деп есептей-ді. Бұны Аристов, Пантусов еңбектеріне сүйене отырып дәлелдеуге тырысады. Тіпті қазақ тұрмысынан осыған белгілер іздеп, өз ойын орнықтыра түседі. «Қазақтың кейбіреуі сәуір пішінде санына кіреш басады, осы рәсім христиан күнінде кіреш-орнындағы уақыттан қалды-ау деймін. Осы күнде жақсы көрген малға қазақ тұмар тағады. Христиан күнінде кіреш басқан-ау деймін» – дейді сыншы Ә.Бөкейхан. Бұл мақалаға Шәкәрім «Қазақ» газетіне жауап береді. «Ақсақ қой түстен кейін маңырайды» деп аталатын мақаласында Шәкәрім «бағасынан артық мақтағаныңызға қуанбасам да, қазақты шежіре оқуға қызықтыр-ғаныңызға тәңірі жарылқасын» – деп ризашылығын білдіре отырып, кейбір пікірлеріне келіспейтінін сездіреді. Мәселен, осы Керей таңбасына байланысты шежіреші: «ол крест емес – ашамай. Неге десеніз шежіренің бетіндегі Аристов сөзінде Керей таңбасы ашамайша салынған. Орта жүздегі керейлер керейт нәсілінен, Ашамайлы деген кісінің нәсілі деп жазылған ғой... Қазақтың пішпегешек салатұғыны ашамай».

Әлихан тағы да Шәкәрімнің «Алаш» деген сөздің шығу тарихына барып, өзінше топшылауын құпта-мауы. «Бұл қалай? Алаш деген – біздің қазақ сөзі. Алаш қалмақ қойған ат болса, қалмақ өз тілімен қоятын жөні бар емес пе?» – деп, қарсылық білдіреді. Яғни, шежіре-тарих кітапта нақтылық, тарихи шындық басым жатуы басты шарт деп түсінеді. Сондықтан мұның кейінгі басылымдарда ескерілуі үшін, өз білген-дерін «Қазаққа» жазып жіберуін өтінеді. Әлихан тілегі жүзеге асып, «Алаш» сөзінің шығу жайын Х.Досмұхаммедұлы жазады: «Алаш» деген не нәрсе?» мақаласында Шәкәрім сөзінің дұрыстығын растай-ды. «Алаш» деген сөз қалмақ тілінде бар. Қазақша мағынасы – өлтіргіш, аямаушы, жаугер» – дегенді білдіреді дейді [2, 100].

Ә.Бөкейхан қаламынан шыққан «Абай», «Қара қыпшақ Қобыланды», «Қалқаман-Мамыр» турасында жазған мақалалары тарихи деректі терең қамтумен, ой тереңдігімен, ғылыми нақтылығымен ерекшеленеді.

Ә.Бөкейханов енді қазақтың атақты эпосы «Қобыланды батыр» жайлы жырдың тарихи шығу негіздеріне үңіледі. «Қара қыпшақ Қобыланды» Әлихан қалмынан шыққан ең көлемді әдеби, ғылыми, фольклор-лық еңбек. Бірінші бөлімінде «Қара қыпшақ Қобыланды» жырының мазмұны қысқаша баяндалады. Аналықтың бір ұл, бір қыз тапқаны, олардың аттары Қобыланды, Қарлығаш қойылғандығы баяндалады. Зерттеуде ерекше мән берілген мәселе-жырдағы Қобыландының өмірде болған, болмағандығы, мұндағы айтылған жәйттердің, баян етілген оқиғалардың тарихи деректермен сәйкестігі және сәйкес еместігі. Екінші – мұндай жырдың асыл арналарының кейінгі айтушылардың кемшілігінен бұрмаланбауы, яғни атадан балаға мұра жауһар жырдың әу бастағы тұнықтығын сақтау мәселесі. Үшіншісі – кітап шығару мәселесіне зер салу. Төртінші – «Қобыланды» жыры сынды кітаптардың сипаттамамен, түсіндірме, сілте-мелермен басылу қажеттілігін қадағалау. Әлихан



Қобыландыны тарихи кейіпкер, ал жырдың өзін тарихи жәдігер деп санайды. Сондықтан да Шәкәрім шежіресіне, Шоқан кітабына сүйене отырып, «Қобыланды-ның ісі XVI ғасыр ортасы болуға лайық» деп түйіндейді. Жырдағы кейінгі айтушылар қосқан «тарихқа тура келмейтін көп қосымшаны» анықтайды. «Солдат, сухар, түйме, медаль, бал, шай – Қобыланды заманынан көп бері пайда болған нәрселер. Мұның бәрін жыршы өзінен қосып, жырдың көркем түрін бұзған», – дейді.

Мақала авторы «тасқа басылған» жырды негізсіз даттаудан аулақ. Ол «Қобыландының» көркем тұста-рын жырдың қазақ өмірі мен тұрмыс-салтының айнасы іспетті көркем суретті жолдарын көрсете білген. Ондай өлеңдер «Қобыландыда» бар. Осы сөздер жырды алғаш шығарған ақынның сөздері болар... қазақ-тар: «Қобыландыны» шығарған кісі тегінде жақсы екен» деген сөз осы өлеңдерге қарап айтылған болар» – дейді.

Әлиханнның осы мақалада кітап бастыру ісін арнайы бөліп қарастыруы өркениетке қадам басқандық белгісін танытады. Ол кітап сыртындағы берілген ат үстіндегі қобыланды суретінің кітаптың ішкі мазмұнымен қабыспай жатуын үлкен кемшілік көреді. «Өзі – Тайбурыл, өзі – қазан ат сымдай созылатын, кітап-тың басындағы суретте көрінбейді. Кітаптағы ат-орыстың «тяжеловоз» дейтін жүк аты» – десе, Қобыланды батырдың суретін де сынайды. Қазақта мақал бар: «ат ерінді, ер мұрынды» деген. Суреттегі Қобыланды батыр мұрнынан айрылып пұштиып тұр»-дейді автор.

Кітап шығаруды жүйелі арна ретінде қалыптастыруды көздеген Әлихан: «Қайта басқанда мұндағы жер, су һәм кісі аттарын әліпби тәртібімен кітаптың қайсы бетінде сөз бар екені көрсетілсе, біріншісі – кітап тәрбиелі болар еді. Екінші – бұл жырдан тарихына жем іздеген адамдарға оңай болар еді», – дейді [3, 176].

Ә.Бөкейханның фольклоршы ретіндегі ой тұжырымдары «қазақ жыры «Қобыландыдағы» әйел бейне-сі» деген орысша жазылған еңбегінде де жалғаса түседі. Мұнда қазақ фольклоры үлгілерінің мазмұны бай, формасы сан алуан екенін көрсетіп, өлеңші, жыршы дегендер кім екенін анықтап, астында домбыра арқылы айтылатын жырлардың ерекшеліктерін танытады. Ескі наным-сенімдер мен мұсылмандық мұрат-тардың «Қобыланды батыр» жырындағы Аналық, Құртқа, Қарлығаш тағдырларындағы, мінез –қалпында-ғы, іс-әрекеттеріндегі көріністерін зерттеуші білгірлікпен талдап, халық санасынан бір сенім жүйесінің өшіп, екінші басқа діннің орнығуын пайымдайды. Ислам тарихынан, грек эпосынан мысалдар келтіру, Мұхамедтің қызы фатима мен күйеу баласы Әли, баба түкті шашты Әзіз туралы аңызды пайдалануда жыр мазмұнын қысқа қайыра отырып, тұлғаларға мінездеме беруде Әлихан Бөкейхан үлкен әдебиетші, сыншы, текстің терең білгірі екендігін танытады [4, 319].

Әбубәкір Диваев жинап бастырған «Батыр Бекет» жырына арналған шағын рецензияда шығармадағы негізгі оқиғаның кіші жүздегі Алтын Жаппас ішінде өтетіні, Бекеттің тарихи болған адам екендігі, ол ұсталып Сібірге айдалғанда артынан әйелінің баруын декабристердің ханымдары Княгина Волконская, Трубецкая әрекеттерімен теңдес іс деп қарайды. «Мырза Едіге» жырына арналған қысқа мақалада Ақсақ Темір, Тоқтамыс, Едіге заманы сөз етіледі, шығарманың көркемдігі, мектеп балалары оқуға лайықтылығы айтылады [5, 405].

1915 жылы «Қазақ» газетінде 109 санында Ә.Бөкейханның «Роман бәйгесі» атты мақаласы жариялана-ды. Бұл мақалада автор пайдасы тұрмыс тіршілікке зор болған динамитті ойлап тапқан швед инженері Альфред Нобель туралы мәлімет беріп, оның дүниедегі барлық ғылым саласына, әдебиетте роман жазған-ға сыйлық тағайындағанын айтады. Өнерге, ғылымға, әдебиетке жанашырлық, жақсы істерге себепкер болғандар ретінде Швед Альфред Нобель, орыс граф Уваров, Пушкиндерді атап өтеді. Және жарысты өткізудің ұйымдық жағы туралы ұсыныстар жасайды. Қысқаша жазылған, жазылмақ романдарға төрелік айтып, бәйге беру үшін Шәкәрім, Ахмет, Міржақыптарды басты мүшелері етуді ұйғарады. Мұның алдын-да ғана Есенқұл Маманов «сыншылыққа мына мырзаларды айтамын-деп, Ә.Бөкейханов, Ә.Байтұрсынов, А.Байтұрсынов, М.Сералин, Н.Құлжанов сияқты азаматтардың есімдерін атап, бұларды бәйгенің қорытындысын шығару үшін семейге шақырған болатын. Осыған байланысты Бөкейханов алдымен келіп түскен кітаптарды оқып, жазбаша пікірлер жинап, содан кейін барып бас қосуды ұсынады. Автор сыншы болмақ оңай жұмыс емес, бірақ бұл күнде қажы атаған соң, мұнан қашу маған жол емес-деп, іске дайын екендігін білдіреді.

Тағы осындай жанрға қатысты еңбегі – «Роман деген не?». Бұл мақаланың авторын әр ғалымдар өзінше топшылайды. Кейбірі Ахметтікі десе, оған қарсы дау айтып, Әлихан деушілер де кездеседі. Мұндай даудың болуы мақала авторының толық есімі берілмей «Арысұлы» деп берілуінде еді. Біз бұл мақаланың Ә.Бөкейханұлының дегенге қосыламыз. Өйткені, ғалым алдымен роман сөзінің шығу тарихы-на тоқталады. Романның жанрлық «ішкі мағынасына» оның алдына қойған мақсатына тартымды да, толық сипаттама беріп, жауап берген. «Романның ішкі мағынасы: тіршіліктің жарық һәм күнгірт жақта-рын бейне өзіндей етіп суреттеп, адамның өзіне көрсету. Роман-адамзаттың өмірін бұлжытпай көрсетуші баға жетпес айна.

Романның мақсаты: адамзаттың мінезін, құлқын, кемшілікті, қараңғылықты кумақ. Мұнан мұрады, ол адам баласына үйрететін үлгі тәрбие бермек,-деп түсіндіреді. Сонымен бірге романның дамыған кезеңде-рін, атақты романшылар қатарында Англияда Вольтер Скот, Чарлс Диккенс, Уильям Теккери, Ресейде Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Толстой екендігін айтып кетеді. Толстойдың «Соғыс Һәм татулық» романы-на өте дәл, қысқаша сипаттама береді. Мұнда Толстой алуан-алуан адамның мінез-құлқын бірін қалдыр-май тізіп, адам өмірінің жіңішке қылдай жерін суреттеп көрсетеді, – дейді. Міржақыптың «Бақытсыз Жамалын» атап, шығарманың мазмұнын шолып өтеді. Автор роман жанрын әлеуметтік мәселелермен, адамдар мінезімен, тәрбиелік, эстетикалық мұраттармен сабақтастыра қарайды. Роман өмір айнасы деп білетін автор «Бақытсыз Жамал» қазақтың жайынан хабар береді. Мұнда қазақтың қай жерде болса да, малға, партияға, қызығып, қыздарын жастай күйеуге беру жайы бар, ысырапқа ақша шашып, жақынмен араздасу, сүймегенге қызын жылатып беру, бұған шыдай алмай теңін көксеп қайғыға бату бар. Оқып, білу арқылы жетістікке жететінімізді мынандай сөздермен білдіреді: «Өнер-білім керек, онан да керегірегі тәрбие. Қанша оқысақта, тәрбиеміз кем болса, қасиетіміз аз» [4, 45] – деген ойлармен мақала аяқталады. Мұнда да ғылымның ең алғаш роман жанрының өрістеуіне берген толымды бағасы көрінеді, Міржақып еңбегіндегі кемшіліктерді ескертпесе де, роман ретінде баға береді.

1900 жылы Ә.Бөкейхановтың «Аңқау елге-арамза молла» атты мақаласы жарық көрді. Онда «Дала уалаяты» газетінің екінші нөмірінде Түркістан ведомостаға бұл Нұржан баласы жазады: «Қазақ халқы соқыр надандықпен көрмей отыр, не себепті күннен- күнге кедей болып бара жатқанын. Қазақ ойлайды қазынаға алым-шығын тартып кедей болдық деп, ол олай емес, қазақ кедей болады ас беремін деп, қазақ асты қойған күні байып кетеді» – деген пікіріне Ә.Бөкейхан «мен ғұмырымда талай түсініксіз адамдарды көрдім, бірақ оның бәрінен Нұржан баласы өтті. Һәр халықтың өз рәсімі бар, Һәр түрлі мұсылман қазақ халқы қол қусырып я құшақтасып амандасады. Россия халқы бөркін алып қол ұстасады... Бұл екі түрлі рәсімнің тұқымы бір. Осы секілді қазақ халқының осы дүниедегі халықтардың бәрінде бар. Осылар сияқты рәсім бір түгіл, мың бақсы ойнаса да қойыла ма? Бұрынғы кезде аталы аталы жұрты немесе халық құрметтеген кісіге ас берілуші еді. Бұл уақытта орыс алғаннан бері қазақ ата деп намысқа шаппайды, пайдасына шабады. Туысқан деп бір қостас болмайды, шаруа деп болады. Халық ас беруін қоя бастаған-нан соң, жел айдаған қамыс мінезді моллалар ас берген күні құран шықса жарайды деп халыққа үйрете бастады. Асты қойғызса дүние амалын ойлаған моллалар қойғызар, Нұржанов мырза сияқты бақсылар иттің қу боғын жиып жүргенде» – дейді.

Әдебиетшілер ішінен Әлихан Бөкейхан мұрағатын жинақтап, еңбектерін жарыққа шығарып, беймәлім мәліметтерден елге ақпараттар берген, алғашқылардың бірі болып үлес қосқан Сұлтанхан Аққұлұлы Жүсіпов болды. Ол Ә.Бөкейханның ормантанушы, экономист, тарихшы, астролог, мал шаруашылығын зерттеуші, әдебиетші, саясаткер, заңгер, фольклорист, абайтанушы, публицист, аудармашы, этнограф-ғалым болғандығына жеке-жеке тоқталып, ашып көрсетеді. Оған қоса қазақтың тұңғыш шежіресін жасау-шы, тоғыз тілді меңгергенін де қалдырмаған [6, 179].

Әлихан жайында Р.Нұрғали еңбектерінен жиі кездестіруге болады. Әдебиеттанушы ғалым сыншы еңбектерін теңдесіз дүниеге балап, қысқаша былай сипаттайды: «Ә.Бөкейханның артына қалдырған шығармашылық мұрасының үлкен саласы – орыс тілінде жазылған монографиялық, энциклопедиялық сипаттағы ғылыми еңбектері. Бұлардың өз кезінде елеулі басылымдарда жариялануы авторға деген сол тұстағы, зор ілтипат қана емес, туындылардың сапасын мойындауды көрсетпесе керек. Ғалымның негізгі басты еңбектері қазақ халқының тарихына, экономикасына, мәдениетіне, шаруашылық жүргізу тәсіліне, тұрмыс-салтына, қазақ жерінің отарлану тағдырына арналған. Бұл еңбектерде мың сан деректер, цифрлар, кестелер, сілтемелер, жер-су, адам есімдері қысқасы ұшан теңіз материал бар». Р.Нұрғали сол тұстағы ұлт зиялыларынан Ә.Бөкейхановтың ерекшелігін былай танытады: «XX ғасыр басындағы басқа қазақ қалам-герлеріне қарағанда Әлихан Бөкейханның бір ерекшелігі-оның арнаулы еуропалық жан-жақты білімі бар, танымы мол, мәселені ерекше кең қоя алады, дүниежүзілік тарихтан мысал алуға жүйрік, ұлттық мәселені ресей империясы көлеміндегі жағдайлармен сабақтастыра қарайды, кез келген озбыр патша әкіммен, шовенист депутатпен, дін иелерімен, кеудемсоқ кейбір қазақ оқығандармен терезесі теңсөйлесе алады» [7, 48] – деген пікірін білдіре келе Әлихан мұралары толық зерттеліп болмағандығын талай ізденістердің күтіп тұрғанын атап өтеді.

1. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі – қазақстан тарихының дерек көзі. – Алматы, 2000.
2. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2002.
3. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: «Рауан», 1993.
4. Бөкейхан Ә. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясы», 1995.
5. Ысқақұлы Д. Әдеби сын жанрлары. – Алматы, 2000.
6. Аққұлұлы С. Ә.Н. Бөкейханның өмірі мен әдеби публицистикалық мұрасы. – Алматы, 1994.
7. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: «Күлтегін», 2002.

#### Резюме

В статье рассматриваются мнения А.Бокейханова.

#### Summary

In the article the opinion A.Bokeyhanova.

### «БАТЫР БАЯН» ПОЭМАСЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Е.С. Адаева – ф.ғ.к., доцент

XX ғасыр басында қазақ поэзиясын жаңаша үлгімен, көркемдік талғаммен жырлаған Мағжанның қаламынан туған дүниелер халық үшін үлкен қазына. «Мағжан Жұмабаев поэзияға тартымды формалар әкелумен қатар оның мазмұнын тың тақырыптармен байытты, адамның ішкі сырларын, тылсым сезімдерін бейнелеуде қазақ поэзиясының алдына жаңа бағыт, соны соқпақтар ашты» [1, 221]. Мағжан Жұмабаевтың әсерлі сезімге толы, ойға толы поэмалары қалың оқырманды әлі де өзінің сұлулығы мен көркемдігіне, лиризміне тек тәнті етумен келеді. Мұның себебі ақын туындыларының табиғатындағы мазмұн мен пішіннің тең үндестігінен екендігі әдебиеттану ғылымында жиі сөз болып жүр.

Жеке адам басындағы сезім шарпылыстарынан бастап, адамзат баласын толғандыратын әлемдік күр-делі мәселелер – Мағжан поэмаларынан табылатын қасиеттер. Сондықтан оның шығармаларының басқа тілдерге, соның ішінде орыс тіліне қалай аударылып жүргенін, орыс тілді оқырманның ақын шығармаларын қалай қабылдағанын білу қазақ аударматануы үшін маңызды мәселелердің бірі. Біз бұл мақаламызда ақын поэмаларындағы троп түрлерінің аудармада қалай көрініс тапқаны туралы ой қозғамақпыз.

Мағжандай ірі ақынның дара ойларын, сезім селімен жуылған ой-өрнектерінің екінші тілге аударылуы аудармашы – ақынның алдына үлкен міндеттерді артатыны анық. Ақынның өміршең, мәңгілік әуені қай тілге қалай аударылып жатқандығы жайлы пікір де, зерттеу де сүбелі. Мағжанның қай өлеңі болмасын оқырманның сезімін сілкіндірмей қоймайды, мол әсерге бөлемей қалмайды.

А.Давыдовтың «Когда я читаю Магжана...» атты мақаласындағы мынадай сын-ой Мағжанның бүкіл шығармашылығының болмысына берілген шынайы баға: «...Мағжан еркіндік пен дара тұлғалықтың жыршысы болды. Еркіндікті аңсаған, терең бірегейлік мазмұнын арқалаған Мағжан поэзиясы қазақ әдебиетінің әлем әдебиетінен орын алуына бастады. ...Мағжан түп-тамырымен ұлттық мәдениеттің тереңіне кетті» [2].

Осындай ұлы ақынның шығармаларын өзге тілге аударуға көптеген талантты ақындар қызыға кірісті. Мысалы: Б.Қанапьянов, Ә.Қодар, Қ.Бақбергенов, В.Антонов, А.Соловьев, Т.Фроловская, А.Жовтис, Л.Шашкова, С.Мнацаканян т.б. ақын өлеңдерін тәржімалауға атсалысты. Ал поэмаларын аударуға келгенде бұндай белсенділік байқалмайды. Негізінен белгілі ақын өлеңі аудармасының бірнеше нұсқала-рының болуы салғастырмалы талдау арқылы нақты бір аудармашының негізгі стилистикалық ерекшелік-терін, сонымен қатар аударма мәтіннің түпнұсқамен арақатынасын анықтауға мүмкіндік береді. Жоғары-дағы аталған аудармашылар бір-бірінен мағыналық жағынан, стилистикалық бағыттылығы бойынша, қандай да бір аудармашы ұстанатын концепция бойынша ерекшеленеді. Аудармашы тәржімаларының стилі белгілі бір аудармашылық әдісті көрсетеді, мұның негізінде аудармашының түпнұсқаны жеткізудегі көркемдік концепциясы жатыр. Енді аудармашылардың ақын поэмаларын, оның ішінде бейнелеу құрал-дарын аударудағы жетістіктері мен кемшіліктерін саралап, талдау жасауға тырысып көрейік.

Жоғарыда тілге тиек еткен тәржімашылар арасынан Мағжан өлеңдерін, поэмаларын орыс тілді оқырмандарға жеткізудегі Ә.Қодардың еңбегін ерекше атап өту қажет. Қос тілде тең ойлау машығын менгерген талантты ақынның жалпы қазақ аударма өнеріндегі орны да ерекше. Сондықтан Мағжан

поэмаларының аударылу деңгейіне талдауды Ә.Қодардың аудармасынан бастағанымыз абзал болар.

Алдымен ақынның шоқтығы биік «Батыр Баян» поэмасының аударылуына назар аударайық. Тарихта-ғы батырлардың бейнесін жасау – Мағжанның творчествосының мәні екені белгілі. «Батыр Баян» «Шолпан» журналының 1923 жылғы 4-5 және 6-7-8 сандарында жарияланды.

Бұл поэма Мағжанның ақындық алып құлашын, қуатты суреткерлік талантын мейлінше танытқан шығарма болып табылады. Ұлттық эпостық, лирикалық дәстүрді жаңа көркемдік типтендіру құралдары-мен байытқан бұл поэма ақынның поэтикалық мәдениеті барынша толығып, еуропалық дәрежеге еш талассыз көтерілгенін айрықша паш етті.

Поэмада ақын қолданған көркем тәсілдердің қай-қайсысында да мейлі ол метафора болсын, мейлі эпитет, мейлі параллелизм, ол сөздерде тіпті талдауды қажет етпейтін тереңдік бар. Мағжанның аталған поэмасының аударылуында біз ерекше назар аударатын басымдықтар – ақынның әсерлі, ырғақты, терең мәнді сөздерінің аудармада қалай берілгендігі.

Мәселен, қалмақ аруының портретін бейнелейтін эпитеттерге көз жіберіп көрелік. Бұл қыздың портреті поэмадағы батырларды көтере жырлауда қолданылған сипаттауларға ұқсамайды. Он төртке жаңа шыққан жас арудың жан әлемі, сезімі, күйініш-сүйініші авторлық баяндау жолымен жарқырата түсірілген.

*Сол сұлу сұлу екен атқан таңдай,  
Бір соған бар сұлулық жиылғандай.  
**Торғын ет, шанақтай бет, тісі меруерт**  
**Сөздері – су сылдырлап құйылғандай,**  
Бір улап көзқарасы, бір айнытқан  
Жұлдыздай еркелеген сөнбей, жанбай  
**Лебізі – жібек лебі, жұмақ желі,**  
Кәусардай татқан адам қалар-қанбай [3, 289].*

Психологиялық портрет сұлудың көркін, көзқарасын сөйлеу мәнерін суреттеу арқылы оның нәзік қасиетін жеткізе білген. Бір көргеннен-ақ тартып әкететін сиқыры бар.

Аудармасы:

*Краса той красотки цвела предрассветною зорькой,  
Как будто весь цвет искушенья сошелся в ней только,  
**Белокоса с румянцем, с зубами как жемчуг чистойший,**  
**Как речка текла ее речь с расстановкой и толком.**  
Ласкаясь, мерцали, как звезды в ночи, ее очи,  
То рай обещаая, то ядом трава своим стольких.  
**Дыханье ее – дуновенье из райских соцветий,**  
Родник, чье теченье влечет колыханием целка [4, 259].*

Бірінші шумақтың екінші тармағындағы қыздың сұлулығына қатысты айтылған "торғын, шанақтай, меруерт" эпитеттері аудармада өз көрінісін тапқан. Түпнұсқа сұлу қыздың бойындағы басты белгілер мен қылықтарды әдемі суреттейді. Ал осы образ аудармада да көрінген. Сондай-ақ «Лебізі – жібек лебі, жұмақ желі» деген метафоралық оралым да, «дыханье ее – дуновенье из райских соцветий» болып сәтті балама-сымен көрінеді.

Аудармашының басты міндеті аударма тілінің байлығын пайдалана отырып, осы бейнені қайта жасап шығуда. Ә.Қодар көріп отырғанымыздай түпнұсқаның мағыналық-құрылымдық жүйесін сақтауға тырысып, бұл үзінділерде сұлу қыздың бейнесін түпнұсқаға сай деңгейде жасай алған.

Дегенмен поэманың аудармасын мұқият оқып отырған адам тәржімашының түпнұсқадан ауытқыған тұстары бар екенін де көрсетеді.

Көкшенің сұлулығын суреттейтін үзіндіге зер салайық:

*Арқада жер жетпейді Бурабайға,  
**Бөленген бұйра сыпсың қарағайға**  
**Бұлт құшқан мәңгі мең-зең Көкшетауға**  
Белектау: «Ой, бауырым!» дер анадайда [3, 290].*

Түпнұсқаның өзіндік троптық жүйесі назар аударарлық, мұнда эмоционалдык-бағалауыш мәнді эпитеттер ерекше орын алады. Мысалы, "бөленген бұйра сыпсың", "бұлт құшқан мәңгі мең-зең" эпитеттерінің қолданылуынан тұлғаландырылған Бурабай образы қосымша эмоционалдык бояуға ие болады. Ал аудармада бұл солғындап жеткізілген. Тәржімашы тармақтардың мағынасын дұрыс түсіндірмеген.

Аудармасы:

*Нет мест, Бурабаю подобных своею красою,  
**Сосновые чащи курчавятся зелению хвои.***

**И если Кокше, как придавленный думами, дремлет,**  
*Его Болектау окликает в тумане рукою [4, 264].*

Көріп отырғанымыздай аударма түпнұсқаның мазмұнындағы эпитеттерді дәл бере алмаған. Әрине түпнұсқа мен аударма арасындағы сәйкестік пен алшақтықты әр сөз, әр тіркес деңгейінде анықтап, аударма сапасы жөнінде айтар ойды соның нәтижесінде ғана түйіндеу біржақтылыққа әкеліп соғуы мүмкін. Дегенмен түпнұсқа мазмұны мен мәнін өзге тілдің көркемдік бейнелеу құралдары мен мүмкіншіліктері арқылы қайта жасау аудармашы еңбегінің басты өлшемі екенін есте ұстауға тура келеді. Әдеби көркем аударманың бағалылығы осы аяда таразылануы керек.

Ә.Қодар әр сөздің жеке мағынасының жетегінде қалмай, тұтас мәтін мағынасын жеткізуді басты нысана етіп, аударманың мазмұны мен пішінін жарастыруда еркін қиялға, шығармашылық бостандыққа ұмтылған.

Сөз кестесін ажарлап, айтайын дегенін оқушы құлағына құйып тастау мақсатында М.Жұмабаев теңеу-ге зор мән берген. Ол белгілі журналдарды пайдаланғанда, жалаң сұлулық мақсатын көздемейді, суреттеп отырған объектісіне өзінің көзқарасын айқындай түсуді нысана етеді.

Мәселен поэманың Баянды сипаттайтын мына жолдарына көңіл бөлейік:

*Жас Баян жауды талай көрмеп пе еді,  
Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді,  
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,  
Сан қолға аш бөрідей кірмеп пе еді?!*

Бұл теңеулердің қай-қайсысы да қазақы түсінікте азулы, алған бетінен қайтпайтын характерді білдірсе керек. Енді осы теңеулердің аудармадағы берілу тәсілдерін қарастырып көрейік.

Аудармасы:

*Баянұл в новинку с врагами на саблях рубиться?  
Вонзаясь, как сокол, сметал он сарбазов калмыцких.  
На поле сраженья вбежав, словно хищник голодный,  
Один против сотен любил он с рычанием биться?!*

Түпнұсқадағы кейбір теңеулер аудармада өз көрінісін таппаған. Аудармашы теңеулерді бар эстетикалық сипатымен жеткізе алмаған. Кейбіреулері сөзбе-сөз жеткізілген, сондықтан образдардың жалаң схемасы жасалған. Бұл өз кезегінде аударма сапасына да әсер еткен деуімізге болады.

Жалпы аударма кейбір әттеген-айларына қарамастан сәтті шыққан деп айтуымызға болады. Аударма-шы өлең мазмұнындағы поэтикалық детальдарды аударуда аса мұқият болып, өзге тілдік құралдармен ауыстыру арқылы жеткізуге тырысқан.

Мағжан өзіне дейінгі көркем әдебиет дәстүрлеріне сүйене отырып, психологиялық талдаудың көптеген тәсілдерін (психологиялық портрет, авторлық баяндау, суреттеу, ішкі монолог, ойды іштей саралау т.б.) қару етеді.

Мысалы:

*«Қанайым, ойың удай, тілің шаян,  
Амал не келген жоқ қой батыр Баян,  
Көп жаудың албастысы, ел еркесі  
Баянның батырлығы алашқа аян».*

Енді осы жолдардың аудармасын назар аударып көрейік:

*Я знаю, Канай, острословом ты зваться достоин,  
Но где же Баян, мой самый известнейший воин?  
Любимец народа, врагам как шайтан, досаждая,  
Он целого войска в атаке безудержной стоит.*

Көп қалмақтың қорқынышына айналған Баян бейнесінің сипаты аударманың кейбір тармақтарында солғындап жеткізілген.

Ал шығармадағы батырдың інісі Ноян көңіл қоймасы жұтаңдау, балаң жігіт. Сонысына қарай оның портреті эмоционалдық жағынан ғана суреттелген. Жас батыр – сезімнің құлы, айналасын тұман басып бір қыздан басқа ештеңені көзіне ілмейді. Сондықтан оның портреті жалпылама сипаттаудан аспайды. Мәселен:

*Баянның інісі бар он бес жаста –  
Бөрінің бөлтіргі – бала Ноян,  
Ноянның бар ақылы білегінде,  
Билеген асау жүрек, қайнаған қан.*

Аудармасы былай беріледі.

*Был брат у Баяна пятнадцати лет, его звали  
Ноян, и Ноян был готовым к боям бахадуром.*

*Весь разум Нояна в плечах его, мощных и сильных,  
И в сердце его, закипающем страстью иль дурью.*

Мағжанның бұл поэмасы метафораға, ауыспалы мағынаға өте бай. Ұқсас зат не құбылыстарды бір-біріне балау өз алдына, ақын ауыстыруларының бір ерекшелігі – мағынасы керқалаң, бір-бірінен алыс нәрселерді "атастырады". Мысалы, "Баян – көп жаудың албастысы, Ноян – бөрінің бөлтірігі, лебізі – жұмақ желі" т.б. Батыр мен албастының, лебіз бен желдің арасы жер мен көктей. Бірақ жанаспайтынды жанастыратын ақын қиялы қуатын немен теңейсің? Енді осы ауыстырулар аудармада қалай көрініс тапқан деген мәселеге тоқталайық.

Поэма барынша түпнұсқамен барабар аударылған, Ырғағы да сақталған. Аудармашы көптеген сөздердің мағынасын беру үшін сөз тіркестерін сәтiмен пайдаланған. Алайда жоғарыда мысалға келтірілген ауыстырулар Ә.Қодар аудармасында эстетикалық сипатын жоғалтып алған деуге болады. Аудармашы ауыстырулардың мағынасын ғана сақтауға тырысқан. Үзіндідегі "Баян – көп жаудың албастысы" тіркесі жай ғана "врагам как шайтан, досаждая" болып тәржімаланған. Сондай-ақ "Бөрінің бөлтірігі – бала Ноян" деген метафора аудармада "и Ноян был готовым к боям бахадуром" деп берілген. Бұл жағдайда ауыстыру тәсілі сипаттамалылықтың туындауына жағдай жасап тұр, Осының салдарынан қазақ өлеңінің айқын сипаты бұлдыр күйге көшіп, автор сезімі жаңа бағытқа ие болады.

Поэтикалық детальдарды қолдануда мұқият болмау, мәтінді түрлі стильдік және эмоционалды-эстетикалық тұрғыдан алшақтатып жібереді. Сондықтан жекелеген детальдар, ерекшеліктер түпнұсқаның образдық-стистикалық және идеялық-тақырыптық жүйесінің өзіндік ерекшелігін дұрыс жеткізуде, лирикалық кейіпкердің өз образына дұрыс сипаттама беруде елеулі рөл атқаратынын аудармашылар ескеруі тиіс еді.

Психологиялық талдау кейіпкер бейнесін жасауда түрлі-түсті бояу қолдануға кең жол ашады. Поэмада махаббат гимні сияқты естілетін «Жастықта жалындап сүйген қандай!» деп басталатын жолдар Ноян бейнесіне байланысты жазылған.

Ақын поэмада:

*Жастықта жалындап сүйген қандай!*

*Баладай өксіп жылап, күйген қандай!* – деп жырлай келіп,

***Не дерсің салпаң құлақ есектерге***

***Өгіздей өмір сүрген сүймей-жанбай!*** – деп ойын қорытындылайды.

Соңғы екі жолдың аудармасына көз салайық:

*Что скажешь ослам длинноухим, прошедшим по жизни*

*Не зная любви, как волы, что на жвачку лишь падки.*

Түпнұсқадағы метафоралар аудармаға еніп, олардың атқарып тұрған қызметі де ашылған. Алайда соңғы тармақта аудармашының түпнұсқадан ауытқып, өз тарапынан қосулар жасағанын да көреміз.

Ауыстырудың тағы бір алуаны метонимия, синекдохалар болса, бұл қару ақын қорамсағынан молынан табылады. Шағын детальмен, кішігірім нәрсемен үлкен ұғым болмысын танытатын метонимия Мағжанда әрқилы жолмен пайдаланылады. Адамды түстеу арқылы кімнің кім екенін аңдататын мысалдарды бұл поэмасынан көптеп кездестіреміз.

Мәселен, Ноян мен қалмақ қыз арасындағы махаббат былай сипатталады.

*Айға алтын Күн нұрынан сәуле бермек,*

*Шалқыған махаббат – от аспанға өрлеп,*

*Жүрегін өзі сүйген отты жүрек*

*Оятпақ тас болса да, зарлап тербеп.*

Сезімнің селімен төгіліп тұрған бұл шумақта лирикалық кейіпкердің өз ғашығына тебірене ғашық жүрегіннің дүрсілін білдіреді. Мұндағы "отты жүрек", "жұлдызым" т.б. сөздер қазақ өлеңі үшін жаңалық емес. Бірақ өлең жүйесінде ойнап тұр. Ақын аталған синекдохалармен жігіттің сезімін суреттей отыра психологиялық сюжет құрайды. Бұл арада сұлу қыздың сипаты жігіт жүрегін тілгілеп, есінен тандырып жатқаны синекдоханы шебер қолданудың жемісі. Енді осы шумақтағы синекдохалардың аудармадағы берілуіне назар аударайықшы:

Аудармасы:

*Луна золотее в отражении солнечных банков,*

***Любовь как пожар, до небес полыхающий дико.***

***Кто любит, сумеет в другом пробудить то же чувство,***

*И камень растает пред страстью многоязыкой.*

Мұнда біріншіден, ғашық жігіттің сезімін бейнелеген жоғарыда аталған сөздерінің жоғалып кеткенін байқаймыз. Бұның өзі аударма өлеңнің түпнұсқа тілдегі өлеңнің ғажайып көркінен, әсерінен ажыратып тастап тұр. Буын санында айтарлықтай алшақтық болмаса да, ақын мәнері солғындаған. Ал, «махаббат – от» метафорасын аудармашы «любовь как пожар» деген тенеумен ауыстырады. Бірақ, бұл

балама түпнұс-қаның мазмұнын дәл береді.

Жоғарыдағы талдаулардан байқайтынымыз, Ә.Қодар аударма барысында көбінесе өлеңнің көркемдік ерекшелігін құрайтын поэтикалық детальдарды, оның ерекшеліктерін назардан тыс қалдырып, түпнұсқа-ның жалпы мағынасын жеткізуге ұмтылған деп айтамыз. Нәтижесінде ақпараттық функция эстетикалық функцияны шетке ысырады.

Әрине Мағжандай ұлт ақынының өлеңдерін басқа тілге тәржімалау оңай емес. Бұл аудармашыдан түпнұсқа мазмұнын жете танығандықты ғана емес, талант тереңдігін, ақындық ойлау мен зерттеушілік зердені қажет етеді. Біз Ә.Қодардың Мағжанның «Батыр Баян» поэмасын тәржімалаудағы аудармашылық шеберлігіне көз жеткізе келе, мынадай ой түйеміз: ол – оқырманға Мағжан поэзиясындағы жалынды сезіну мүмкіндігін бере алған ақын. Ең бастысы аударма шығармаларды қазақ тілді де, орыс тілді де оқырманның ерекше ықыласпен қабылдағандығында.

Аудармашы поэтикалық туындыдағы бүтін мен оны құрайтын бөлшектерін, көркемдігін, бейнелеу элементтерін немесе оның түрі мен мазмұнындағы бірлігін, жекелеген жолдарының арасындағы мағына-лық, логикалық байланысты түсінуі қажет. Әр сөздің салмағы, мән-мағынасы бар. Шағын өлеңде шалқар ой сән-салтанат құрады, таңдандырып таңдай қақтырар сұлулық әлемі тұна қалады. Сондықтан да аудар-машы ақынның әрбір сөз, шумағына мұқият болу керек.

Шебер, жақсы жасалған аударма – қайта түлеген рухани құндылық, ел мәдениетінің мәуелі жемісі. Сондықтан да В.Левик аудармада адалдық пен жауапкершілік басты қасиет екенін айта келіп, "бәрібір дәлдік – аударманы қолға алған ақынның бірінші парызы" деп, оны ең құнды сипаты ретінде атайды. "Поэзия аудармасында ұсақ-түйек мүлдем жоқ. Мұнда қас-қағымда бірдеңе жоғалтсаң да, бәрібір жоғалт-қаның. Орны толмайды" [5, 124].

Қорытындылай келе, Мағжан поэмасының Ә.Қодар аудармасындағы нұсқасы туралы айтар ойымыз мынау: Мағжандай дара болмысты тұлғаны өзге тілде жаңғырту үшін, оның ой негізін өзіндей шебер жеткізу үшін аудармашы көп ізденуі керек. Ақынды тереңдеп танымай, қажет болатын болса, аудару үстінде белгілі дәрежеде ақынның болмысына бойламай, бөтен тілде жаңғыртпақ түгіл, ақын негіздемесі-не интерпретация жасаудың өзі мүмкін емес. Жоғарыдағы талдаулар көрсеткендей эстетикалық көзқарас тұрғысынан, яғни түпнұсқаға функционалдық жақындыққа қол жеткізу тұрғысынан алғанда Ә.Қодар аудармасы Мағжан поэзиясына жақынырақ. Аудармашы түпнұсқа поэтикасының жекелеген тұстарын бірде күшейте отырып, бірде алып тастай отырып, М.Жұмабаев поэзиясының жалпы эмоционалдық қалпын жеткізген. Ақынның авторлық мәнеріндегі ой мен сезімнің жоғары экспрессиялығы, психологизм және өзге де детальдар Ә.Қодар аудармасында тұтастай көрініс табады.

Бүгінгі көзіқарақты оқырман Мағжанның бөтен тілде сөйлегенін ерекше ықыласпен күтетінін ескерсек, аудармашы автор мен оқырман арасындағы дәнекер екенін бағамдасақ, аударма өнері осы бір қиюы сан қырлы қиын салада еңбектенетін әрбір аудармашыдан асқан шеберлікті ғана күтеді. Тіпті Мағжанды оқу – оқырман үшін таным сырына бойлау болса, осындай поэзия әлеміндегі терең сырды тамаша шебер-лікпен аудару – бір ерлік.

1. Елеуқенов Ш. Мағжан. – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.

2. Давыдов А. «Когда я читаю Магжана». (Жұмабаев М. Перевод А.Кодара). – Алматы: Ассоциация «Золотой век», 2006.

3. Жұмабаев М. 3 том. шығ. жинағы. – Алматы: Білім, 1995. – 250 б.

4. Жұмабаев М. Исповедь. – Петропавловск: 2011. – 370 б.

5. Тарақ Ә. Аударма әлемі. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 242 б.

### Резюме

В статье исследуются жанрово-стилистические особенности поэмы М.Жумабаева «Батыр Баян» и своеобразие художественной интерпретации его переводчиком. Рассматриваются основные принципы воссоздания формально-смысловых и идейно-содержательных компонентов оригинала в переводном тексте, проблема передачи индивидуального стиля в художественном переводе.

### Summary

Genre and stylistic features of the poem of M.Zhumabaev of "Batyr Bayan" and an originality of literary interpretation by his translator are investigated in the article. The main principles of a reconstruction of formal and semantic and ideological and substantial components of the original in the translated text, a problem of translation of individual style in a literary translation are considered.

## ЖАСТАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ САРЫН

А.А. Абныр – PhD докторанты

Қазіргі таңда тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері қазақ әдебиетінде ұлттық құндылықтармызы, яғни ұлттық дәстүр, дін, ұлттық өнер жайында жазылған туындыларды зерттеу мен зерделеу өз жалғасын табуда. Ұлттық дәстүрге, ұлттық жан дүниемізге өз шығармалырымен айтулы үлес қосқан қаламгерлердің туындыларын тереңдеп зерттеп, олардың әдебиеттегі орнын, суреткерлік шеберлігін бағалау қажеттігі туды. Тіл мен діліне, діні мен тініне, дүниетанымы мен рухына еркіндік алған қазақ елі өз қоғамдық санасындағы қымбатты құндылықтар мен асыл қазыналарға, рухани әлемі мен мәдени тарихына өзге көзқараспен қарай бастады. Қоғамдық ағым мен ортақ құндылықтарға жаңа көзқарас қалыптастыру барысы – поэзияны да айналып өткен емес. Өлең құрылысына жаңалық енгізу биік шеберлік пен ақындық дарыннан туындайтыны ақиқат. Ал, бірақ жай ғана көпшіліктің назарын бір сәтке аудару мақсатында нәрсіз шумақтың ғұмыры келте болары белгілі.

«Дін – апиын» деген заман да туып, соның ащы уын ішіп өскен ұрпақ, жетпіс жылдай рухани құлды-рауға ұшырады, сананы улаған авторитарлық идеологияның сені бұзылып, тас-талқаны шықты.

Тәуелсіздігімізбен бірге ары да жаны да «кеңестеніп» үлгермеген, рухани байлығының қаймағы бұзылмаған жас ұрпақ бірден жаңа қоғамның жаңа ұстанымдары мен қағидаларын қуана қабылдады. Осы орайда қоғамның рухани сұранысына жауап таба алатын, жаңа әдебиет пен өнерді ұлттық формада насихаттап келген жас дарындар осы бағытта зор еңбек етті. Ортаға жаңа леп, жаңа толқын қосылды. Бұл жаңа соқпақ мұсылмандықты пір тұтып, исламды иман еткен жаңа сана мен ақылды насихаттаушы, берік сенімге жүрек тоқтатқан әдебиет әлемінің есігін айқара ашып, ара-жарқа кіріп келген жас толқын ақындар келді.

*Хақ Алла хақиқатын түсінгелі,  
Ібіліс іштен тынды, ішімдегі.  
Әмірі әмбеге аян Әл –Илаһим  
Бар қылған бариша мумин үшін мені.*

(Алмас Темірбай)

Соңғы уақытта ислам дініне деген ынта-ықыластың өсуі әдебиетімізге жаңа серпін әкелді. Әсіресе, поэзияда дін тақырыбы жан-жақты игеріле бастады. Ғасырмен бірге әдебиетке енген жас дарындар үшін жаңа қоғамдық құндылықтар әлемі құшақ жая қарсы алды. Бұл туралы ақын Е.Раушанов: «басқа жетістік-кемшілігін былай қоя тұралық, өлеңге басты өзгешелігі – Алла Тағаланы бір деп, Құран-Кәрімді шын деп танитын ақындар келе бастапты. Мұндай шайырлардың соңы 1937 жылдары атылып кеткен еді. Содан Құдайсыз қоғамда үш, төрт буын тәрбиеленді. Бүгінде жасы 80-ге тақаса да мұсылманшылықтан әліпті таяқ деп білмейтін, 60-тан асса да кәлимаға тілі келмеген ақсақал-қарасақалдарымыз – сол қоғамның жемісі», – деп дәп түскен (1, 128 б.). Ал рухани бай, діннен нәр алған бүгінгі жас ақындарға сөз берсек:

*Пиғылыма сайтан ісін қолдатып,  
Сан адастым көкке көшер жолда тік.  
Ібілісті періштемеме жеңдіріп,  
Қайта алсам зой... (Мен үшін сол – зор бақыт)*

(М. Райымбекұлы «Өзек»)

*Бәрі – діни.  
Сенім менен наным көп,  
Құдайыңнан қорқпасақ халиң жоқ.*

(А.Исаділ «Ертегі-өмір»)

*Алдына ап ғаламды Алла тербетуде.  
Қақы бар кімнің бізді шерлі етуге?  
Ғарьшқа ұшып кетіп періштелер,  
Күнакар біздер қалдық  
Жер бетінде.*

(С.Ақсұңқарұлы «Әу баста сұм Әзәзіл періште еді»)

Осы үш ақынның өлеңдерінде кеңес дәуірі ақындары айта алмаған, жаза алмаған, құсалықпен ішінде кеткен аллаға деген армандары жазылған сияқты. Әдебиеттегі поэзия жанры қашан да жаңа жақын болғандықтан өнерде дін тағылымы өлең арқылы көп дариды.

*Шақырғанын шалып қалды құлағым,  
Бұрын қайдан естіп едім бұл үнді?!  
Мен Құдайға жақындап едім бір адым,  
Құдай маған құшақ жая жегірді... – деген өлеңімен іштей жауап*



беремін. Алмастың «Мұсылман» атты осы өлеңі қазақ поэзиясындағы тың тақырып. «Мен Құдайға жақындап ем бір адым, Құдай маған құшақ жая жүгінді», – деген тіркестер ақындардың рухани дүниеден нәр алғанды-ғын байқаймыз. Алмас Темірбайдың бұл өлеңінің негізінде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисі жатыр. Өлеңдерінде құрғақ ақыл мен нақыл емес, тереңнен ырғап сөйлейтін, қолыңмен ұстағандай немесе көзің-мен көріп тұрғандай әсер ететін бейнелі сөздер. Бұл жердегі әңгіме – Алла Тағаланың өзінің құл-пенделеріне деген ықыласында. «Біз құдайға өз іс әрекетімізбен жақындай аламыз ба?! Жақындасаң, онда Алла Тағала ықыласы да сен жаққа аумақ, бірақ бұл уағызды дәл осылай айтсаң не болады? Қуаты жоқ құрғақ сөз боп қана шығады. Ал оны қимыл-қарекетке түсіріп, көз алдына келтіріп сөйлесең, оның әсер-ықпалы әлдеқайда зор болмақ» – деп Темірхан Медетпек А.Темірбайдың «Мың бір мұң» атты жинағына салмақ-ты да салықалы алғысөз жазған екен (2, 7 б.).

*Алла алдында арым зой – қуәлігім,  
Қуәліксіз танымай дін әлібін.  
Дүдәмал күйге түскен күнім құрсын,  
Күннен күнге арттырып күнә жүгін.*

(Б.Беделханұлы «Алла алдында»)

*Қырық рет күніне құбыла ма,  
Тіршіліктің таппадым сырын, аға.  
Монстьрьға барар ем... Алланы ойлап,  
Қайта-қайта қараймын құбылаға...* – деп Мұқағалимен сырласа

отырып, мына тіршіліктің пенделік жағдаяттарынан шаршаған Алмас:

*Күйіп-піскен күндерім, жылдарым-ай,  
Күйімді бұл күтірлік қылма, Құдай.  
Мезі болып мына өмір базарынан,  
Мұражайға кеткім кеп тұрғанын-ай!..* – деп жырлайды. Екі ақын да

Мұқағали мен Алмастың монастырь туралы ой-толғамдары – үндес, мағыналас, тақырыбы – төркіндес.

Көркем әдебиеттің көп ғасырлық тарихында өрлеуі де, тоқырауы да аз болған жоқ. Әдебиет тарихында дамудың өрлеу, тоқырауының алма-кезек ауысуларына әр түрлі формациялардың өзгеруі, жаңарулары себепкер. Қоғамдағы заман ырқына, ондағы саяси-әлеуметтік идеологияға, философиялық ұстанымға орай әдебиет те өз бағыт-бағдарын өзгертуге, жаңартуға түрлендіруге барады.

Ұзақ жылдар үстемдік еткен кеңестік жүйенің тұсында мұсылманшылдықты дәріптеу, пайғамбарлар өмірінен мөлтек сыр шерту идеология байланысты екінші қолынан келе бермейтін дүние еді. Бұған, бірін-шіден социалистік қоғамда үстемдік қрған атеистік тәрбиенің ықпалы болса, екіншіден қалам тартып жазығысы келгенімен мұсылмандық сауаты, мағлұматы аз болғандықтан, ал үшіншіден бұл тақырыпқа бел шешіп кірісу үшін исламдық дін берік, мұсылмандық махаббатқа толы жүрек иесі болуы шарт еді. Хакім Абай «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас ешуақытта жалған болмас» деп жырлап кеткендей мұсылмандық сауаты, даярлығы бар болғанымен Аллаға, Пайғамбарымыздың атын дәріптеп, құрметтеп жазған ақындар санаулы-ақ. Ақиық ақын М. Мақатаев кеңес үкіметі тұсында атеистік «Дін – опиум» деген идеяға қарамастан Ислами тақырыпта бірнеше өлеңдерге қалам тартақан.

Кеңестік кезеңде жарияланбай қалған жырлардың бір бөлігімен тәуелсіздіктен кейін қауышқанымыз белгілі 1976 жылы жазылған Мұқағали Мақатаевтың діни өлеңдер топтамасы да оқырман назарына соңғы жылдары ғана ұсынылды. Аталмыш топтаманың ішінде өршіл рухымен, соны көркемдігімен, ақындық қуатымен ерекшеленетін бір өлең бар. Төменде толығымен келтірілетін осы өлеңде ақынның замана заңына, қоғам құрсауына деген ашынған үні, сүтпен сіңіп, сүйекпен кететін ата-баба дініне деген қалтқы-сыз құрметі, Жаратушы иесіне айтар жүрек түкпіріндегі арман-зары, дін-мұсылман бауырына айтар алғаусыз ақ тілегі – бәрі бірге көрініс тапқан:

*Сатпаймын, сатқан емен дінімді мен,  
Өлмейтін, өшпейтұғын күнім, білем.  
Таппайтын күнде тыным, түнде тыным,  
Мұсылман Мұхаммедтің үмбетімін.  
Бәрі рас айтқанының ақ Алламның:  
Құм менен топырақтан жаралғанмын,  
Құдайдың құлымын мен, мұсылманмын,  
Денемде түйірі жоқ арам қанның,  
Ақиқатын аңсаймын ақ арманның!*

Өткен ғасыр бізді дінсіз етті. Әсіресе, дін мәселесінде ассимиляцияланып, маргиналданып кеткен ұрпаққа мұсылмандықты таза түрінде қабылдау қиын болды. Тәуелсіздікпен бірге ары да, жаны да, рухани байлығының қаймаңы бұзыла қоймаған жас ұрпақ бірден жаңа қоғамның жаңа ұстанымдары

мен қағидаларын қуана қабылдады. Осы орайда қоғамға еркін ене алған, қоғамның рухани сұранысына жауап таба алатын, жаңа әдебиет пен өнерді ұлттық формада насихаттап келген жас дарындар осы бағытта зор еңбек етіп келді. Ортаға жаңа леп, соны соқпақ жүрек тоқтатқан әдебиет әлемінің есігін айқара ашып келген жас толқын ақындар еді. Пайғамбарымыз Мұхамед (с.ғ.с), сахабалардың өмірі мен ізгіліктері, періштелер, Құран-Кәрім, мінажат, дұға, намаз тақырыптарында жас ақындардың өлеңдері бір шоғыр

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясы бұл тақырыпта қанатын кеңге жайды. Жастардың рухани білім алып, Исламға бет бұруы, қоғамға үлкен серпіліс әкелді.

Көшбасшысы ретінде Маралтайдан бастайық:

*Бір ібіліс, бір періште, бір Құдай,  
Бір жүркке қалай сыйған, құрғар-ай.  
Көнбес болсам көксеуіне Алланың,  
Жазылмау керек еді жыр бұлай. (Өзек)*

Бұл – ойлау мен танымның жаңа кеңістігіне құлаш ұра бастаған жас қазақ поэзиясының көкірекке мол үміт ұялатар тегеурінді аяқ алысы. Ақын өлеңдерінің дүниетанымдық аясы ислам діні суфизмімен біртектес болып, діни ұғымдарды жырында көп қолдануымен ерекшеленеді.

*Хақ Алла хақиқатын түсінгелі,  
Ібіліс іштен тынды, ішімдегі.  
Әмірі әбмеге аян Әл-Илаһым  
Бар қылған бариша мүмин үшін мені*

(А.Темірбай)

*Бабалар салған ауады зейінім ізге,  
Бұрылар тағы Тәңірдің пейілі бізге.  
Ұлымды сүйген ұлдарын тудырар қайта  
Ұллы Аллаһ, Сіздің тәнтімін мейіріңізге.*

(Б.Алдияр

«Қазығұрттың

қоңыры»)

*Сәттерде жаным езілген,  
Медетім болып қолдаған.  
Тайғанда бағым төрімнен,  
Үмітке үміт жалғаған  
Жаралған шексіз төзімнен,  
Нәр алған уыз арнадан,  
Құдірет барын сезінгем.*

(А.Исаділ «Тәубе»)

Ақындардың осы өлеңдерінде кеңес дәуірі ақындары айта алмаған, жаза алмаған, құсалықпен ішінде кеткен Аллаға деген армандары жазылған сияқты.

Соңғы уақытта ислам дініне деген ынта-ықыластың өсуі әдебиетімізге жаңа серпін әкелді. Әсіресе, по-эзияда дін тақырыбы жан-жақты игеріле бастады. Ғасырмен бірге әдебиетке енген жас дарындар үшін жаңа қоғамдық құндылықтар әлемі алдынан тосып алды. Нағыз мінәжат үлгісі деуге тұрарлық осы өлеңдегі мұң мен зар, арман мен тілек ақынның басқа да бірқатар жырларына арқау болып, тұтас цикл құраған.

«Төл әдебиетімізде мінәжат жанрының дамуы – әдебиет тарихының өн бойына созылып жатқан құбылыс. Алғашқы ауызекі әдебиет үлгілерінен бастап, бүгінгі жаңа ғасыр жырларына дейін жалғасып жатқан мінәжат өлеңдерінің қалыптасқан болмыс-бітімі, мәнер-машығы, көркемдік әдістері бар. Қоғамдық өзгерістерге, әлеуметтік көзқарастарға сәйкес аталмыш жанрға деген сұраныс артып, мінәжаттың дербес жанр ретінде тұлғалана көрінген кезеңдері де, нақыт өмірлік тақырыптардың көбірек жырланып, мінәжат жанрының байсал тартқан тұстары да болды. Дегенмен адамның жан дүниесіндегі алғаусыз сезімдермен астасып жататын аса сыршыл мінәжат жырлары ешқашан әдебиет әлемінен ысырылып қалған емес. Қандай қиын кезеңдерде болмасын мінәжат мәнді өлеңдер өміршең қалпын сақтап, тұтастай бу-ын өкілдерін өнегесіне ұйыта білді. Қаза әдебиетінің алтын қорын байытқан рухани қазынамыздың бірі – мінәжат жырлары ескермейтін, жаңалмайтын, әдебиет барда бірге жасайтын мәңгілік тақырыптардың бірі – дейді ғалым» – Дәнеш Ахметұлы (4, 2 б.).

Алланың құдіретті сөзі сүрелерді оқу арқылы Алла-тағалаға мінәжат ету, жалбарыну, өзіне емес өзгенің денінің саулығына тілек тілеу тек Алланың сүйген құлдарының ғана қолынан келеді. Жаратушының хикметін, жаратылыстың ғибратын ақылымен таныған, сезіммен түйсінген кемеңгер ақын күйзеле, күнірене отырып, бойұсына, бағына зар төгеді. «Мунаджат – это монолог, построенный на разговоре человека с самим собой, но обращенный к божественной силе. В них как правила бог и святые изображаются с максимально высоких позиций, в то время как преклоняющийся перед ними и

*«Ысытатын аптап қапсырды*

*Үміт артқан адам жауықты.*

*Ертіс суын кешпекші,*

*Содан халық сескенді*», – деп Ертістен өтуге үлкен мән беріледі [6;

186]. Ұзындығы 4,5 мың километрге жуық, ені 100-120 м. өзенді кешіп өте алмаған керуендер өзенді бойлап, оның басын (Моңғол Алтайын) айналып өтуге тура келген [7; 71].

**ҚАЛБА** – тау жотасы (1606 м). ШҚО. Қалба оронимінің этимологиясы туралы мынадай үш түрлі пікір келтіруге болады:

1. Қалба – түркі. *қалбагай* «жалпақ»; эвенк. *қалбин* «кең», мәнжүр. *кальфан* «жалпақ»; моңғ. *халбагар* «кең», «жалпақ», *халбага* «қасық» сөздерімен ұялас келіп, «жалпақ тасты, аласа тау» мағынасын береді. Таудың өзі де текшеленген, қатталған жалпақ тастардан тұрады.

2. Сонымен бірге, тұңғыс-мәнжүр. *қолбо/холбо* «жалғасу», «қосылу»; моңғ. *холбо* «жалғастыру», «байлау»; түркі. *қосу* (В.И. Цинциус //Алтайские этимологии, 1984, 92-93) сөзінен *Қолба* > *Қалба* «Өр Алтай мен Батыс (Кенді) Алтайды жалғастырушы, қосатын тау жотасы» мағынасына да келеді.

3. *Қалба* «*Allium ursinum*, род дикого лука, черемша (Даль, 2,77; Фасмер, 2, 165; Радлов 2,270)» мәнінде орыс тіліне енген түркізм түрінде көрсетіледі [8; 154]. Шығыс Түркі тілдерінде *қалба* «жабайы сарымсақ» сөзі қолданылады.

Қытай жазбаларында ғұндар мекендейтін солтүстіктегі, батыстағы бірнеше тау *Цунлин* «луковый хребет» деп аталатыны және ғұндарды «жабайы тау сарымсағын жейтіндер» деп атағаны кездеседі [9; 204-205]. Сол сарымсақты тау осы Қалба тауы болуы мүмкін.

Бір ғажабы бұл үш этимология да Қалба тау жотасының негізгі үш түрлі ерекшелігін дәл басып көрсетіп тұр. Бірақ қайсысы атау болып бізге жеткенін анықтау қиын, өйткені Қалба тауының жалпақ

тасты болып келетіні, оның Өр Алтай мен Батыс Алтайды жалғап жатқаны, тауда жабайы сарымсақ пен рауағаштың қалың өсетіні де ақиқат-шындық.

Топонимжасам тарихында осындай жұмбақ жағдайлар да кездесіп тұрады.

**МҰҒАЛЖАР** – тау. Ақтөбе облысы. География ғылымы табиғи нысанды сипаттап, зерттеп беру арқылы, сөз жоқ, тілші-ғалымдарға тілдің аясынан тыс, бірақ аса қажетті мәліметтер береді. Мәселен, тілші *Мұғалжар* оронимінің мағынасын анықтау үшін, ол тауды барып көруі керек, болмаса география-лық сипаттамасына сүйенуі керек. Топонимика кешенді ғылым болғандықтан, тек тілдік тұрғыдан ғана қарастырып, сыртынан тон пішу ғылыми әдіске жатпайды. Сонымен, *Мұғалжар* тауының географиялық сипаты мынадай: «*Мұғалжар* Орал тауының оңтүстігінде, Қазақстан жеріндегі табиғи жалғасы болып табылады. Мұғалжар тауының Орал тауынан айырмасы – оның шығыс беткейі көлбеу де, батыс беткейі тік болып келеді... Мұғалжар оңтүстікте төбелері тегіс аласа қырқаларға және жеке дара тұрған *Шошқа-көл* таулы бұйратына жалғасады. Сарыарқа сияқты Мұғалжар да шөгінді және магмалық жыныстардан түзілген ежелгі таулы өлке (астын сызған – біз)» [10; 63].

Тілдік тұрғыдан келгенде, атаудың бірінші сынары «*мұқ/моқ*>*моқал-комалый (тұқыл, мұқыл)*» [3; 238] туынды түбірі «*мұқалған, мүжілген*», «*аласа*» мағыналарын береді. Ал екінші сынары кәдімгі *жар* (жарқабақ) сөзі *тау* орографиялық терминін ауыстырып тұр, өйткені таудың шығыс беткейі көлбеу де, батыс беткейі тік (жарлы) болып келеді.

Сонымен, *Мұғалжар*<*Мұқалжар (Моқалжар)* оронимі «*аласа, мұқыл, мұқыр жар(тау)*» деген ұғым тудырады демекпіз. Атауға уәж болып тұрған екі белгі бар: бірі – оның мүжілген, ескі тау екені, екіншісі – таудан гөрі жарға ұқсауы.

**ОРАЛ** – е.м. (қала). БҚО. *Орал* оронимі туралы көптеген көзқарастардың ішінен екеуін екшеп атауға болады: 1) Ғ.Қоңқашпаев пен А.Әбдірахманов келтірген *Орал* қаз. «белдік тәрізді орап, оралып жатқан тау» мағынасы. Таудың оңтүстіктен солтүстікке қарай белбеу (белдік) секілді созылып жатуы бұл пікірге негіз болған. 2) Белгілі топонимист-ғалым А.К. Матвеевтің «таудың әуел бастағы аты – *Арал*, оны башқұрттар өзгертіп, өз тіліне бейімдеп айтады» деген тұжырымы [2; 156]. Бұл тұжырымның Қазақстан-дағы Арал теңізіне қатысы жоқ, Орал тауы басқа тау жүйелеріне жалғаспайтын, Шығыс Европа жазығы мен Батыс Сібір жазығын бөліп жатқан, арал тәрізді жеке тау болған соң, түркілер *Аралтау* атап кетуі мүмкін (арал сөзі тек суға қатысты айтылмайтыны мәлім. М.: Аралтоғай). Аралтауды башқұрттар *Оралтау/Оралтау* түрінде бұрмалап атайды, өйткені башқұрт тілінде *а* дыбысын *о* түрінде айту құбылысы бар. Осы, соңғы пікір, шындыққа жанасады.

**СЫРДАРИЯ** – өзен. ОҚО. *Сырдария* өзенінің көне атауларының бірі *Инжу* гидронимі екені тарихтан белгілі. С.Г.Кляшторныйдың айтуынша, бұл өзен көне түркі жазба ескерткіштерінде *Йенчу* үгүз «маржанды (жемчужная) өзен» деп аталса, қытай жазбаларында *Чжень чжу-хэ* «река истинного жемчу-га» деп аталған көрінеді. И.Маркварт осы түрік, қытай тілдеріндегі мағынаны парсылар өзгертпей, *Яқсарт* «истинный жемчуг» түріне аударып алғанын дәлелдеп шыққан [11; 189]. Ал О.О. Сүлейменов славян тілдеріне енген түркі сөздерінің қатарына *жемчуг* сөзін де жатқызады. «Өйткені, – дейді ол, – қытай тіліндегі *йенчу* сөзінің нақты этимологиясы болмағандықтан, оның өзі түркі тілінен қабылданған сөз болуы мүмкін» [12; 9].

Біздің ойымызша, ертеде негізінен көшпелілер мекендеген Орта Азия мен Қазақстан далаларында қала аз салынғандықтан және көшпелілер қарым-қатынас жасайтын қалалардың дені *Яқсарт* (Сырдария) бойында моншақша тізіліп орналасқандықтан, ол өзенді түркілер *Инжу* “моншақ, маржан” деп атаған. Сонда *Инжу* гидронимі жай ғана таңба емес, семантикасы бар толыққанды сөз болып шықпай ма?! Топонимнің сөзге жуық болатыны да содан – оны шартты таңба сияқты шексіз ауыстыра беруге келмей-ді. Сол заттың белгілерімен ғана шектеледі. Мәселен, *Сырдария* гидронимі кейін ол өзеннің сырға, бояуға ұқсас сары түсті суына орай берілді деп жүрміз, алайда осы *сыр* сөзінің өзі көне иран тілінде «*інжу*», «моншақ, маржан», деген мағына береді деген пікір де жоқ емес (А.Әбдірахманов, Қ.Өмірәлиев).

Қорыта келгенде, топонимика ғылымын құрайтын ұштағанның (тіл, тарих, география) біреуіне, көбінесе тіл біліміне, артықшылық беріліп жүргенімен, қалған екеуін төмендетуге болмайды. Топоними-каның көптеген мәселелері таза тіл білімі тұрғысынан шешіле бермейді, үнемі экстралингвистикалық зерттеулерге жүгінуге тура келеді. Бұл, өз кезегінде, топонимикамен айналысатын адамның тарихты да, географияны да, олардың құрамдас бөліктеріне дейін жақсы меңгеруін талап етеді. Бір ғана топонимнің этимологиясын ашып көрсету барысында үш сала жарыса араласып отырады.

1. Байтанаев Б.А. *К этимологии гидронима «Арысь» // Шестая конференция по ономастике. – Волгоград, 1989. – С. 65-66.*

2. Жанұзақ Т. *Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.*

3. Кайдар А.Т. *Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы: Арыс, 2005.*

– 304 с.

4. Бияров Б.Н. *Өр Алтайдың жер-су аттары. Монография.* – Алматы: Жания-полиграф, 2002. – 180 б.

5. Аманжолов С. *Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Учебное пособие. 2-издание, дополненное.* – Алматы: «Санат», 1997. – 608 с.

6. Қашқари М. *Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк): Зтомдық шығармалар жинағы/ауд. Егеубай А.* – Алматы: ХАНТ, 1997. – 1353 б.

7. Қазақстанның физикалық географиясы. *Хрестоматия. Құрастырған: Бірмағамбетов Ә.* – Алматы: Атамұра, 2001. – 144 б.

8. Шипова Е.Н. *Словарь тюркизмов в русском языке.* – Алма-Ата: Наука, 1976. – 444 б.

9. Малявкин А.Г. *Историческая география Центральной Азии (материалы и исследования).* – Новосибирск: Наука, 1981. – 235 с.

10. Бейсенова Ә., Карпеков Қ. *Қазақстанның физикалық географиясы: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық.* – Алматы: Атамұра, 2004. – 256 б.

11. Кляшторный С.Г. *Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии.* – М.: Наука, 1974. – 365 с.

12. Сулейменов О.О. *Тюрки в доистории.* – Алматы: Атамұра, 2002. – 320 с.

#### **Резюме**

В этой статье изложены собственные мнения автора о семантике и словообразовании некоторых макротопонимов в казахском языке.

#### **Summary**

In this article, the author says their own opinions about the meaning of education and some makrotoponims in the Kazakh language.

## ЖУРНАЛИСТИКА

### ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ КИНОСЫ ТАРИХЫН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ: «ҚАЗАҚ ЖАҢА ТОЛҚЫНЫ»

М.Ергебеков – *PhD докторы*

1980-жылдардың соңына таман алғашқы ұзын метражды фильмдері арқылы көрермендер мен кино сыншыларының назарына іліккен жас Қазақ режиссерларының табысы – Олжас Сүлейменов бастаған зиялы қауымның саналы және жүйелі түрде жүргізген еңбектерінің жемісі. Сондықтан да «қайта құру» жылдарында жаңа бір кезеңге кірген Қазақ киносының Қазақ интеллектуалды өмірінің бір бөлшегі болғанын айтуға болады. Осы контекстте қайта құру жылдарынан қазіргі таңға дейінгі Қазақ киносын зерттеген ғылыми еңбектер, әрі осынау жас режиссерларға берген танымдарында, әрі пост-Кеңестік Қазақ киносын периодизациялауға байланысты пікірлерінде бірнеше проблемалы аргументтерді алға тартқан. Бұл аргументтер төменде әр түрлі өлшемдерімен бірге қолға алынады. Сонымен қатар қазіргі заман Қазақ киносына қайта таным берудің жолдары іздестіріледі.

1991 жылдың соңында тәуелсіздігін жариялаған Қазақстанның кино өнері «Қазақ жаңа толқыны» арқылы бастау алды. Олжас Сүлейменовтың ВГИК-ке Сергей Соловьевтың шеберханасында білім алулары үшін жіберген жас киногерлері – Рашид Нұғманов, Серік Апрымов, Амир Қарақұлов, Абай Қарпықов, Дәрежан Өмірбаев және Ардақ Амиркулов – тарапынан түсірілген фильмдер, шет елдердегі кино фести-вальдердің конкурс бағдарламасына қатысқан немесе осы көрсетілім бағдарламасына іліккен Қазақ киносы таихындағы алғашқы фильмдер болды. Негізінде 1988-89 жылдардан бастап фильм түсіре бастаған Соловьевтың шәкірттері әрі кинематографиялық форма және тіл, әрі стильдік тұрғыдан сол кезеңге дейінгі Қазақ (Кеңестік) киносынан, әрі Кеңестік кино эстетикасынан алшақтаған фильмдері арқылы көпшіліктің назарын өздеріне аударған болатынды. Бұл режиссерлардың пайда болуы Кеңестік кино зерттеулерінде жаңа бір ұғымның пайда болуына ықпал етті: «Қазақ жаңа толқыны» (бұдан әрі ҚЖТ). Бұл ұғымның соншалықты табанды болғанын бір шетке қояр болсақ, осынау бір феноменнің расында да болып болмағаны әлі де болса беймәлім.

Алғашында тек қана Қазақ жас режиссерларының *PR* акциясы ретінде пайда болған бұл дискурс, кейіннен кинотанушы ғалымдар мен кино сыншыларының да сөздік қорларына еніп, кең қолданысқа ие болды. Бұл туралы режиссер Рашид Нұғманов пен Ардақ Амиркуловтың айтқан сөздері санадағы сұрақ-тарға аз да болса жауап берер сапада:

«Жаңа толқын термині турасында еш нәрсе ойға оралмайды. Біз бұл идеяны Француздардан ұрлап алдық, бар білетініміз осы. Бұл барынша жеңілтек ой еді. Мұның қашан пайда болғанын айтайын: 1989 жылы болған Мәскеу кино фестивалі кезінде пайда болды. Фестивальге Қазақ киносы ретінде қатысу үшін бірнеше қысқа және ұзын метражды фильмдер алып барған болатынбыз. Фильмдеріміз үшін көңіл аудартар афиша дайындауымыз керек еді. Маған 60x90 өлшемінде алтын түсті қағаз және қара түсті тушь алып келді. Бұған қоса ақ түсті бояу сұрадым. Бояулар арқылы ұшуға дайын тұрған космос кемесінің суретін салуды ойлаған болатынмын. Өйткені Қазақстан дегеніміз не? Космосқа ұшыратын космодром. Алайда осыларға не деп ат берерімді біле алмаған болатынмын. «Гагариннің ұрпақтары» деп айта алмай-мын ғой. Бәрі де әлдеқашан даяр еді: «Француз жаңа толқыны, бірақ Қазақстаннан» деп жаздым. [М.Е.]. Афишаға қосымша ретінде екі жүз шақыру қағазы дайындадық. «Россия» қонақүйінде қонақтаған керекті адамдардың аты жөнін сұрастырып білгеннен соң, есіктерінің астынан бұл шақыру қағаздарын қалдыр-дық. Шақырылған екі жүз адамның ішінен тек жиырмаға жуығы ғана қатысты. Олар өте маңызды адамдар еді. Олар кейіннен осы ұғымды қолдана бастады. Кейіннен алғашқы мақалалар жарияланды. Осылайша жалғасын тапты» (Нугманов, 1993: 8).

«Соловьевтың шеберханасы үшін айтылып жүрген «жаңа толқын» атауы өтіріктен басқа еш нәрсе емес. Қазірді күндерде батыстың кинофестивалдерінен жүлделер алған режиссерлар осы шеберханадан шықты. Алайда біз ол фестивальдерді көрдік, фестивальде фильм жоқ. Бар болғаны осы» (Амиркулов, 1993: 9).

Дәрежан Өмірбаев болса, өзімен жасаған сұхбатымызда ВГИК-тегі студенттік жылдарының тек бірін-ші жылында ғана Соловьевтың шеберханасында білім алғанын, оқу барысында Соловьевпен түсінісе алмауының салдарынан ВГИК-тің кинотану бөліміне ауысқанын айтып өтті. Сондықтан да Өмірбаев өзін Соловьевтың шәкірті ретінде көрмейді.

Алайда, мына бір мәселе көңіл аударарлық ерекшелікке ие: жоғарыда ҚЖТ-на байланысты көзқараста-ры көрсетілген режиссерлардың үшеуі де, және бұл толқынның өзге мүшелері де қазіргі таңда ҚЖТ деген ұғымның қолданысына қарсы шықпауда. Мұның ең бастағы себебі ҚЖТ дискурсының кино маркетингіндегі негізгі ұғым болуынан туындауда. Петер Волленнің де айтып өткеніндей қазіргі таңда «жаңа толқын» термині халықаралық мәдени маркетингке жаңа өнімдерді

тартатын және олардың бұл нарыққа енуін жеңілдететін бір термин ретінде қолданыс табуда (Қрз., Jameson, 1992: 119-120).

Аталмыш ұғымның ғылыми-академиялық қоғам тарапынан қолданыста болуы да екінші бір себеп. Ғылыми еңбектерде ҚЖТ-ның бар екенін айтып өтетін, алайда оған ұстанымды түрде анықтама бере алма-ған шет елдік еңбектер бар. Эндью Хортон мен Майкл Брашински (Horton & Brashinsky, 1992: 238-239), ҚЖТ-ның Рашид Нұғмановтың «Ине» атты туындысынан бастау алатынын айтып өтеді. Олардың ойын-ша Александр Баранов, Бақыт Қилыбаев, Абай Қарпықов және Серік Апрымов сынды режиссерлар – немесе Хортон мен Брашинскидің өз сөзімен айтар болсақ «Қазақтың бұл жабайы жігіттері» – өз фильм-дерінде секс, жасанды және видео эстетикасы қолдана отырып және бір біріне көмектесе отырып фильм түсіргендіктері үшін ҚЖТ қалыптасқан. Байқап отырғанымыздай, Соловьевтың өзге шәкірттері бұл тізім-де жоқ және Баранов пен Қилыбаев «Ине» атты фильмнің сценарийін жазғандары үшін тізімге алынған. Бұл тақырып бойынша екінші бір негізі жоқ пікірді Анна Лаутон алға тартуда. Оның ойынша ҚЖТ-ның Соловьевтың шәкірттері қалыптастыруда және бұл режиссерлар Қазақфильм кино студиясының жанынан ашылған Әлем бірлестігінің негізгі режиссерлары болып табылады (Lawton, 1992: 184). Ал негізінде олай емес еді. Бауыржан Нөгербектің де айтып өткеніндей 1980-жылдардың соңына таман мемлекеттік бюджет арқылы фильм түсіру үшін және жекеменшік кино студиялармен бірге қосылып фильм түсіру үшін Қазақфильм кино студиясы Мираc және Әлем болып екіге бөлінген болатынды. Бұл бөлініс жәй ғана механикалық бөлініс еді және режиссерлар мен сценаристтер бірінші студиядан екінші студияға жиі-жиі ауысып отырған болатынды. Мысалы Лаутонның ҚЖТ-ның тізіміне қосқан Серік Апрымовтың «Қиян» атты фильмінің түсірілімі Әлем бірлестігінде басталып, Мираcта біткен болатынды (Қрз., Нөгербек, 2007а: 300). Лаутон, Соловьевтың шәкірттерінің ҚЖТ-ның қалыптастырғанын айта отырып, жасаған ҚЖТ тізіміне Талғат Теменов және Қалыбек Салықов сынды Соловьевтан білім алмаған режиссерларды да қосады. (Lawton, 1992: 187). Гәнүл Дөнмез-Колин болса ҚЖТ-ге 1991 жылы Рашид Нұғмановпен бол-ған сұхбатында Нұғмановтың айтуына қарай отырып анықтама береді: «ҚЖТ – пост-қайта құру кинематографы болып табылады. Бұл фильмдер, Қазақ, Орыс және тағы басқа этникалық кімдікке ие жас буын-ның (генерацияның) өзара жаңа қатынастары мен жаңа әрекеттері жайында әңгіме қозғайды. Бұл фильм-дерде идеология мен саясат жоқ. Әрбір режиссер өз сценарийін жазады. Шектеу жоқ». Бұл сөздердің иесі Рашид Нұғманов болса да Дөнмез-Колин, ҚЖТ-ның алғашқы фильмі болып саналатын «Ине»-нің сценарийін режиссер жазбағаны турасында ешбір пікір білдірмеуде. Сонымен қатар ҚЖТ тізіміне Қазақстан-дық барлық жас буын режиссерларды қосуда (Dönmez-Colin, 1997: 115-118).

Шет елдік еңбектерде болғанындай Қазақстандық ғылыми-академиялық еңбектерде де Қазақ киносы проблемалы аттарға және периодизациялауларға толы. Мысалы, 1990 жылдардың басында ҚЖТ ретінде тек қана Соловьевтың шәкірттері білінер болса, кинотанушы Гүлнара Абикеева тарапынан құрастырыл-ған Евразия кино фестивалінің каталогында 1988-1998 жылдары арасында түсірілген фильмдердің барлы-ғы дерлік ҚЖТ-ның екінші бір аты болып табылатын «Қазақ Жаңа Киносы» (бұдан әрі ҚЖК) деген атпен қолға алынған. Бұл жағдайды сынға алған кинотанушы Бауыржан Нөгербек, Соловьевтың шәкірті болма-ған режиссерларды да ҚЖТ деп қолға алуда (Нөгербек, 2008: 270). Басқаша айтар болсақ, Қазақстандық кинотанушалар ҚЖТ мен ҚЖК-ні бір мағынада қолдана отырып, бұл жаңа кино немесе толқын ретінде есептелінген режиссерлардың фильмдерінің ағым немесе қозғалыс болуы үшін белгілі бір критерге ие болып болмағанын ұстанымды түрде тергемеген. Олар үшін кинематографияға бірдей уақытта бастаған жаңа бір буын, немесе басқаша айтар болсақ бірдей ойлайтын және құбылыстарға бірдей қарайтын, бағалайтын жаңа бір буын, оларға «жаңа толқын» деп атау үшін маңызды себеп. Абикееваның пікірінше ВГИК-те Сергей Соловьевтың шеберханасын бітірген жас режиссерлар тек қана бір топ адам емес, сонымен қатар бірдей ойлайтын топ еді. (Абикеева, 2001: 260). Бұл жерде мынаны айтып өткен жөн: Қазақстандық кинотанушылардың ұстанымдары барынша пост-колониалдық ұстаным. Олар үшін Қазақ режиссерларының – да – бір «жаңа» нәрсе жасай алуы өте маңызды. Батыстық кинотанушылар үшін ҚЖТ, фильмдеріндегі экзотикалық көріністердің салдарынан бар. Жоғарыда да көргеніміздей Хортон мен Брашинскидің ҚЖТ-ын «Қазақтың жабайы жігіттері» деп бағалауларына осы тұрғыдан қарап болсақ «маңызды мағынға» ие боларын байқауға болады.

ҚЖТ-ның периодизациясы да өте проблемалы, қай фильмнің бұл толқын танымына үйлесімді болаты-нын білу өте қиын. Басқаша айтар болсақ Соловьевтың шәкірттері мен олардан басқа жас режиссерлар-дың стильдік ұқсастықтары және бір кезеңді бастан өткерулері ҚЖТ-ның расында да бар болғанын барынша проблемалы жағдайдың ішіне соғуда. Мысалы ҚЖТ-ның 1988 жылы Рашид Нұғмановтың «Ине» атты фильмі арқылы басталғаны айтылуда. Ал дәл сол жылы Қалыбек Салықовтың – өзі Соловьев-тың шәкірті емес – көрсетілімге түскен «Балкон» атты фильмі «Ине»мен бірдей эстетикалық талғамға ие болумен қатар, стильдік паралелдіктерге де ие. Тіпті тақырыптың ұқсастығын айтуға да болады: «Ине»де Кеңестік жастардың арасындағы мафия және наркомания

мәселесі көтерілсе, «Балкон»да 1950 жылдарда-ғы Алматы жас жеткіншектері арасындағы мафия және наркомания мәселелері тілге тиек етілген.

ҚЖТ-ның ең маңызды режиссераның кім болғаны туралы сұраққа берілген жауаптар арасында да түсініспеушіліктің болғаны ашық. Мысалы Абикееваның (2001: 83) көзқарасы бойынша ҚЖТ-ның көшбасшысы Рашид Нұғманов пен Серік Апрымов болса, Бауыржан Нөгербек (2007b: 81) үшін Дәрежан Өмірбаев пен Амир Қарақұлов.

ҚЖТ-ның расында да бар болғанына байланысты күмәннің – ҚЖТ ұғымын қолданғанына қарамастан – Нөгербектің өзінде де бар екені ашық. Бұл кино «қозғалысының» өзегі болып табылатын Соловьевтың шәкірттерінің бір бірінен өте өзгеше эстетикалық талғамдары мен түсініктері, ортақ емес стильдік ерекшеліктері Нөгербектің назарынан тыс қалмаған. Оның айтып өткеніндей Ардақ Амирқұловтың «Отырардың күйреуі» және «Абай» атты фильмдері эстетикалық, өнерлік және формалық тұрғыдан Серік Апрымовтың «Қиян», «Ақсуат» атты фильмінен, Дәрежан Өмірбаевтың «Кардиограмма», «Киллер», немесе Абай Қарпықовтың «Фара» атты фильмінен барынша өзгеше. Рашид Нұғмановтың кинематогра-фиялық әлемі Серік Апрымовтан да, Абай Қарпықовтан да, Дәрежан Өмірбаевтан да, Ардақ Амирқұловтан да және Абай Қарақұловтан да өзгеше. Мұның терісін де айтсақ болады (Нөгербек, 2008: 270-271).

Жоғарыда айтылған себептерге байланысты, басқаша айтар болсақ ҚЖТ жаңылтпашынан құтылу мақсатында қайта құру кезеңінен бері Қазақ киносына қарапайым түрде «заманауи Қазақ киносы» (бұдан әрі ЗҚК) деген атпен аталуын ұсынамын. ЗҚК – «қайта құру» мен «жариялық» кезеңдерінде пайда болған; тәуелсіздік жылдарында орныққан; Қазақстан мен Қазақ қоғамының жадында қалған оқиғаларды қайта жандандырған; Қазақ мәселесін көтерген; тарихи өткен шаққа қайта қараған; шетте, ұмытылып қалып қойған Қазақ ауылдарын көрсеткен; қоғамның моральдық мәселелерін тілге тиек еткен; Екінші Дүнежүзілік Соғысынан кейінгі Кеңес киносында жиі-жиі көрсетілген сұлу панорамалар мен көріністерге және бақытты қоғам аңызына қарсы шыққан немесе осыларды қиратқан; Кеңестік дәуір тұсында «халық жауы» атанған зиялы қауымды қаһарман ретінде көрсеткен пост-колониалдық және пост-Кеңестік кино болумен қатар; Кеңес киносынан эстетикалық және стилистикалық тұрғыдан алыстаған және Европа киносы эстетикалық канондарына қарай бет бұрған; сондықтан да гибридтік ерекшелікке ие қазіргі заман Қазақ киносын суреттеу үшін ақылға қонымды бірден бір термин болып табылады. Бұл жағдайлар бар күшін сол кезеңдегі қоғамдық психологиялық жағдайлар мен идеологиялық өзгерістерден алды. Қайта құру мен жариялық кезеңінен кейін Қазақстанның тәуелсіздік алуы, ЗҚК-на 1980 жылдардың соңы мен тәуелсіздік жалдарындағы қоғамдық мәселелерді көртеруіне бірден бір себеп болды.

ЗҚК тізіміне Олжас Сүлейменовтың демеуімен алғашқы фильмдерін Соловьевтың шеберханасында түсірген Соловьевтың шәкірттерімен қатар, Сүлейменов тарапынан көмек көрген Сатыбалды Нарымбетов, Дамир Манабаев, Ермек Шынарбаев, Талғат Теменов, Аманжол Айтуаров, Болат Қалымбетов, Қалыбек Салықов, Александр Баранов және Бақыт Қилыбаев ж.т.б. 1980 жылдардың жас буын режиссерларын да қосқанымызды есте сақтауымыз керек.

ЗҚК – жоспарланған бір еңбектің нәтижесі. 1980-жылы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Кинематографтар Одағы (бұдан әрі КО) бірінші секретары болып тағайындалған Сүлейменов, 1981 жылы жазған «Қозғалысқа көшу үшін келдік» атты мақаласында сол жылдардың Қазақ мәдениетінің барлық саласында – кейбір алаңдардың жаңа ғана туылып келе жатқанына қарамастан – өрлеу кезеңі болып жатқанын және 19-ғасыр мен 20-ғасырды бір уақытта бастан өткеріп жатқанын айтып өткен. Оның ойынша 1980-жылдардың басындағы Қазақ киносы барынша артта қалып қойған болатынды, сондықтан да қозғалысқа көшуі керек еді (Suleimenov, 1990: 301). Өкінішке орай бұл мақаласында көбіне Қазақ әдебиетіне тоқталып өтіп, Қазақ киносы үшін не жасайтынын, не жоспарлағанын айтпаған. Алайда мақаланың атынан да көрініп тұрғандай, ол – қозғалысқа көшуді мақсат еткен болатынды. Бұл контекстте ЗҚК-сын жоспарлы түрде ортаға қойғанын, басқаша айтар болсақ Қазақ киносы тарихында жаңа бір бет ашатын киногерлер жетілдіруді жоспарлағанын айтуға болады. Төмендегі сөздерінде бұл мақсатта нелер жасағанын тілге тиек етуде:

«1980-жылы Қазақ КСР Кинематографтар Одағы бірінші секретары болып сайландым. Қызметімнің алғашқы күндерінен бастап кадр даярлауды ойлана бастадым. ВГИК жыл сайын (Қазақстандық, М.Е.) бітірушілерге дипломдар беретін. Қазақфильм кино студиясында елуге жуық режиссер жұмыс істейтін, алайда ешкім фильм түсірмейтін. Демек, маман даярлау жүйесінде бір кемшілік бар еді. ВГИК-ке мектеп бітірген жастар баратын... Кинематографтар Одағында екінші режиссер курстарын ашып, газеттерде хабарландыру жасадық. Мұның артында ондаған жастар осы курсқа жазылды. Университетті бітірген кез келген жас маман бұл курсқа қабылданды. Әр сейсенбі күні түске дейін әрі қарапайым халық үшін, әрі өнерлік сапасы жоғары элита үшін түсірілген фильмдерді көрдік. Түстен кешкі мезгілге дейін бұл фильм-дерді пікірталасқа аштық. Осылайша бір ай



өтті. Мен (Қазақ) Мемлекеттік кинематография комитетіне (Госкино) төраға болып тағайындалғанға дейін... Мұндай бір шешімнің қабылдануының негізгі себебі Госкиноның Кинематографистер Одағына қарағанда ақшасының көп болуы еді. Осылайша маман даярлаудың келесі сатысына көтерілдім. Курсқа қатысушылар арасыдағы ең талаптыларына 3 минуттық фильм түсіруге жағдай жасадым. Курсант, фильмнің сценарийін өзі жазып, өзі режиссер болумен қатар, актерлар және оператормен жұмыс жасап, музыканы да өзі шешті. Отызға таяу 3 минуттық фильмдер... Бұл дегеніміз 1 жарым сағаттық экран уақыты. Яғни, 1 ұзын метражды фильмнің қаражатын жұмсадық, алайда отызға жуық режиссердың потенциалын сынап көрдік. Олардың ішінен кейбірінің дарынды екенін байқадық. Дұл дарын кейіннен шеберлікке ұласуы мүмкін еді. Оларға жиырма минуттық фильм түсіруге жағдай жасадым. Шарттар бұрынғыша. Қателеспесем олардың ішінен тоғызы жаман емес фильмдер түсірді. Бұларды ВГИК-ке кино режиссеры білімін алу үшін жіберуге болатын еді. Яғни, осылайша ВГИК-ке бір мектеп бітірушісі емес, университет түлегін, жалпы мәдени деңгейі жоғары, фильм түсіру процесін талдай алатын және әдеби бейнелерді экранда көрсете алатын жастарды жіберуде едік. Режиссер кандидаты алғашқы кино білімін кино студиясында алуы керек. Сценаристтермен байланысқа түсе отырып, фильм түсіру алаңдары мен монтаждау бөлмелерінің ауасын жұтулары керек. Бұл өнерлік сынақтан өткеннен кейін бұдан кейінгі баспалдаққа шықтық. Осындай нәтиже шығарған едік. Бұл пікірімді КСРО Госкиносының төрағасы Филип Ермашпен бөлістім. Ол да демей көрсетіп, ВГИК-те Сергей Соловьевтың басқаруында Қазақтар үшін курстың ашылуына рұқсат берді» (Сүлейменов, 2009).

Үш минуттық қысқа метражды фильм түсірген болашақ режиссерлар ВГИК-ке Соловьевтың шеберха-насынан білім алу үшін кеткен болса, кейбір жас мамандар Қазақфильм кино студиясында жұмыс істей бастаған болатынды. Рашид Нұғманов сұхбаттарының бірінде Олжас Сүлейменовтың 1983-жылы Қазақ Госкиносынан шығып, оның орнына Қанат Саудабаевтың келгенін, Саудабаевтың Сүлейменовтың жоспарын жалғастырып, 1984-жылы ВГИК-ке жіберілгендіктерін айтып өтеді. Мұнымен қоса Нұғманов, Павел Лебешев, Анатолий Васильев және Сергей Бодров сынды Соловьевтан басқа да киногерлерден дәріс алғандықтарын айтып өтеді. Соловьевтың шәкірттері 1987-жылы дипломдық жұмыс үшін Қазақстан-ға келгендерінде сол кезеңде Қазақфильмді басқарып отырған Сламбек Таукелов пен студияның бас суретшісі Мұрат Ауезовтан демей көріп, жас режиссерлар өз фильмдерін түсіру үшін барлық мүмкіншіліктерге ие болады (Kudabayeva, 2008).

1980-жылдардың жас режиссерлары жоғарыда аты аталып өтілген Мәскеулік киногерлерден басқа Сүлейменов пен Ауезовтың шақыртуымен Қазақфильм кино студиясында жұмыс істейтін Алексей Герман және Светлана Кармалита сынды сол кезеңдегі Кеңес киносының ең маңызды адамдарынан да сабақ алды (Abikeeva, 2001b: 253-257; 2003: 36-38). Көріп отырғанымыздай 1980 жылдардың соңында Қазақ киносында пайда болған бұл феномен жоспарланған және жүйелі түрде дамыған бір жұмыстың нәтижесі. Бұл жерде Сүлейменов, Саудабаев, Ауезов және Таукеловтардың көмектері – олардың мемлекеттік қызметкерлер екенін ойымызда сақтай отырып – КСРО-ның соңғы жылдарындағы Қазақ КСР-ның мәдени саясатын да көрсетуде. Сондықтан да ЗҚК-ның жоғарыда аты аталып өтілген зиялы қауымның мемлекеттің оларға берген құзыретін дұрыс жолда пайдаланып, жасаған еңбектерінің нәтижесі ретінде 1980-жылдардың соңына таяу Қазақ зиялы өмірінің бір бөлшегі ретінде қалыптасқанын және бұл режиссерлардың тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақ киносының формасының пайда болуында маңызды роль атқарғандықтарын айтуға болады.

1. *Абикеева Г. (2001). Кино Центральной Азии: 1990-2001, – Алматы: IREX.*

2. *Абикеева Г. (2003). The Heard of the world: Films from Central Asia. Dana Zhamanbalina-Mazur & Jonathan Mazur (ауд.). – Алматы: Tengizchevroil, Kazakhfilm, SKIF, Kino Firm.*

3. *Амиркулов А. (1993). “Новая волна: Сами о себе.” Азия Кино, 1: 9.*

4. *Dönmez-Colin, Gönül (1997). “Kazakh ‘New Wave’: Post-Perestroika, Post-Soviet Union.” Central Asian Survey 16(1): 115–118.*

5. *Horton, Andrew ve Brashinsky, Michael (1992). The Zero Hour: Glasnost and Soviet Cinema in Transition. Princeton: Princeton University Press.*

6. *Jameson, Fredric (1992). The Geopolitical Aesthetic. Bloomington, Indiana: University of Indiana Press.*

7. *Кудабаева, Маржан (2008). “Рашид Нугманов: Кино без зрителя не входит в мои планы.” Лутер, 14-Тамыз. <http://www.liter.kz>*

8. *Lawton, Anna (1992). Kinoglasnost: Soviet Cinema in Our Time. Cambridge ve New York: Cambridge University Press.*

9. Ногербек Бауыржан (2007а). «Кино Казахстана: Быть или не быть?» // На экране Казахфильм. Алматы: RUAN. 297–311б.
10. Ногербек Б. (2007б). «Фильмы Олжаса Сулейменова» // На экране Казахфильм. Алматы: RUAN. 77–82б.
11. Ногербек, Бауыржан (2008). Экранно-фольклорные традиции в Казахском игровом кино. Алматы: RUAN.
12. Нугманов, Рашид (1993). «Новая волна: Сами о себе» (Novaya volna: Sami o sebe / Yeni Dalga: Kendimiz Hakkında). Азия Кино, 1: 8.
13. Suleimenov, Olzhas (1990). «We Have Come to Act.» // *The Soviet Multinational State: Readings and Documents*. Martha B. Olcott, Lubomyr Haida ve Anthony Olcott (құраст.). Нью-Йорк: M.E. Sharpe. 298–303б.
14. Сулейменов, Олжас (2009). «Сотри случайные черты.» // Литер 6-Мамыр. <http://www.liter.kz/>

#### Резюме

Успех первых фильмов молодых Казахских режиссеров в конце 1980-х годов является результатом совместной, систематической и сознательной работой казахской интеллигенции под предводительством Олжаса Сулейменова. Таким образом, можно сказать, что казахское кино, которое вступило в годы перестройки в новый период, было на самом деле частью казахстанской интеллектуальной жизни. В этом контексте, начиная с этого периода появились новые научные исследования о современном казахском кино, которые ввели некоторые проблемные аргументы о описании этих молодых режиссеров, а также об периодизации постсоветского казахского кино. В этой статье будут рассмотрены эти аргументы и различные аспекты пересмотра концепции современного казахского кино.

#### Summary

The success of the first feature films of young Kazakh directors at the end of 1980s is the result of collaborative, systematic and conscious work of the Kazakh intelligentsia and especially Olzhas Suleimenov among them. Therefore, it can be said that the Kazakh cinema which entered a new period in the years of Perestroika was actually part of the Kazakhstanian intellectual life. In this context, since Perestroika academic studies on the contemporary Kazakh cinema some problematic arguments were introduced in describing these young directors, as well as about their periodization of post-Soviet Kazakh cinema. This article will discuss these arguments and different aspects for redefining the contemporary Kazakh cinema.

### ФУНКЦИОНИРОВАНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО ЯЗЫКА В СФЕРЕ РЕКЛАМНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РК

Л.А. Бугенова – к.ф.н., доцент,  
М.Тынышпаева – КазАТК им. М.Тынышпаева

Евразийский дух казахстанского геополитического положения позволяет ему выйти на широкий простор рыночных отношений мирового цивилизованного пространства. Рыночные отношения в основном характеризуются товарооборотом, как между странами, так и внутри страны, который в свою очередь продвигается при помощи рекламы. Реклама является необходимым условием продвижения товара к покупателю, торговое предложение должно быть облачено в такую форму, которая бы увлекла и убедила потенциального покупателя в необходимости приобретения данного товара.

Реклама имеет богатую историю становления в Казахстане, от простых лозунгов, до продуманных, культурно обусловленных, безусловно, четко продуманных роликов и текстов. Социально-экономические изменения в жизни казахстанского общества, обусловили повышение внимания к рекламе. Рекламные тексты, слоганы, ролики и т.п. стали неотъемлемой частью повседневной жизни общества.

Смещение акцентов к проблеме функционирования языка в общественных сферах, а также усиление интереса к прагматической (воздействующей и, вследствие этого, регулирующей поведение) стороне языка, диктуют необходимость изучения современных рекламных текстов. В последнее время изучение рекламных текстов осуществляется лингвистическими дисциплинами, в их числе лингвостилистика, психолингвистика, теория коммуникации, функциональная стилистика, социолингвистика, риторика, теория речевых актов, семиотика и т.д.

В период с 1991 по 2007 гг. в рекламе Казахстана культурная и психо-социальная составляющая не учитывалась. Рекламный текст передавался в том виде, в котором его присылала компания-заказчик рекламы, зачастую с ошибками и неточностями. Переводчика рекламного текста на государственный

язык ставили в жесткие временные рамки (5 минут), искажали записанный на слух текст (не носитель языка). Во главу угла ставился закон о Рекламе, где четко прослеживалась необходимость публикации, реализации рекламного текста на двух языках, в том числе на государственном.

Целью нашей работы является определить уровень функционирования государственного языка в рекламных текстах Республики Казахстан. Объектом нашего исследования являются рекламные тексты различных типов, некоторые из которых были созданы на английском языке и затем переведены на казах-ский язык, в большинстве случаев посредством русского языка.

Возьмем за основу следующее определение: «рекламными называют газетные, радио- и телетексты, объединяемые комплексной коммуникативной установкой, в которой сплавляются информационная, оценочная и побуждающая функции» [Кара-Маза 2001: 166]. Однако уделяя основное внимание вербальной стороне рекламы, мы не можем рассматривать рекламу в отрыве от ее невербальной составляющей, которая во многом способствует восприятию рекламы.

В ходе анализа рекламных текстов необходимо обратить внимание на недостаточно полное отражение языковой, коммуникативной, воздействующей функций текстов на государственном языке. В связи с тем, как мы и описали выше, рекламные тексты на государственном языке основной своей массой представляют переводы с русского языка, то при переводе можно выявить следующие недостатки:

1. Оставление без внимания культурной составляющей языка рецепиента:

а) рекламный текст мобильной связи компании PATHWORD «Жума 13<sup>TH</sup> осындай дыбыс бар – Пятни-ца 13<sup>TH</sup> ест такая буква» (реализованный в 2007 году сотовым оператором PATHWORD). В данном тексте особо выделяется число 13 с английской приставкой «TH», присутствующее в английском варианте «thirtieth», и полностью отсутствующее в русском и казахском вариантах. В английской культуре данное число является числом неудачи и чего-либо сверхъестественного, а сочетание тринадцатого числа с пятницей удваивает мистический характер этого понятия с отрицательной семантикой. В русском языке можно проследить наличие данного семантического смысла, отраженное в используемых устойчивых сочетаниях речи, таких как: «чертова дюжина», «пятница тринадцатое».

В казахской языковой картине мира отсутствует такая реалья, отражающая отрицательный контекст пятницы и тринадцатого числа. Издревле казахи почитали число семь: жеті қазына – семь сокровищ, жеті ырыс – семь богатств, жеті жарғы – семь законов Тауке хана, жеті ата – семь колен между которыми нель-зя было родниться, так они считались близкими родственниками и имеет положительную коннотацию. Цифра тринадцать в сознании казаха воспринималась в качестве ступени (перехода) в завершении одного периода в жизни человека, и начала другого – «мушел жас». Мушел жас – очень важное понятие в казах-ских традициях, которое является значительным периодом в жизни человека. Так как летоисчисление – жыл кайыру традиционно производилось двенадцатилетним циклом и был удобен для определения и расчета возраста людей, то окончание 12 лет и начало нового витка в жизни человека воспринималось как время переходное, год испытаний, когда необходимо быть предельно осторожным, быть щедрым.

Религиозная культура мусульман предписывает проводить пятницу в молитве, воспринимается как день отдохновения, почитания умерших, день молитвы, день посещения мечети, духовного обогащения. Считалось, что в пятницу необходимо с утра посетить мечеть, воздать хвалу Аллаху, испечь в память умершим лепешки, т.е. духовно очищаться, поэтому пятница в сознании казаха никак не ассоциируется с мистикой, несчастьями и т.д.

Рассмотрим лексическое содержание текста. Рекламодатель счел правильным представить «Жума 13<sup>TH</sup> осындай дыбыс бар – Пятница 13<sup>TH</sup> ест такая буква» текст в котором, английский специалист пытался заострить внимание на слове PATHWORD – «путеводное слово», а в тексте, как на казахском, так и на русском языках представлено совершенно иначе: в казахском тексте представлено словом «дыбыс» – звук, а в русском были обыграны совершенно неуместные английские буквы TH и передано словом «буква», что совершенно неточно передает основной смысл слогана (рекламного текста). Текст потерял свою изначальную игру слов, превратившись в удобную форму для чтения, но никак не воздействия. Таким образом, данный пример отражает столкновение культурных концептов столь различных культур, как казахская и английская культуры. И все же проблема непереводимости или адекватной передачи, возможности передачи тонкостей культурного смысла, а так же уметь передать дух исходного языка, актуальна в наше время и тесно связанна с понятием межкультурной компетентности.

Таким образом, мы видим отсутствие необходимого влияния данного рекламного текста на реципиента-казаха. Многие опрашиваемые просто не понимали данный рекламный текст, зачастую просто не обращая на него внимания.

б) рекламный ролик компании реализующей шоколад «Sneakers» – «...Поцелуй меня в пачку. Голоден. Съешь «Sneakers» – ...Пачкамды сүй. Ашсын ба? «Sneakers» же» (2009 г). Озвученный на государственном языке текст звучит органично, однако предложение «Пачкамды сүй» ставит в тупик реципиента, рождая вопрос «О какой пачке идет речь», так как специальное платье, одеваемое балерина-ми не имеет культурной реалии в казахском языке, не имеет образа. В связи с этим в сознании реципиента возникает образ упаковочного материала и текст теряет свое значение. Переводческая компания отказывалась переводить данное предложение, однако компания-заказчик без согласия переводческой компании все же внесла это предложение в рекламный ролик, поступаясь в данном случае с воздействующей функцией языка на носителя государственного языка.

в) Реклама «Детского мира» при помощи ролика на 31 канале: «А я пойду в школу для принцесс. Мой папа – типа граф» – «Мен ханшайымдардың мектебіне барамын. Менің әкем – типа граф». В русском варианте рекламного текста обыгрывается омофоны: «типа граф» и «типограф». В казахском языке данная игра слов теряет свою остроту, так как разговорная форма «типа граф» не может быть переведена на казахский язык. В данном случае переводчику было необходимо найти культурно обусловленный эквивалент, или же полностью изменить рекламный текст.

2. При передаче на казахском языке рекламных текстов приходится сталкиваться с лакунами, отражающими специфику национальных культур. Здесь наблюдаются явления двух противоположных типов: буквальный перевод и адекватный перевод. Если в начале преобладали переводы первого типа, то в последнее время наблюдается тенденция к поиску адекватного воздействия рекламной информации на потенциального потребителя, в том числе и адаптации к его мировосприятию.

Например, реклама пива «Ең қымбат қақпаққа ІЗДЕУ салынады (сүйіншісі 100000 тенге) – объявлен РОЗЫСК самой дорогой крышки (награда 1000000 тенге)», где слово *сүйіншісі*, является культурно обусловленной реалией, используемой ранее казахами для награждения за хорошую вещь. Переводчик использовал это слово для того чтобы усилить воздействие рекламного текста на реципиента, так как у казаха данное слово вызовет положительную реакцию и ради *сүйіншісі* реципиент, в этом случае мужчина будет стремиться купить именно эту продукцию.

Так же мы можем говорить о рекламе «Көшбасшы бол! – Будь лидером!», где возрождена ставшая архаизмом реалия *көшбасшы*, которая имеет смысл «человек, которой ведет за собой кочевье, знает дорогу к новым пастбищам, глава кочевья, старейшина». Теперь же это слово используется почти во всех случаях для воспроизведения члова *лидер*.

Подобное мы наблюдаем в рекламном тексте магазина Sulpak: «Өз сыбағанан құр қалма – Не упусти свой шанс», где очень удачно использована реалия казахского языка, как «сыбаға», определенная вещь, предмет причитающийся человеку в гостях, в особых случаях.

3. В Казахстане языковое выражение рекламных текстов характеризуется главным образом функционированием казахского и русского языков, однако влияние трехязычия отражается и на рекламе. Это проявляется в появлении английских надписей: Live`s good!, PASSWORD, EXCESS, Touching tomorrow, lounge bar и т.д.

1. Рекламный лозунг магазина «Promenad» «Жаңа жылдық жеңілдіктер – Рождественские скидки» (растяжка по проспекту Абая угол улицы А.Байтурсынова). В казахской культуре существуют в наше время остаточные ценности «советской культуры», одной из них являются праздники, в том числе и Новый год, так как «новый год», новая жизнь в казахской культуре зарождалась и начиналась весной, который празднуется сейчас в общепринятое время 22 марта и имеет специфичное название «Наурыз тойы». Религиозно-культурной реалии «рождество» в казахской культуре нет, однако она отличается и у христиан и католиков. Первые празднуют рождество после празднования официального праздника Новый год, тогда как вторые празднуют этот праздник до Нового года 25 декабря и называется он «Мету Х-mass». Переводчик в этом случае сознательно элиминирует культурную лакуну «рождество», для достижения прагматической цели текста, воздействие на реципиента.

2. Используются (наследие советской культуры) пословица «Храни честь с молодуду». «Өз Зухелінді сакта – Храни свой Зухел с молодуду»

3. А также используемую в рубричной рекламе фразу при продаже или безвозмездной передаче животных (котят, собак и др.) «Тек жақсы қолға береміз – Отдадим в хорошие руки».

Интерпретация рекламного материала и описание тех выразительных средств, которые используются в текстах влияния, требует обращения к терминам “массовое сознание”, “обыденное сознание” и отдельную тему для рассмотрения данной проблемы. Необходимость интерпретации

рекламного материала обусловлена тем, что рекламный текст призван воздействовать на всю аудиторию, а значит, должен использовать вербальные и невербальные средства, апеллирующие к структурам сознания, являющимся общими для людей, живущих в данном культурном социуме. Реклама использует ценности в качестве культурных ориентиров, с которыми определённым образом соотносят рекламируемый товар. Символы, обладающие традиционно признанными в данном обществе значениями, помогают реализовать прагма-гический потенциал рекламного сообщения.

Рекламный текст являясь одним из средств воздействия на человека, также является предметом непря-мой коммуникации, то есть как воздействующий на уровне воспроизведенного письменно коммуникатив-ного текста. Воздействие рекламного текста может быть нарушено из-за «шумов» и других факторов – неприятие культурных реалий задействованных в рекламе. Под «шумом» зачастую подразумеваются физические, внутренние и ментальные преграды; где физические: плохое зрение, нарушение слуха, искажение рисунка; внутренние – плохое самочувствие, отсутствие интереса; ментальные – предрассудки и предубеждения.

Рекламный текст как и любые другие типы текстов по всей видимости, будут еще долго предметом исследования лингвистов и переводчиков, специалистов по межкультурному общению. Чтобы избежать ошибок при переводе текстов подобного типа, следует, вероятно, выработать как общие рекомендации, так и рекомендации частного характера, связанные с конкретными языками.

1. Тарасов Е.Ф. *К построению теории межкультурного общения // Языковое сознание: формирование и функционирование.* – М., 2000.

2. Кара-Мурза Е.С. *“Дивный новый мир” российской рекламы: социокультурные, стилистические и культурно-речевые аспекты // Словарь и культура русской речи.* – М., 2001.

3. Пименова М.В. *Семиотика ментальных концептов // Семиотические проблемы лингвистики.* – Кемерово, 1998.